В контексте глобальной тенденции наступления века конкуренции конструктивных идей, высоких технологий, наукоемкости ВВП проблема инновационного развития Республики Казахстан стала центральной доминантой в понимании целей и способов реформирования экономики, образования и науки. «Казахстан является одним из наиболее динамично развивающихся государств, строящим реальное экономическое пространство. [3]

Перед народом стоит задача - прорыв Казахстана в число 30 наиболее конкурентоспособных стран мира. Поэтому вырабатывается в республике целостная политика в управлении научно-исследовательскими и опытно-конструкторскими разработками и формирование сильной Национальной инновационной системы с

эффективными механизмами взаимодействия государства, бизнеса, науки и образования, что рассматривается как один из ключевых приоритетов всей стратегии развития страны. Роль образования на современном этапе развития Казахстана определяется задачами ее перехода к демократическому и правовому государству, к рыночной экономике, необходимостью преодоления опасности отставания страны от мировых тенденций экономического и общественного развития.

Президент Казахстана Нурсултан Назарбаев внес предложение о проведении глубоких реформ в системе образования в рамках национальной кампании по вхождению в число тридцати самых конкурентоспособных стран в мире. «Почти все преуспевающие современные государства, которые активно интегрировали в международную экономическую систему, сделали ставку на «умную экономику». А для ее создания нам, прежде всего, следует развивать свой собственный человеческий капитал», - заявил Назарбаев в Послании народу Казахстана. В частности, Назарбаев указал на потребность в современных методиках образования - включая интерактивное обучение и образовательное телевидение - для обеспечения Казахстана кадровыми ресурсами, способными развивать «основанную на инновациях» экономику.

«Главным критерием успеха образовательной реформы является достижение такого уровня, когда любой гражданин нашей страны, получив образование и квалификацию, сможет стать востребованным специалистом в любой стране мира», - сказал Н.А. Назарбаев. Для этого необходима модернизация образования в Казахстане. [ 3]

Итак, модернизация среднего образования в республике ведется по ряду направлений. Во-первых, это трансляция опыта Назарбаев Интеллектуальных школ. На этой основе министерство приступило к коренному совершенствованию качественного состава педагогов. Успешно проходит принципиально новое повышение квалификации педагогов. Кромеэтого, предусмотрено повышение квалификации педагогов новой формации в рамках международной стипендии «Болашак». Успешно стартовал и внедрился проект электронного обучения - E-learning.

Образование в Казахстане начинает занимать ключевые позиции в экономическом развитии. Приобретение новых знаний, информации, умений, навыков, утверждение ориентации на их обновление и развитие становятся фундаментальными характеристиками работников в современной экономике. Новый тип экономического развития, утверждающийся в обществе, вызывает необходимость для работников несколько раз в течение жизни менять профессию, постоянно повышать свою квалификацию. Сфера образования существенно пересекается в обществе с экономической сферой жизни общества, а образовательная деятельность становится важнейшей компонентой его экономического развития. Неформальное образование имеет целью компенсировать недостатки и противоречия традиционной школьной системы и часто удовлетворяет насущные образовательные потребности, которые не в состоянии удовлетворить формальное образование. Как отмечается в докладе Юнеско "Учиться быть", образование не должно больше ограничиваться стенами школы. Все существующие учреждения, независимо от того, предназначены они для обучения или нет, должны использоваться в образовательных целях.[15]

Переход от концепции функциональной подготовки к концепции развития личности. Суть этого перехода заключается не только в смене приоритетов: от государственного заказа на подготовку специалистов к удовлетворению потребностей личности. Новая концепция предусматривает индивидуализированный характер образования, который позволяет учитывать возможности каждого конкретного человека и способствовать его самореализации и развитию. Это станет осуществимым посредством разработки разных образовательных программ в соответствии с разными индивидуальными возможностями как учащихся, так и преподавателей.

Важным фактором в этом направлении развития образования является формирование у учащихся умений учиться, умений самостоятельной когнитивной деятельности с

использованием современных и перспективных средств информационных технологий.[4]

Приоритетными направлениями преобразований в системе среднего образования в РК должны быть: повышение качества образования, мотивация педагогов, содержание образования, организационная структура образовательного процесса (формы и методы организации, системы оценки успеваемости, способы взаимодействия обучающихся и обучаемых). Потребности в отношении развития образования обусловлены внешними и внутренними факторами. Внешние факторы продиктованы необходимостью адекватного вписывания образования в мировой контекст (социальный, экономический, культурный) и связаны с необходимостью соответствовать общим тенденциям цивилизационного развития, а также требованиям мирового рынка труда и образовательного пространства. Внутренние факторы обусловлены особенностями развития конкретного общества. Они формируют социальную потребность в подготовке специалистов определенных профессий и воспитании человека определенного типа.

Общеобразовательная школа является важнейшим социальным институтом, отражающим состояние и тенденции развития общества, влияющим на само общество. Изменения, происходящие в обществе в условиях его социокультурной трансформации, задают направления изменений школьного процесса обучения. В последние десятилетия в школе, как и во всем обществе, происходят серьезные социокультурные преобразования, касающиеся целей и содержания образования, воспитательной работы, организации школьной жизни и условий воспитательного влияния на подрастающее поколение.

Необходимы перемены в сфере образования, которые проявляются в следующем: в направленности школьного образования на «опережающую подготовку»; в установке на непрерывное образование; в переходе от ориентации на получение «готового знания» к развитию самостоятельной активности личности учащегося; в обеспечении свободного доступа к необходимой информации. Принципиально меняется роль школы в структуре общественной жизни современного мира; становление общества открытого типа, в котором одной из важнейших задач современной общеобразовательной школы является создание культурно-образовательного пространства, способствующего формированию нового менталитета молодого человека, готового к сотрудничеству, к трудовой деятельности, обладающего чувством ответственности за судьбу страны, за ее экономическое процветание; информатизация всех сторон жизни общества, оказывающая влияние на информатизацию образовательного процесса, применение новых информационных технологий, определяющих школу «завтрашнего дня», школу, которая должна давать не только информацию, но и способы работы с ней.

#### **Список использованных источников:**

1. Алижанова Х. А. Ученые записки университета имени П.Ф. Лесгафта №10 (80) 2011, 01 ноября 2011 С. 20-23
2. Колесов В. Двухступенчатое высшее образование: 15 аргументов «за» // Высшее образование в России. №3.- М., 2006, 260 с.
3. Резолюция Второго Инновационного Конгресса Республики Казахстан «Инновационное развитие – стратегический курс». 16-17 ноября 2005 г. Алматы. Казахстан: наука в поисках финансов. // "Эксперт-Казахстан", №6 (62), 13.02.2006
4. А.В. Соловов Введение в проблематику (*Аналитический обзор состояния ДО в мире*), Самара 1999
5. Руководство для учителя. Первый (продвинутый) уровень. Стр.101
6. Гершунский Б.С. Философия образования для XXI века // В поисках практико-ориентированных образовательных концепций. - М.: Изд-во «Совершенство», 1998. - 187 с.
7. КОНЦЕПЦИЯ непрерывного педагогического образования педагогической формации Республики Казахстан, Астана, 2005
8. Пинский А.А. Образование свободы и несвобода в образовании. - М.: Наука, 2001. - 201 с.
9. Эффективное управление школой в современных условиях: Учебно-методическое



пособие. / Под ред. А.П. Тряпицыной. - СПб.: КАРО, 2006. - 272 с.

10. Руководство для учителя. Первый (продвинутый уровень). Стр.101

11. Руководство для учителя. Первый (продвинутый уровень). Стр.103

УДК 574/577

## **AGRIMONIA L. ТУЫСЫ ДӘРІЛІК ӨСІМДІГІНІҢ БИОЛОГИЯЛЫҚ МАҢЫЗЫ**

**Өмірзақ Сандугаш Сериковна**

karakat\_84@mail.ru

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті Жаратылыстану  
факультетінің 4-курс студенті  
Түркістан қ., Қазақстан.

**Ғылыми жетекшісі - Салыбекова Нурдана Нуртаевна**

Дәрілік өсімдіктер (лат. *Plantae medicinalis*), шипалы өсімдіктер – медицинада және мал дәрігерлігінде емдеу және аурудың алу мақсатында қолданылатын өсімдіктер. Дәрілік өсімдіктердің емдік қасиеті олардың құрамында стероид, тритерпен, алкалоид пен гликозидтердің, витаминдердің, эфир майлары мен тұтқыр заттар сияқты түрлі химиялық қосылыстардың болуына байланысты. Қазақстанда өсетін алты мыңнан астам өсімдік түрінің бес жүздей түрі дәрілік өсімдіктерге жатады [1].

Қазақстанда пайдалы өсімдіктер түрлерінің санын есептеу бойынша жүйелі зерттеулер жүргізілуде. Фармакопепялық маңызы бар, эфир майлары бар дәрілік өсімдіктердің құрамы анықталып, олардың ареалы құрылып, этноботаникалық зерттеулер жүргізілуде. Бұл зерттеулер дәстүрлі медицинада пайдаланылатын өсімдіктердің түрлерін, олардың қасиеттері мен пайдалану мүмкіндіктерін анықтайды [2].

Әдебиеттік мәліметтерді сараптай келе *Agrimonia L.* туысына жататын түрлердің фармакологиялық, морфологиялық ерекшеліктерін зерттеуге арналған жұмыстардың аздығы байқалды.

Дәрілік шикізат алуда *Agrimonia L.* туысы дәрілік түрлерінің маңызы өте зор. *Agrimonia L.* (ошаған) - раушан гүлділер тұқымдасына жататын көпжылдық өсімдіктер, жалпы 7 түрі, Қазақстанда 2 түрі кездеседі: *Agrimonia asiatica* Juz. (Азия ошағаны), *Agrimonia pilosa* Ldb. (түкті ошаған). Көбінесе тау беткейлерінде, су жағасында, жол жиегінде, бақтарда, ормандардың арасында өседі. [3].

Ошағанның тамыры емдік мақсатта қолдануға күз айларының аяғына қарай жиналады. Бір жылдық өскіндердің ғана тамырларын жинау керек. Жинау кезінде тек топырағынан ғана сілку арқылы тазартылады яғни жумау керек. Кебіңкіреген топырақ қалдықтарын сол алғашқы күні ақ щетка мен тазаланады.

Халық медицинада кеңінен қолданылады. Бауыр, бүйрек, өт қалтасы, асқазан, ішек ауруларын және геморрой, ревматизм ауруларын емдеу үшін, ауыз уылғанда оны шаю үшін қолданылады. Ошағанды теріні өңдеу үшін де қолданады. Өсімдік тұнбасы жүнді сары түске бояйды. Кәдімгі ошағанның бал беру өнімі 96 кг/га құрайды. Ошаған шайын ерте кезден бері әншілер мен ораторлар тыныс жолдарының қабынуларын емдеу үшін пайдаланған.

Ошаған тамырының тұнбалары мен қайнатпалары гастриттерді, асқазан мен ұлтабар жараларын, іріңдерді, сыздауықтарды емдеуге қолданылады. Қан құрамын жақсартуға үлкен көмегі бар. Қуық және жыныс мүшелерінде болатын түрлі кеселдерге ошаған қайнатпасының пайдасы бар. Сондай ақ подаграны, жиі іш қатқан жағдайларда және қант диабетін емдеуге қолданылады.

Халық емшілері малдың асқазан – ішек, өт жолдары мен бауырының қабынуына қарсы қолданған. Ошағанның тұнбасын балмен араластырып бауыры, өті ауыратын малға ішкізсе, олар тез оңалады, азыққа тәбеті артады. Аузы уылған кезде ошағанның тұнбасымен шайса, тез жазылады [4].

*Agrimonia eupatoria* (кәдімгі ошаған) жерүсті бөлімдерінде флавоноидтар, илік заттар, эфир майы, глюкозидтері, минералды тұздар, алкалоидтар мен витаминдер бар [5-6]. Бұл өсімдік Европа мен Солтүстік Американың фармокопеясына кіреді [7].

Ресейде биологиялық белсенді қоспа ретінде халық медицинасында қолданылады (*Государственный реестр лекарственных средств, 2013*). Заманауи зерттеу әдістері кәдімгі ошағанды медицинада өт айдағыш, антиоксидантты, суыққа қарсы, несеп айдағыш, гепатопротекторлы, ангиопротекторлы, тырыспа жоюшы белсенділігі бар сонымен қатар ісікке қарсы экстракт екенін көрсетті [8-11].

*Agrimonia pilosa* да медицинада қызығушылық тудыруда. Жерүсті бөлімдері ауырсынуды басатын, суыққа қарсы, жүрек әлдендіргіш, ісікке қарсы иммунитетті қалыптастырушы зат ретінде қолдануға болады. Сонымен қатар, қандағы қант мөлшерін төмендету үшін фитоэстроген көзі ретінде пайдалануға тиімді [12-14].

Кәдімгі ошаған (*A. eupatoria*) мен түкті ошаған (*A. pilosa*) – көпжылдық шөптесін өсімдік. Гомогенді қысқа тамыр сабағы өмір сүру циклінің үшінші жылында тармақталады. Тамыр сабақтағы түйін аралығы қысқа, жылдық өскіндері бірнеше мезгілге дейін сақталады.

*Agrimonia pilosa* Ldb. антиоксидантты және ацетилхолинэстераза қызметін тежейтін, обырға, қабынуға қарсы қолданылатын дәрілік өсімдік. Кейбір химиялық зерттеулер *Agrimonia pilosa* Ldb. өсімдігінің құрамында агримонин, катехин, кверцетин және рутин сияқты фенолды қосылыстар бар екенін көрсетті. *Agrimonia pilosa* Ldb. әйелдердің климакстық кезеңіндегі эстроген жетіспеушілігін емдеу үшін пайдаланылады [15].

*Agrimonia asiatica* Juz. құрамынан микробиологиялық қасиеті жоғары илік заттар, флавоноидтар анықталған. Тұтқыр қасиеті бар ойық жаралардың тез жазылуына ықпал ететін, өт айдайтын, зәр айдайтын және капиллярлардың жұмысын нығайтатын қасиеті бар фенол қышқылдары бар екендігі расталды. Өсімдіктегі көмірсулар иммунитетті көтеруге әсерін тигізеді [16].

Дәрілік шикізат ретінде *Agrimonia* L. туысы дәрілік түрлерінің маңыздылығы өте жоғары екендігі көрсетілді. Қазіргі таңда дәрілік өсімдіктерді пайдаланудың эстетикалық, экологиялық, медициналық мәні өте жоғары. Өлкемізде әлі де зерттелмеген дәрілік өсімдіктер жетерлік. Өңірімізде дәрілік өсімдіктерді жинап, құрамына қарай дәрі - дәрімектік қасиетін дәріштей алсақ, оны жергілікті халық пайдаланар еді. Көбінесе арамшөп ретінде ғана танитын өсімдіктердің медициналық құндылығын анықтаудың өмірлік мәні жоғары.

### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Грудзинская Л.М., Гемеджиева Н.Г. Список лекарственных растений Казахстана (Справочное издание) - Алматы, 2012. -139с.
2. Байтулин И.О. Тенденции развития в мире ботанической науки, ее состояние и перспективы развития в Казахстане //Ботанические исследования в Казахском Алтае. Сборник материалов Международной конференции, посвященной 70-летию Алтайского ботанического сада и 70-летию Котухова Ю.А. - Алматы, 2005. - С.6-7
3. Флора Казахстана. 8 том. 242-243 с.
4. Завражнов В.И., Китаев Р.И., Хмелев К.Ф. Лекарственные растения (лечебное и профилактическое использование). - Воронеж: Изд-во Воронеж, унта, 1994. - 479 с.
5. Carr A., Cassidy C., Cohen E. Rodale's illustrated encyclopedia of herbs. Emmaus, Pennsylvania, 1987. 545 p.
6. Дрозд Г.А., Явлинская С.Ф., Иноземцева Т.И. Фитохимические исследования *Agrimonia eupatoria* // Химия природных соединений. 1983. № 1. С. 106.
7. Duke J. A. Handbook of medicinal herbs. CRC Press, Inc. Boca Raton, Florida, 1986. 677 p. European pharmacopoeia / Publ. under the dir. of the Conucil of Europe (partial agreement) in accordance with the Convention on the elaboration of a Europ. pharmacopoeia. — Saint-Rulfi ne: Maisonneuve, 1980. (Europ. treaty ser. № 50). 478 p.
8. Куркина А.В. Методика количественного определения суммы флавоноидов в траве репешка аптечного // Хим.-фарм. журн. 2010. Т. 44. № 12. С. 88–91.

9. Ghaima K.K. Antibacterial and Wound Healing Activity of Some *Agrimonia eupatoria* Extracts // Baghdad Sci. J. 1. 2013. Vol. 10. N 1. P. 115–121.
10. Ivanova D., Tasinov O., Vankova D., Kiselova-Kaneva Y. Antioxidative potential of *Agrimonia eupatoria* L. // Sci. Technol. 2011. Vol. 1. N 1. P. 20–24.
11. Copland A., Nahar L., Tomlinson C.T., Hamilton V. et al. Antibacterial and free radical scavenging activity of the seeds of *Agrimonia eupatoria* // Fitoterapia. 2003. Vol. 74. N 1–2. P. 133–135.
12. Miyamoto K., Kishi N., Koshiura R. Antitumor effect of agrimoniin, a tannin of *Agrimonia pilosa* Ledeb., on transplantable rodent tumors // The Japanese J. Pharmacol. 1987. Vol. 43. N 2. P. 187–195.
13. Jung C.H., Kim J.H., Park S., Kweon D.H. et al. Inhibitory effect of *Agrimonia pilosa* Ledeb. on inflammation by suppression of iNOS and ROS production // Immunol Invest. 2010. Vol. 39. N 2. P. 159–170.
14. Young Min Lee, Jung Bong Kim, Ji Hyun Bae, Jong Suk Lee et al. Estrogen-like activity of aqueous extract from *Agrimonia pilosa* Ledeb. in MCF-7 cells // BMC Complementary and Alternative Medicine. 2012. Vol. 12. 8 p. From <http://www.biomedcentral.com/1472-6882/12/260>
15. Lee YM, Kim JB, Bae JH, Lee JS, Kim PS, Jang HH, Kim HR. Estrogen-like activity of aqueous extract from *Agrimonia pilosa* Ledeb. in MCF-7 cells. BMC Complement Altern Med. 2012 Dec 21; 12:260. doi: 10.1186/1472-6882-12-260.
16. Калиева А.Н. Биолог мамандарын дайындауда *Agrimonia* L. туысы дәрілік түрлерінің биологиялық ерекшеліктерін білім беру жүйесінде пайдалану. фил. докт. дисс. ... 6D011300. Алматы, 2015.

## **КОГНИТИВТІК ЗЕРТТЕУЛЕРДЕГІ ТЕРМИННІҢ ТАНЫМДЫҚ СИПАТЫ**

**Өмірзақ Марал Айдарқызы**  
*maral.aidarkyzy@gmail.com*

С. Бәйішев атындағы Ақтөбе университеті,  
Ақтөбе, Қазақстан

Тіл білімінің арнаулы салаларының қайсысын алсақ та, сол салалардың әрқайсысының өзіне тән ұғымдар жүйесі болады. Арнаулы ұғымдардың атаулары, ұғымдар жүйесі мен терминдері арнайы зерттеуді қажет етеді. Сонымен қатар, аударматану саласындағы терминологиялық жүйенің тілдік, лексикалық ерекшеліктерін айқындау, аталған терминологиялық жүйе шеңберіндегі ұғымдар жүйесі мен сипаты сияқты тілдік фактілерге талдау жасау бүгінгі күннің кезек күттірмейтін өзекті мәселелері болып табылады.

Өз кезегінде сөз аударманың ең кіші тілдік бірлігі ретінде аударма мәтнінде жалпы қолданыстағы сөз бен терминдік бірлік негізінде көрініс табады. Жалпы қолданыстағы сөздің аудару жолдары мен түрлері ғылыми әдебиеттерде кеңінен қарастырылған және аса қиындық тудырмайтын мәселелердің қатарына жатқызылады. Осы ретте терминдік бірліктерді аудару мәселесі арнайы зерттеуді қажет етеді. Терминдер ғылыми-техникалық, іскерлік, қоғамдық-саяси т.б. мәтін материалдарының негізін құрап, аударманың ақпараттық түрін белгілейді.

Ғалым М.Малбақов терминге «Термин – білімнің белгілі бір саласының ұғымдық тезаурасында белгіленген орны мен осы тезаурыстың орынның сипаттамасы ретіндегі дефинициясы бар лексикалық бірлік болып саналады» деген», - анықтама береді [1, б. 128]. Терминге «Тіл білімі сөздігінде» мынадай анықтама берілген: «Термин арнайы ұғымдарды, түсініктер жиынтығын, дәл беру нақты белгілеу үшін жасалған арнайы сөздер мен сөз тіркестері. Термин ерекшеліктеріне мыналар жатады: жүйелілік, дефинициясының болуы,

бірмәғыналық бағыты, мәнерліліктің болмауы, стильдік бейтараптық» [2, б. 380]. Келтірілген екі анықтамада да терминнің негізгі белгілерінің бірі – дефинициясының болуы. Осы орайда қазақ терминдерінің барлығы дерлік лексикографиялық еңбектерде тіркеліп, дефинициясы қалыптасты деуге болмайды. Бұл қазіргі қазақ ғылымының қай саласының болмасын өзекті де күрделі мәселесінің бірі болып табылады.

Сондықтан ең алдымен терминдердің негізгі тілдік белгілеріне тоқталған жөн деп санаймыз. Олардың басты белгілері: дәлдік, қысқалық, жүйелілік.

Термин ғылыми ұғымның атауы болып, сол ұғымды дәл және нақты білдіруге тиіс. Сол себепті де тиісті ұғымның белгілері дәл іріктеліп, дұрыс саралануды қажет етеді. Қысқалық та терминдерге қойылатын негізгі талаптардың бірі. Қысқа әрі ыңғайлы, тұжырымды келетін терминнің практикалық мәні ерекше болып, есте сақталуы үшін де, сөздіктерде берілуі мен тілдік үнемдеу заңына сәйкес келуі үшін де оның маңызы зор. Ал терминдерге қатысты жүйелілік мәселесіне байланысты Ө.Айтбайұлы: «...жүйелілік талабы термин құрайтын элементтер мен белгілерді іріктей білу жүйесіне тікелей байланысты. Іріктеу сәтінде ол белгілердің біртектестігіне қатты көңіл бөлумен қатар, терминдер жүйесінің дұрыстығы белгілі жүйе бойынша белгілерді іріктеуге ғана емес, сонымен бірге сол белгілердің қай түрде болатынына да байланысты екенін ескеру қажет. ... терминология жүйелілігі термин элементтерінің тіркесімділігіне басқаша айтқанда, олардың орналасу тәртібіне де қатысты болады», - деп тұжырымдайды [3, б. 16].

Бұл мәселенің жалпы тілтанымда ғылыми негізделуі әлі де арнайы зерттеуді қажет ететіні белгілі. Мәселен ғалым В.П.Даниленко оның жіктемелік мәніне баса назар аударып, сол тұрғыдан түсіндіруге талпыныс жасайды [4, б. 68]. Әйгілі тілші Р.А.Будагов терминдер жүйесін екі түрлі бағытта қарастырады. Бір жағынан терминологияның элементі ретінде екінші жағынан жалпы тіл жүйесінің элементі есебінде қабылдайды [5, б. 33]. Терминологиядағы жүйелілік мәселесі ғалым Ш.Құрманбайұлы еңбегінде жан-жақты талданып, «Терминологиядағы жүйесіздік – жүйелілікке негізделген термин жасай алмаудан, ұлт тілінің мүмкіндігін дұрыс пайдаланбаудан, терминологиялық жұмыстарды кәсіби деңгейде жүргізе білмеуден туындайтын жайт» екендігі дәлелденеді [6, б. 19].

Ғалымның көрсетуі бойынша: «Әр саланың ұғымдарының өзара байланысы, иерархиясы, сатылық, түрлі қарым-қатынасы ұғымдық, логикалық тұрғыдан қалай жүйелі болса, тілдік тұрғыдан да сол ұғымдардың жүйесін көрсететіндей етіп таңбалау қажет болады. Сондықтан да тілдік бірліктер терминдердің ұғымдар жүйесінің ерекшелігін көрсетіп бере алатындай сөзжасамдық жүйелілікке негізделіп жасалып, соның негізінде терминологиядағы жүйелілікке қол жеткізу көзделеді. Терминологиядағы жүйелілік ұғымдар жүйесінің аралық байланысын тілдік бірліктер атау сөздер арқылы да жүйелеп беру болып табылады» [6, б. 15-16].

Шынында да, қазіргі таңда көптеген ғалымдардың пікірі бойынша жалпы қолданыстық лексика мен терминдік лексиканың басты айырмашылығы кейінгісінің жүйелілік тұрғыдан ұйымдастырылуында болып отырады. Арнаулы ұғымды білдіретін термин белгілі бір терминологиялық жүйеде нақты орны бар, сол жүйенің мүшесі болған соң ғана, сол жүйеге сәйкес мағынаға ие бола алады. Терминнің ақпараттылық қасиеті де осыдан туындайды. Бұл жөнінде қазақ терминологиясының жүйелілік мәселесін арнайы сөз еткен ғалым Ш.Құрманбайұлының пікірі назар аударарлық. Ол: «Жүйелеген салалық терминологияны қалыптастыруда сол саланың терминдерін белгілі бір сөз тудырушы морфемаларды немесе терминдік элементтерді пайдалана отырып жасау тәжірибесі бар. Бізде де кейбір арнаулы сала терминдерін жасауда соңғы жылдары біршама өнімді жұмсалып жүрген жұрнақтардың бар екенін аңғаруға болады. Мәселен, іс жүргізу саласында *-ма/-ме, -ба/-бе, -на/-не: анықтама, хаттама, баяндама, мінездеме, көшірме, баянжазба* т.б. Тіл білімінің фонетика саласында *-м, -ым/-ім: айтылым, алмасым, естілім, жасалым, екішелім, жалғаным, қатынасым* т.б. Синтаксис саласында кезінде А.Байтұрсынұлы жасап, тілімізге енгізіп кеткен *бастауыш, баяндауыш, анықтауыш, толықтауыш, пысықтауыш* терминдерін туғызған *-уыш, -уіш (-ыш/-іш)* жұрнағы бар екені белгілі. Әскери іс саласында *-уыл, -уіл, -*

ауыл/-еуіл үлгісімен жасалған *шабуыл, айдауыл, ереуіл, жасауыл* сияқты көне атаулар қолданысқа ене бастады. Мұндағы бір айта кететін жайт: соңғы үлгімен жасалған атаулар кейде дайын қалпында қолданысқа ене бастағанымен, терминжасамда бұл үлгі алдыңғы жұрнақтар сияқты жаңа терминдер тудыруда пайдаланылмай келеді», - деп көрсетеді [б, б. 127-128].

Терминдердің арнаулы функционалды стильдің ерекше компоненті болуы терминологияның стильдік бейтараптылығын анықтайды (термин ешбір эмоционалдық реңкті білдірмегені дұрыс). Осымен байланысты терминнің жалпы әдеби тілдің аталымдық бірліктерімен арақатынасы айқындалады (терминдену процестері, бейтерминдену, жалпы қолданыстағы көпмағыналы сөздермен қатынасы). Терминологияның жүйелі параметрлерінің негізгі критерийлерін терминнің тілдің стилистикалық құрылымындағы орны, этимологиясының, грамматикалық құрылымы мен сөзжасамдық парадигма ерекшеліктері, лексика-семантикалық топтар мен категориялардың байланысы сияқты құбылыстар анықтайды.

Жүйелілік танытатын терминологияның тілдің стилистикалық құрылымындағы орны әдеби функционалды стильдер шеңберіндегі жалпы тілдік қордың жалпы қолданыстағы лексика мен кәсіби лексика бөлігі ортасында болып келеді.

Жүйелі терминдердің жалпықолданыстық кәсіби лексикалық атаулардан ең маңызды, басты өзгешелігі бейэмоционалдылығы. Терминде эмоционалдық реңк (семема) пайда болған жағдайда ол терминологиялық жүйеден тыс қалып, пассив, жалпы тілдік қордан немесе кодификацияланбаған кәсіби сөйлеу жүйесінен орын алады. Сондықтан да неологиялық терминжасам сипатын айқындауда кез келген жаңа инновацияның термин бола бермейтіндігіне жете мән беру қажет.

Тіл білімінің арнаулы салаларының қайсысын алсақ та, сол салалардың әрқайсысының өзіне тән ұғымдар жүйесі, терминологиялық аппараты болады. Ондай арнаулы ұғымдардың атаулары, ұғымдар жүйесі мен терминдері арнайы зерттеуді қажет етеді. Сонымен қатар, аударматану саласындағы терминологиялық жүйенің тілдік, соның ішінде, лексикалық ерекшеліктерін айқындау, аталған терминологиялық жүйе шеңберіндегі ұғымдар жүйесі мен сипаты сияқты тілдік фактілерге талдау жасау бүгінгі күннің кезек күттірмейтін өзекті мәселелері болып табылады.

Терминдердің концептуалдық құрылымын анықтауда ұғым мен мазмұн мәселесінің маңызы зор. Себебі **терминнің концептуалды құрылымы** дегеніміз – белгілі бір ұғымдық сала иелерінің коммуникативтік байланысын қамтамасыз ететін референциялардың инвариантты жүйесі, оны концептуалды құрылымды тіл жүйелері мен арнайы ұғымдар арасын байланыстыратын негізгі буын деп қарастыруға болады.

Концептуалдық құрылымның жұмсалымдық негізі терминнің когнитивтік-семантикалық ерекшелігін айқындауға, лингвистикалық логикалық (білім) бірлігін көрсетуге бағытталады.

Терминологиялық жүйелердің концептуалдық құрылымын айқындаудың практикалық маңызы арнайы ұғымдар жүйесі мен тұрақты тілдік тәсілдер байланысының экспликациялануында болып табылады.

### Пайдаланылған әдебиеттер

1. Малбақов, М. Бір тілді түсіндірме сөздіктің құрылымдық негіздері. [Мәтін]: / Малбақов М. – Алматы. 2002 ж. – 128 б.
2. Сулейменова Э., Мадиева Г., Шаймерденова Н., Авакова Р., Шаяхметова Н. и др. Словарь по языкознанию [Текст]: / Тіл білімі сөздігі. Под редакцией Э.Д.Сулейменовой. – Алматы, 1998 ж. – 380 б.
3. Айтбайұлы, Ө. Қазақ сөзі (Қазақ терминологиясының негіздері). [Мәтін]: / Айтбайұлы Ө. – Алматы: Рауан, 1997 ж. – 16 б.
4. Даниленко, В.П. Как создаются термины [Текст]: / Русская речь. 1967, №2. 68 с.
5. Будагов, Р.А. Введение в науку о языке. [Текст]: / Будагов Р.А. – М., 1965 ж. - 33 б.

6. Құрманбайұлы, Ш. Терминқор қалыптастыру көздері мен терминжасам тәсілдері (Барлық сала мамандарына арналған әдістемелік құрал). [Мәтін] Құрманбайұлы Ш. // «Сөздік-словарь». – Алматы. - 2005 ж. 15-19 б., 120-128 б

УДК 669.054.669.713

## ИССЛЕДОВАНИЕ ЖЕЛЕЗО- И ГЛИНОЗЕМНАЯ ПРОДУКТИВНОСТЬ ТРИАСОВОЙ КОРЫ ВЫВЕТРИВНИЯ ЮГО-ЗАПАДНОГО ДАРВАЗА

<sup>1</sup>Алишери З., <sup>2</sup>Б. Мирзоев, <sup>3</sup>Х.К. Мухаббатов, <sup>4</sup>Бахтовари М.  
[mhq71@mail.ru](mailto:mhq71@mail.ru),

(1,3,4,5 -Таджикский государственный педагогический университет имени С. Айни, 2- Филиал Московского государственного университета имени М.В. Ломоносова в г. Душанбе)

Приведено описание наиболее полного и представительного разреза коры выветривания на границе триаса и юры Дарваз-Заалайской зоны Северного Памира. Дана литологическая и вещественно-петрографическая характеристика Джурдаринской свиты. В минералогическом плане оценена продуктивность коры выветривания на железные руды и глиноземное сырье. [1]

Вулканогенно-обломочные и эффузивные образования верхнего триаса Дарваз-Заалайской геотектонической зоны характеризуются сильной латеральной изменчивостью, и в частности, крайне неравномерной угленосностью в пространстве, что в свое время затрудняло их отделение от перекрывающих угленосных отложений юры. Как сейчас установлено, верхняя граница зюрюзаминской свиты практически повсеместно сопряжена с корой выветривания, образованной на вулканогенном субстрате, что в стратиграфическом плане является важным реперным горизонтом. Это, а также известная и прогнозируемая продуктивность этих отложений обусловило выделение коры выветривания как самостоятельной стратиграфической единицы в ранге свиты. Наиболее представительные разрезы этой свиты – джурдаринской (по названию местности стратотипа), находятся в районе Миёнаду. [2]

Андезито-базальты, являющиеся субстратом коры выветривания мощностью 46 м, в кровле подвержены заметным изменениям. За счет выщелачивания и растворения эти породы становятся пористыми и кавернозными, отмечается кальцитизация, резко увеличивается общая железистость. В составе тяжелой фракции явно преобладают окисленные минералы железа.

По минеральному составу глинистые продукты являются существенно каолинитовыми, что подтверждается как результатами термических и рентгеноструктурных исследований, так и пересчетом данных химического анализа.

Исследование минерального состава обломочной примеси показывает, что в продуктах выветривания закономерно уменьшается содержание кварцевого компонента и происходит постепенное сокращение тяжелой фракции. Наиболее устойчивыми в коре выветривания являются циркон, апатит, биотит, хромшпинелиды, турмалин, эпидот. В числе новообразованных минералов тяжелой фракции можно назвать прежде, всего титаносодержащие минералы (лейкосен, рутил, анатаз), а также пирит.

По значениям кремниевого модуля (наивысшее число 0,83) описываемые продукты должны быть отнесены к сиаллитовым глинам, а с учетом повышенного содержания железа – к железистым сиаллитам.

По данным спектрального анализа в железистых стяжениях повышается, в сравнении с вмещающими глинами, содержание марганца, кобальта, ванадия, хрома, молибдена, а также серебра.

Суммарное содержание железа в ряде случаев достигает 40 и более процентов, что позволяет рассматривать данную кору выветривания в качестве потенциально продуктивной

на железные руды (Новиков, 1990). Более представительными в этом отношении, правда, являются соседние разрезы по рекам Иохнакдара, Пахма и др., где общая мощность глинисто-железистых продуктов выветривания возрастает до 20 – 30 м. В их составе, помимо гетит-гидрогетитовых образований, появляется еще, по меньшей мере, два типа железных руд: пластовые сидеритовые и гетит-шамозитовые с обломочно-оолитовым строением. Повидимому, в разрезах коры выветривания преобладает тот или иной тип руд в зависимости от фациальных условий ее формирования, а также эпигенетических процессов, в ряду которых ведущее место принадлежит инфильтрации подугольных вод, обогащенных органическим веществом и серой. В целом же, исходя из имеющихся данных, проведение исследования можно говорить о том, что образование коры выветривания происходило в условиях теплого и влажного климата, при наличии обильной растительности (в сидеритовых рудах обнаружены отпечатки листовой флоры) [ 3]. Формированию довольно мощного и непрерывного профиля химического выветривания, несомненно, способствовали также слабая расчлененность рельефа и относительное тектоническое «затишье» на значительной части территории Дарваз-Заалайской зоны. Широкое площадное развитие триасовой коры выветривания в этом регионе позволяет надеяться на обнаружение более полных профилей латеритного типа (с сохранившимися от разрушения зонами конечного гидролиза), содержащих аллитовые (бокситовые) образования.

Наконец показательным является нахождение сиаллитовых кор выветривания в кровле триасового разреза Дарваз-Заалайской зоны и в основании юрских отложений, перекрывающих васмикухскую свиту в долине р. Равноу. Учитывая сказанное, можно высказать гипотезу о возрастном соответствии рассматриваемых комплексов отложений, которые, вероятно, возникли на достаточном удалении друг от друга, а затем оказались сближенными в современной структуре региона.

Такой же «пятнистый» характер, судя по всему, имеет и железорудная минерализация в отложениях коры выветривания джурдаринской свиты.[4] Во всяком случае, даже в близкорасположенных пересечениях на площади опорного района рудные образования (сидерит, гематит-гидрогетитовые и гетит-шамозитовые руды) характеризуются невыдержанностью по простиранию и скачкообразными изменениями мощности (от 1,5 – 2,5 до 30 и более м).

Наибольший практический интерес представляют богатые сидеритовые руды (суммарное содержание железа 30 – 50 %), образующие пластовую залежь мощностью 6-10 м в правом борту р. Иохнакдара. Вероятно, именно этот тип руд был наиболее предпочтительным у древних металлургов, остатки плавильных печей которых отмечены нами в Иохнакдаре и долине р. Пахма.

Сравнение данных спектрального анализа металлургических шлаков и исходных руд подтверждают это. Карбонатные и окисные соединения железа в коре выветривания незначительно обогащены Ti, Co, V, Cr, Sc и иногда Ag и Zr

Высокое содержание каолинита (до 85%) в глинистых продуктах выветривания, а также теоретически возможное обнаружение в них минералов свободного глинозема повышает интерес к коре выветривания и как месторождению практически важного нерудного сырья.

#### **Список использованных источников**

1. АЛЮМИНИЙ. Требования промышленности к качеству минерального сырья, вып. 35. М., 1962. с. 24-27
2. Салихов Ф.С. Верхнетриасовые угленосные отложения северо-восточной части Дарвазского хребта (Памир). Петрология и минералогия Казахстана и Средней Азии (тезисы докл.). Алма-Ата, 1990. с. 34-38
3. П.Б. Мирзоев, А. Иброхим, Б. Мирзоев и др. Минералогический, химический составы и обогащение алюмосодержащего сырья месторождения курговат республики Таджикистан. Вестник. Таджикского технического университета. 2(26) 2014 год с. 62-64
4. Новиков В.П. Железорудная формация триас-юрской коры выветривания Дарваза.

[Текст]/ Новиков В.П.// Рудоносные формации зоны гипергенеза (тезисы докл.). Л: 1990, с.66-67.



## Минералогический состав тяжёлой фракции продуктов коры выветривания

Обр. (слой)	Содерж. т. фр. песч. (%)	Содерж. г. фр. (глины, ил.) (%)	Минералы тяжёлой фракции (в %)																
			магнетит	гематит, лимонит	пирит	амфиболы, пироксен	Биотит	Циркон	апатит	турмалин	хромшпинелиды	корунд	мусковит	эпидот	хлорит	лейкоксен	рутил	анагаз	обломки пород
55а	1,16	3,67	1,2	0,2	0,2	92,3	—	—	—	—	—	—	—	—	5,9	—	—	—	
55	0,23	0,58	1,0	98,0	—	0,2	0,2	0,2	—	—	ед.з	—	—	—	—	0,2	—	—	
56а	0,57	2,98	0,2	99,0	—	—	0,2	0,2	0,2	—	—	—	—	—	—	—	0,2	—	
56б	5,14	21,61	—	98,8	—	—	0,2	0,2	0,2	—	—	—	0,2	—	—	0,2	—	—	0,2
56в	23,60	64,18	—	67,5	—	—	—	—	—	—	—	—	—	—	9,2	—	—	—	23,4
56г	1,45	5,33	—	99,0	—	—	—	0,2	0,2	—	—	—	0,2	—	—	0,2	—	—	0,2
57г	1,09	7,04	—	99,0	0,2	—	—	0,2	0,2	—	—	—	0,2	—	0,2	—	—	—	—
57д	1,84	14,32	—	99,0	—	—	0,2	0,2	0,2	—	—	—	0,2	—	—	0,2	—	—	—
58	1,54	7,01	—	99,2	—	—	0,2	ед.з	ед.з	—	—	—	ед.з	ед.з	—	—	—	—	0,6
59а	1,36	7,94	0,2	98,2	0,2	—	0,2	0,2	0,2	—	—	0,2	0,2	—	0,2	—	—	—	0,2
59б	2,15	11,89	0,2	98,8	0,2	—	—	0,2	0,2	—	—	0,2	0,2	—	—	—	—	—	—
59в	2,40	0,28	—	98,4	0,2	0,2	0,2	0,2	—	0,2	—	—	—	0,2	0,2	0,2	—	—	—
60а	0,02	0,07	8,5	87,1	—	0,4	0,2	0,2	0,2	—	—	—	—	0,2	0,2	0,2	—	0,2	2,6
60б	0,34	1,73	—	97,8	0,2	0,2	0,2	0,2	0,2	0,2	—	—	0,2	0,2	0,2	0,2	—	0,2	—
60	0,66	2,25	—	98,5	—	0,2	0,2	0,2	0,2	—	—	—	0,2	—	0,2	0,3	—	—	—

В																			
6 1 6	6,53	19,8 7	—	99, 0	0, 2	—	—	0,2	0,2	—	—	—	—	—	0, 2	0, 2	—	—	—

Примечание: 1) обр. 55 а – неизменённый андезито-базальт; 2) ед.з – единичные знаки; 3) анализы выполнены в Центральной химической лаборатории Главного управления геологии Республики Таджикистан.

**УДК 82-27**

## **МОНОЛОГТАРДЫҢ КӨРКЕМ ШЫҒАРМАДА ҚОЛДАНЫЛУЫ**

Атаханова Нурасила Амангельдиновна  
rassi68@mail.ru

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің аға  
оқытушы, гуманитарлық ғылымдар магистрі,  
Усербаева Мақсат Кемаловна  
Maksat.Userbaeua@mail.ru

Атырау инженерлік гуманитарлық институтының колледж директоры,  
филология ғылымдарының магистрі, аға оқытушы

Ауыз әдебиетіндегі әртүрлі батырлар жыры мен тарихи жырларды лиро-эпос жырларды, лирикалық өлеңдерді, немесе тарихта аты қалған ақындардың өлең дастандарын алсақ та, күйініш, сүйініш, адамның басында болатын әртүрлі ішкі сезімді жеткізуде, монологтың үлкен орын алатындығын көреміз. Әдебиетте монологтың екі түрі жақсы дамыған. Оның біріншісі сыртқы сөзде (монолог), екіншісі ішкі сөз (внутренний монолог) деп аталып жүр. Көркем шығармадағы бұл екі тәсілдің қайсысы да кейіпкер психологиясын жан-жақты ашып кейіпкер характерін толықтыру үшін таптырмайтын тәсілдер деп бағаланады.

Көркем шығармада қолданылатын сыртқы мен ішкі сөз арақатынасы жайлы түрлі пікір бар. Солардың бірі қандай бір монолог болмасын айырма жоқ дегенге саяды. Ішкі сөз деп бір жағдайға немесе әлдене жайлы үнсіз ойлануды айтады. Ішкі сөз кісінің қызыметіне орай тіл мен ойдың бірлігіне байланысты болғандықтан көбіне психология мен лингвистика ұштасатын тұстағы философия тілі қарастырылатын мәселе деп те есептелінеді. Сондықтан да ішкі сөздің тууын айқындайтын тіл мен ойдың диалектикалық бірлігін күрделі феноменнің біріне саналады.

Көркем шығарма арқылы өмір көріністерін, заманәуи мәселелерді көрсету – туынды табиғатын, ондағы шындық сәулелерін, әр алуан амал-тәсілдерді де қамту болып табылады. Ж. Аймауытұлы кейіпкерлерінің ішкі монологтарында әлеуметтік және қоғамдық қайшылықтар, теңсіздік пен әділетсіздік, адамгершілік пен зұлымдық туралы ойлар молынан ұшырасады. Жазушы, әсіресе кейіпкерлерінің ішкі әлемі мен өзі өскен ортаға көзқарасы терең көңіл түпкірінде

жатқан мақсаты мен мүдделерін, өкініш пен өсиетін еркін көсілежазып, қысылмай-қымтырылмай айтуда, алға қойып айтар түбірлі тілектерін білдіруде монологты кеңінен қолданады. Әдебиетші Қ.Керейкұлов: "Жазушының ерлігі дейміз бе, ерекшелігі дейміз бе қалай айтсақ та сиятыннәрсе – қаламгердің адам психологиясын жеріне жеткізе ашатын ішкі монологтарға сол кездің өзінде-ақ жиі баруы – әдемі үйлесім тапқан озықұлгілерді сол кездің өзінде-ақ жиі қолданады," деп атап өтеді [1].

С. Тихоновтың пікірі бойынша ішкі монолог та, сыртқы монолог та оқырманға арналатындықтан эстетикалық талапқа сай сөзді іріктеу әдеттегі талапқа сай жүзеге асады. Айырмашылығы сыртқы сөз жеке пікірді білдіру болса, ішкі сөз ойды білдіреді [2, 86 б.]. Бірақ кейбір пікір бойынша көркем әдебиеттегі ішкі сөз бен сыртқы сөздің бір-бірінен айтарлықтай айырмасы бар. Сыртқы сөздің ішкі сөзге қарағандағы басты айырмашылығы қарым-қатынасқа мейлінше мардымсыздығы. Сондай-ақ диалогты ұйымдастыруға да шорқақ. Есесіне негізінен әдеби тілдің бейтарап түрі пайдаланылады. Оның сыры есімдік пен етістіктің алуан түрін қолданатындықтан да ауызекі емес элементтің шектеулі жағдайда берілуінде.

Ж. Аймауытұлы монологтарының авторлық және кейіпкерлік деп аталатын түрлері бар. Мысалы, "Ақбілек" романындағы кейіпкердің сезімін, ойын шығармашы автор сөзі арқылы жеткізеді:

"... Әкесі мен екеуінің арасын қара мысық кесіп өткендей, бір өткел түскенін Ақбілектің жүрегі сезді. "Әкесінің қабағы қашан жадырар екен, қашанжылы қарар екен, қашан тіл қатар екен?.." деп сарылып, сарғайып күтеді" [3,242 б.]. Автор кейіпкерлерінің жан дүниесін ашуға, кейіпкерлердің ішкі жандүниесіндегі сезімдеріне, ойларына, адамның ішкі көңіл күйіне, көзқарастардың құпиясына үңілуге мән береді.

"Дәстүр мен жаңашылдық" атты ғылыми жинақта М. Атымов "Прозадағыпсихологизм" деген мақаласында қазақ ауыз әдебиетінде және жазба әдебиеттеадамның ішкі өмірін көркем түрде суреттеудің бай дәстүрлері бар екеніннақтылы деректермен дәлелдейді. Ішкі және сыртқы монологтардықолданудағы бай дәстүрлер С. Мұқановтың "Мөлдір махаббат", М. Әуезовтің "Абай жолы" романдарында аналитикалық психологизмнің тууына алып келеді. "Кейіпкер психологиясын мұндай терең бейнелеу қазақ прозасындакөптеп кездеседі. Алайда, осы уақытқа дейін оларды жалпы негізде зерттеу және оларға түпкілікті қорытынды жасау мүмкін болмай отыр" [4, 79 б.].

Ж. Аймауытұлы автор мен кейіпкердің арасын байланыстыратын әңгіме айтып беретін тәсілге жиі жүгінеді. Бізді бұл жердегі қызықтыратын нәрсе тіпті бірінші жақпен әңгіме айтушы емес, жазушының психологиялық суреттеу тәсілі дер едік. Әрбір әңгіме баяндайтын кісі арқылы біз оның қоғамға деген көзқарасын, айғақ пен оқиғаны жаңаша бағалауын, кейіпкердің жандүниесін түсіндіруін аңғарамыз. Мұны біз "Ақбілек", "Қартқожа" романынан, "Күнікейдің жазығы" повесінен, "Қара баксы", "Жанабайдың жанындағы трагедиясы" әңгімесінен айқын сезінеміз. Демек, автор жазған ішкі монологтенкейіпкердің психологиялық мінезінің жиынтығын көреміз. Кейіпкердің ішіненшығатын сөзді оқып, оның өмірінің ішкі сырын білетін боламыз. Ішкімонологта кейіпкер өз өмірі

мен өзінің ішкі дүниесіне үңіліп, өзпсихологиясынан жан-жақты хабар береді. Әсіресе, тағдырдың өзі кісіні тәлкекқылған қатал заманның шындығын жұртқа жеткізу үшін жазушы бірінші кезектеішкі монологке жүгінеді. Бұл жердегі ішкі сөздің міндеті кейіпкердің өзіне де өзгеге де беймәлім шындықты түрлі адасу азабын бастан кешіп барып түсіну болмақ. Сондықтан да жазушы кейіпкердің өзімен-өзін сырластыру арқылы оның басқа жанға тісінен шығармайтын жасырын, құпия жайларына дейіноқырманды қанықтырып отырады. Мысалы: шығармашының "Ақбілек" романында Қара мұрттың Ақбілекке деген адал сезімі қарым-қатынастарынан аңғарылатын көріністер соған дәлел. Қуғыншылар жақындап, қашатын шақтаянғанда ол қыздың өзімен бірге кетуін қалайды. Ал, Ақбілек еруге құлықсыздығын аңғартқанда оны атып кетуді де ойлайды. Бұл – Ақбілекті жек көргендігінен емес, керісінше сүйетіндігінен, басқаға қимай, құшуына бергісікелмегендіктен қызғаныштан туған ой. Ақбілек болса оны өзінше жорып: "Орысқа сенім жоқ екен ғой! Әнеугіден бері ерлі-байлы кісідей болып жүріп, кетер күні өлтіріп кетем дегені неткен өзімшілдік, неткен тас бауырлық, неткен қан ішерлік! Орыс шіркін өзім ғана өмір сүрсем екен дейді екен-ау!–деп ойлайды". Романда Қара мұрттан басқа орыс адамы ұшыраспайды. Туынды таза қазақ ауылының тыныс-тіршілігіне арналғандықтан жазушы оны қажет деп санамағаны байқалады. Тек жау қонысында қасірет шеккен Ақбілектің ой-толғам, көзқарасымен қара мұртты ғана таныстырады.

"Ақбілек" романында мамыра жатқан елдің ұйқы-тұйқысын шығарған төңкеріс келеді. Ақгвардияшыл әскерлерінің еш жерге сыймай, туған еліне жатболып кеткен себебі де осы төңкерістің салдарынан. Қызыл болып, ақ болып жарыла соғысқан, біресе қызыл жеңіп, біресе ақтар жеңіп, ит тартысқа түсіп, бірін-бірі қуалаған қалың әскер қару-жарақтарын шошандатып, қазақ даласын зобалаң күйге түсірді. Өзара қырқыстарының өшін бейбіт жатқан қазақ ауылдарынан алып, қарусыз халықты атып-шауып, мал-жанын талан-таражғасалып, қорлықтың да, зорлықтың да әңгіртаяғын қазақтың басына ойнатады. Қазақ халқы өз еліне, өз жеріне симаған қорқау қасқырдай жортуылшы, өздері бүлінген, өздері бүлікшіл қалың әскердің батыстан шығысқа шұбырған қанды жолында қалып, адам айтқысыз қайғы-қасіретті басынан кешеді. Романда автор қызылдардан жеңіліп, қашып шыққан ақгвардияшылардың аз ғана тобы туралы әңгіме қылған. Олар орыс халқының өкілдері бола алмайды. Олар – қайхалықтың да болмасын арасында кездесетін азғындар тобының бірі ғана. Бұл шағын топ пен тұтас бір халықтың арасында теңдік қою қай жағынан келсең де, қалай дәлелдесең де әділдікке жатпайды.

Ж. Аймауытұлының романында барлық жағынан да жеңіліс тауып, қашқынға айналған ақтар тобының идеялық, моральдық бет-пердесі барынша ашылып көрінген. Жеңілген әскерлерде моральдық-психологиялық ахуалдың барынша төмен болатындығы мәлім. Ертеңгі күнге деген үміттері үзіліп, қарақшыға айналғандардың іс-әрекеттері де нанымды көрініс тапқан. Қарақшыға айналса да олардың өмірге деген өз түсініктері бар. Олар да өздерін дұрыс жолда жүрміз деп есептейді. Ақгвардияшылардың "өмірлік философиясы" офицердің ой-пікірлері ретінде беріледі. Оның да өмір сүргісі келетіндігі, сол үшін күресуге хақысы бар екендігін автор сыр қылып айтқандығын аңғарамыз. Сол арада ақтың

офицері былай деп сыр шертеді: "Елсіз тауда ерігіп жатқан өңшең еркек іші піскен соң, ермек, қызық керек қылмай тұра ма? Қашанғы өзді-өзіміз боқтасып, керісіп, төбелесе берейік. Біздің де қанымызда от бар; бізде де тілек, құмарлық, нәпсі бар. Біз де жаспыз. Әйел құшуды біз де аңсаймыз. Әйелсіз күн көре алмайтын, махабаттың қадірін білетін, сезімі жетілген, біз өнерлі, білімді жауропаның ұлдарымыз. Әйел кімде бар? Қазақта. Қазақ та адам баласы. Қазақтың қара көздерінің сиқырлы күші жауропа әйелдерінен кем емес; ..." [3, 152 б.].

Немесе "... Бүгін болмаса, ертең өлуге көзің жетіп отырса, елден, жұрттан, туған-туысқаннан күдерді үзсек, бізді жан екен деп, ойлайтын адам баласы болмаса, біз қара таласпағанда, біз бой жасамағанда, біз кісі өлтіріп, қыз алып қашпағанда – кім бұларды қылмақ? Біз әзір тіріміз. Тіршілік деген арпалысып күнелту деген сез. Ендеше, біз тіршілік қылып жүрміз. Бізді қазақ айыптаса, білмегеннен айыптайды" [3, 153 б.]. Міне, "цивилизациялы" елден келген офицердің ой-өрісі, көзқарасы.

Бөтен біреудің сөзін айтуға тиіс монолог автордың түсіндіруі арқылы кейіпкердің ойын, сезімін, толғанысын жеткізеді. Тіпті соңғы тәсіл ой мен тәсілдің, кейіпкер стилінің бейнелілігін білдіреді. Жоғарыда көрсетілгендей, ақ офицер монологы таза кейіпкер толғанысымен ғана берілсе, кейде монолог авторлық сөздермен ұштасып ұласып жатады. Мысалы, "Ақбілек" романында жазушы зорлықпен қорланған қыздың жау кеткеннен кейінгі ессіз тау ішінде жалғыз қалған кездегі аласапыран сезімін, психологиялық тұрғыда дамыта отырып ой толғауы соның айғағы. Ақбілек бейнесін жетілдіруде бұл тұстағы ішкі монологы ерекше мән мағынаға айналады:

"Ақбілектің жанын жынның ойнағындай ойрандатып кеткен озбыр омырау, өксікті күндер орыс мінген аттардың аяғымен бірге алыстап бара жатты. Тықыр ұзаған сайын "Алла, алла, алла..." деген лебіз кеудені керіп, ауыздан еріксіз ағылуда еді. Көшкен орыстың жұртында бұралқы күшіктей қаңғырып Ақбілек жалғыз қалса да, жалғыздығына өкінген жоқ. Орыстың оғынан өлгеннен де, құлазыған ессіз тауда тентіреп өлгенін артық көрді" [3, 173-174 бб.].

Стиль сыры – қаламгер мұратынан, қолтаңба мәнерінен, көзқарас эволюциясынан, ізденіс арналарынан айқын аңғарылады.

Стиль – талантқа тән құбылыс. Жазушының бәрі бірдей стильқалыптастыра алуы мүмкін емес. Стиль – үлкен шығармашылық еңбектің, жазушы талантының белгісі, шыңы. Сондықтан да өзгеге ұқсамайтын, қайталанбайтын стильді дара дарынның туындыларынан іздеп табу, шеберлік сырының құпиясын ашуға ұмтылу – әдебиет тарихы мен теориясын зерттеушілердің негізгі мәселелерінің бірі болып табылады.

Осы келтірілген үзіндіден жазушы стилінде суреткерлікпен қоса публицистік сарын араласып кететінін көру қиын емес. Жазушы өз позициясын жалаңаштап, оқиғаға деген өз көзқарасын да жасырмайды. Мінез, суреттер жасай отырып, кейде кейіпкер қасіретіне жанашырлық білдіреді.

Романның алғашқы тарауларында орталық ұнамды қаһарманның бөтенге білдіре бермейтін сыры мен шыны кейін келе-келе монологпен ашылып жатады. Қалай дегенде де бұл тәсіл туындының реалистік өрісін, психологиялық дамуына нұқсан келтіре алмайды, қайта күшейте түседі. Бұрын тірі қалуын ғана ойлаған

Ақбілек кейін, елге барудың өзіне оңайға соқпасын сезінеді. Оны ол жол бойындағы қарға адым жер жүре алмай қиналған кезде, Ескендір дуана арқалайын деп жәрдемін ұсынған кезде есіне алады:

"Ақбілек мінерін де, мінбесін де білмей, именіп, аз отырды. Үлкен еркектің мойнына дардай басымен мінуді ұят көрді. Қара мұртқа қатын болғаны, оның құшақтағаны, сүйгені... балаша көтеріп жүргені дереу есіне түсті" [3, 184 б.]. Жұрттың сөзінен қашып Мұсабай үйіне барудан да бас тартты. Ал, ауылғатаянған кезде, бұл - аттап өтуге келмейтін ауыр бір кесел тәрізді оның алдына көлденеңдеп тұра қалды. Өткенін ойға алған Ақбілек:

"Өз ауылының тауына, жеріне жақындаған сайын таза жерді басуға өзінен-өзі ұялып, атылып өліп кетпей, қара мұрттың мылтығына бекер-ақ жармасқа мекем деген өкініш пайда болды; ит жалап кеткен ыдыстай, өзінің денесін дедемін де арам деп білді... ..Мұны бұрын ойласамшы! Бұларды есіме алсамшы! Шыбын жаны құрғырды ойлай беріпін-ау... Япыр-ау! Бұлар мен туралы не ойлайды екен?..

Ей, тәңірім-ай! Осы келе жатқанда бір қазаға ұшырап кетсемші! Астымдағы атқа омақаса асып, астында тіл тартпай қатсамшы! Немесе жер ойылып жұтып қойсайшы. Болмаса үстімізден қара бұлт төніп, нажағай соқсашы... " [3, 194 б.].

Ақбілекті осылай түрлі тебіреністен өткізіп ойын оңға, санасын саққа жүгірткен жазушы оның жан күйзелісін көрсете отырып, психологиясына бірте-бірте еніп, кей тұстарда ішкі монологты кеңінен өрбіту арқылы кейіпкер характерін мейлінше ашып береді. Осылайша, кейіпкер психологиясына терендей еніп, тебірене суреттейтін жолдар Ж.Аймауытұлының қайшығармасында да жиі кездесетін құбылыстар.

Жазушы дербес позициясын кейіпкер санасындағы тұжырым-түсініктердің алдына шығармаса да, монолог – ойлауда өзімен тілдесу тәсілін ұтымды пайдаланады. "Ақбілек" романында кейіпкердің тау арасында жападан жалғыз қалған сәтіндегі ойлары:

"Су ағады да жатады, ағады да жатады, бір таусылуы жоқ; қатерді, өлімді білмеді. Еш нәрсені сезбейді. Мен ішсем де, ит ішсе де бұған бәрібір. Жақсыға да, жаманға да сусын болады. Құдайдың бұ да бір күдіреті-ау! Мейірімі-ау! Оны біз білмейміз-ау!" деген ойлар келеді [3, 178 б.]. Шығармада баяндаушы кейіпкер тек байқап қоюшы ғана емес, шығарма фабуласындағы әр түрлі мағыналық астарларды талдап қорытушы, оған қатысты әсер-сезімін ашық жеткізуші орайында белсенді эмоционалдық роль атқарады. Дәл осы тәрізді экспрессивті актілерде авторлық позиция анық аңғарылады.

Жазу кезіндегі ішкі сөз тек көркем әдебиетке ғана тән, ал композициялық аралық жағдайда ішкі сөз автор мен кейіпкер екеуінің үні мен кеңістігін көрсете отырып, аралық қызмет атқарады. Демек, бұны әдебиеттану ғылымы ішкі сөзді адам жандүниесін ашудағы психологиялық анализ жасауға мүмкіндік беретін құрал есебінде қарайды.

Қорыта айтар болсақ, Ж. Аймауытұлы шығармаларындағы бір ерекшелік – оқиға автордың көзқарасы мен кейіпкер ойымен астасып келуінде, монологтардың түр-түрін шебер қолдана білуінде. Монолог – ойлау, монолог – армандау, монолог

– еске түсіру, диалог сияқты монолог. Бұл монологтардың көп түрлілігі кейіпкер характерін аша түсудің ірі формасы деуге болады.

### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Керейқұлов Қ. Ағысы күшті бір арна // Қазақ әдебиеті. – 1989. – 13 қазан.
2. Тихонов С. Прямая речь и прямое высказывание в художественном строе народной лирики. – Воронеж: АКД, 1987. – С.260.
3. Жүсіпбек Аймауытов. Романдар // Бес томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Ғылым, 1997. –Т.1. – 325 б.
4. Атымов М. Дәстүр мен жаңашылдық. – Алматы: Ғылым, 1980. – 290 б.

### **Резюме**

В данной работе рассматривается мастерство Ж.Аймауытова в использовании монологов как один из художественно-значимых изобразительных средств, раскрывающий в целом творческий замысел писателя. А также важные для казахской литературы исторические события и нравственно-духовные поиски героев.

### **Түйіндеме**

Мақалада монологтың көркем шығармаларда алатын орыны, сонымен қатар Ж. Аймауытұлы прозасында монологтарды қолдану шеберлігі көркемдік құралдарының бірі ретінде қарастырылады. Сондай-ақ Қазақ әдебиеті тарихында маңызды орын алатын оқиғалар мен кейіпкерлердің рухани-адамгершілік ізденістері жан-жақты қарастырылған.

### **Summary**

In this paper we consider the skill of Zh in the use of monologues as one of the artistically significant visual medium in General, revealing the creative intent of the writer. As well as important for the Kazakh literature historical events and moral and spiritual quest of heroes.

**УДК 631.42:631.15**

### **ПОЧВЕННЫЕ КОМБИНАЦИИ – ЕДИНИЦЫ ТЕРРИТОРИАЛЬНОГО ПЛАНИРОВАНИЯ СЕЛЬСКОХОЗЯЙСТВЕННОГО ПРОИЗВОДСТВА В УСЛОВИЯХ ТЕХНОГЕННОГО ВОЗДЕЙСТВИЯ**

**<sup>1</sup>Червань Александр Николаевич, <sup>2</sup>Исаева Олеся Ивановна  
[ChervanAlex@mail.ru](mailto:ChervanAlex@mail.ru)**

<sup>1</sup>Ведущий научный сотрудник, к.с.-х.н., доц., <sup>2</sup>Научный сотрудник; Институт почвоведения и агрохимии НАН Беларуси, Минск, Беларусь

В Беларуси одной из основных причин, сдерживающих проведение мероприятий по охране окружающей среды и борьбе с деградацией почв сельскохозяйственных земель, является отсутствие оперативной, точной и не

затратной технологии выявления, картографирования, классификации, учета и оценки процессов деградации в условиях техногенного воздействия. В статье почвенные комбинации в рамках теории структуры почвенного покрова представлены как территориальные единицы для учета и оценки степени техногенного воздействия на почвы сельскохозяйственных земель в Солигорском горнопромышленном районе Республики Беларусь. Приведена параметризация основных характеристик почвенных комбинаций, с перспективой полуавтоматического и автоматического учета и мониторинга для обоснования стратегии целесообразного землепользования в условиях техногенного засоления.

Солигорский горнопромышленный район является крупнейшим центром техногенного влияния на почвенный покров за счет прямого и опосредованного химического воздействия выбросов в атмосферу, твердых и жидких отходов производства калийных удобрений. Общий объем отходов производства всех рудоуправлений на объектах хранения (солеотвалы и шламохранилища) составляет не менее 850,0 млн. т. В результате многие почвы приобретают специфические свойства, в частности, повышенное содержание солей, которые нетипичны для почв дерново-подзолистой зоны. Состояние почв и почвенного покрова является интегральным признаком, с одной стороны, устойчивости ландшафта к техногенному воздействию, с другой – возможности экологически безопасного хозяйственного использования почвенно-земельных ресурсов. Имеет место использование эколого-геохимической устойчивости в типологическом объединении почв в группы-ассоциации [1], которые, по мнению авторов, топологичны почвенным комбинациям (ПК). Анализ ПК, как операциональных единиц структуры почвенного покрова объединяет представление об общей и геохимической устойчивости ландшафта, одновременно учитывая буферность и возможность восстановления функционирования геосистем [2]. Авторами ранее выполнялись работы по геосистемному анализу почвенных ресурсов на основе агроэкологической оценки природно-ресурсного потенциала по параметрам почвенных комбинаций [3]. При создании карт структуры почвенного покрова обнаружена возможность использования ПК в качестве территориальных единиц природопользования [4] и локализации превентивных мер борьбы с деградацией, в частности с процессами водной эрозии.

Наиболее характерные для Солигорского района дерново-подзолистые заболоченные почвы сформированы под влиянием избыточного увлажнения атмосферными водами на склонах и в понижениях рельефа, а также на выравненных территориях при близком подстилании водоупорными породами. Рыхлосупесчаные и связносупесчаные временно избыточно увлажненные почвы встречаются повсеместно и имеют более благоприятный водно-воздушный режим. Имеют место дерново-подзолистые заболоченные почвы с иллювиально-гумусовым горизонтом разной мощности: характерна высокая степень дифференциации профиля как по морфологии, так и по химическим свойствам. Гумусо-аккумулятивный горизонт маломощный, подзолистый беден Fe, Al, Ca и Mg.

Методической основой пространственной оценки степени техногенного засоления является системный подход и геоинформационное моделирование. Система управления базами почвенных данных на территорию Солигорского района Минской области использует PostgreSQL/PostGIS и ArcGIS ESRI. Планово-картографические материалы по факторам природопользования, отражающие геологические, гидрогеологические и геоморфологические данные, информацию о почвенно-геоботанических условиях, составили исходную пространственную основу применения сравнительно-географического и функционально-генетического методов исследования. Кадастровые сведения земельно-информационной системы Солигорского района внедрены в базу данных в качестве информации о фактическом землепользовании. Наполнение и актуализация базы данных проведена на базе классификаторов земельного кадастра и номенклатурного списка почв [5].

Теория структуры почвенного покрова применена для идентификации почвенных комбинаций и их картометрической оценки. Комбинации почв закономерно объединяют данные о местности, геоморфологических, литологических и гидрологических особенностях, плодородии почв и производственной способности земель [3]. Определенные таким образом границы геосистем позволяют на типовой основе оценивать педоразнообразие. Отдельные учетные записи индекса каждой комбинации в атрибутивных таблицах классов базы данных использовались для обозначения единицы пространственного и геостатистического анализа.

Качественная оценка устойчивости геосистем к химическому воздействию основана на показателях характера перераспределения влаги, обусловленных генезисом, гранулометрическим составом и степенью увлажнения почвообразующих пород и отражающих способности экосистем к самоочищению и почв к необменному поглощению загрязняющих веществ.

Изучение распределения солей в почвенном профиле с учетом степени гидроморфизма, и гранулометрического состава почвообразующих подстилающих пород в трех буферных зонах Солигорского горнопромышленного



района проведено с использованием профильно-катенарного метода и приема ключевых участков почвенных комбинаций при отборе образцов почвы. Это позволило увеличить точность интерполяции профильных данных, используемых в цифровом почвенном картографировании с атрибутивной растеризацией [6]. Методом вложенных ключей определены места пробоотбора из генетических горизонтов каждой почвы, входящей в почвенную комбинацию. В каждой зоне влияния производства калийных удобрений, на расстоянии до 1 км, 1-2 км, 2-3 км были заложены катены для отбора проб почвы в границах репрезентативных для района почвенных комбинаций. В первой зоне основным объектом выбраны земли сельскохозяйственного назначения ОАО «Горняк» в непосредственной близости от солейвалов и шламохранилищ ОАО «Беларуськалий». Во второй и третьей зонах обследован почвенный покров ОАО «Краснодворцы» и СПК «Большевик-Агро». Территория ОАО «Решающий» и ОАО «Старобинский», расположенных относительно терриконов с противоположной стороны Солигорского водохранилища, использовалась как фоновая при оценке содержания загрязнителей в почве. Отбор проб в почвах проведен на глубине каждого генетического горизонта почвы с учетом номенклатурного положения элементов почвенных комбинаций и позиционированием в соответствии с системой координат базы данных.

Почвенные комбинации (таблица 1), как основной объект исследований, являются моделями геосистем, содержащими морфометрическую, генетико-геоморфологическую, гипсометрическую и литологическую характеристику, обеспечивающую возможность оценки почвенно-ресурсного потенциала территории [7]. Это дало основание рассматривать их также в качестве типов сельскохозяйственных или лесных земель при рекомендации оптимизационных мер по снижению техногенного засоления почв.

Пространственное размещение факторов техногенного засоления почв отражают классы-слои базы геоданных, показатели их воздействия содержатся в атрибутивных таблицах. Первый вид хранения данных обеспечивает пространственный анализ, второй – геостатистическую обработку его результатов. На основе крупномасштабных картографических материалов и данных дистанционного зондирования создана цифровая почвенная карта с более чем 50000 записей в атрибутивной таблице и разработана модель структуры почвенного покрова Солигорского района, выполнена маршрутная верификация фактического природопользования по видам земель и границам землепользователей. В таблицы созданной базы данных внесена информация полученная как в результате работ по выявлению, дешифрированию и картографированию динамики процессов деградации почв на основе современных спутниковых данных и полевых работ, так и крупномасштабных земельно-кадастровых обследований, стационарных наблюдений. Почвенные комбинации закономерно объединяют условия рельефа местности, геоморфологические, литологические и гидрологические особенности согласно критериям [3], разработанными авторами ранее.

Таблица 1. Иерархическая схема группировки почвенных комбинаций [3]

Критерии	Почвенные комбинации								
Общая динамика природных процессов	Внепойменные					Пойменные			
Орографические	1. Водоразделы			2. Депрессии		3. Поймы			
						2. Расчлененные			
Геоморфологические	1. Фрагментарные	2. Выпуклые	3. Плоские	1. Долинообразные	2. Озеровидные	1. Нерасчлененные	1. Прирусловая	2. Центральная	3. Притеррасная
Гипсометрические	1. Высокие 2. Низкие			1. Неглубокие 2. Глубокие		1. Высокого уровня 2. Среднего уровня 3. Низкого уровня			

Литологические (почвообразующие породы)	1.Рыхлые 2.Двучленные без водоупора 3.Двучленные с водоупором 4.Суглинистые 5.Глинистые 6.Торф	7.Рыхлый аллювий 8.Связный аллювий 9.Пойменный торф
-----------------------------------------	---------------------------------------------------------------------------------------------------------------	-----------------------------------------------------------

По общей динамике природных, в том числе почвообразующих, процессов в структуре почвенного покрова выделяется группа внепойменных, находящихся на водораздельных пространствах, и пойменных ПК. Орографически водораздельные пространства делятся на водоразделы, характеризующиеся поверхностным водным стоком, и депрессии, аккумулирующие сток. По геоморфологическим особенностям и рисунку почвенных ареалов ПК водоразделов представлены «фрагментарными» (молодые моренные образования), «выпуклыми» (сглаженные морены и водно-ледниковые равнины) и «плоскими» (донно-моренные, водно-ледниковые, озерно-аллювиальные равнины, отличающиеся локальным застоём влаги).

Отдельную группу составляют «переходные зоны» – комбинации с неупорядоченным расположением почвенных ареалов, чаще всего комплексом двух вариантов почвенных комбинаций, доля которых в общей формуле приближается к 50%. Ввиду наибольшей энтропийной меры переходные зоны являются наиболее устойчивыми к внешнему воздействию геосистемами, экологическим каркасом территории [4]. В связи с высоким уровнем биоразнообразия целесообразно их использование для рекреационных целей или в качестве особо охраняемых территорий. Каждая ПК определена гипсометрически: водоразделы высокие (косвенный признак – наличие не более 40% переувлажненных почв на рыхлых почвообразующих породах и 30% на связных) или низкие (более 40% и 30%, соответственно); депрессии неглубокие (с преобладанием минеральных заболоченных почв) либо глубокие, заторфованные; поймы высокого, среднего или низкого уровня. По составу и литологии определены девять вариантов почвообразующих пород ПК.

Почвенные комбинации содержат необходимую и достаточную информацию, с одной стороны, о почвенно-ресурсном потенциале по значению бонитета почвенных разновидностей, с другой – об устойчивости ее к тепловому и химическому воздействию в зависимости от агрофизических и агрохимических состояний почв. Неизменяемой частью каждой ПК, определяющей ее устойчивость, является компонентный состав с учетом неоднородности почвенного покрова, включающей оценку степени контрастности почв и их распространения – учет конфигурации и чередования ареалов. Компонентный анализ ПК в зонах техногенного засоления с определением их размеров и конфигурации на основе геосистемного подхода с типологической характеристикой факторов почвообразования позволил определить местоположение 925 ареалов 74 геосистем, 20 из которых составляют 88,6% их общего количества, что соответствует площади 198,9 тыс. га. Долевое участие групп почвенных разновидностей в каждой комбинации использовалось для качественной интерполяции результатов анализа содержания загрязнителей в пределах сельскохозяйственных организаций трех зон техногенного воздействия. Оценка устойчивости геосистем к техногенному засолению помимо учета физико-химических свойств почв предусматривала выявление и картографирование процессов вероятной и фактической деградации почв. Орографические условия ареалов деградации почв уточнялись по предварительно созданной цифровой модели рельефа с расчетом потенциального смыва почвы под действием ливневых осадков и в период снеготаяния. Степень деградации, в том числе засоления, ранжирована на низкую, среднюю, высокую и очень высокую в соответствии с установленными нормативными показателями. Степень загрязнения почв оценивалась по кратному превышению содержания элементов над фоновыми содержаниями.

В условиях сельскохозяйственного использования земель определены наименее устойчивые геосистемы, которые в силу своих особенностей и местоположения способны к накоплению загрязнителей и более раннему реагированию. В гумусо-аккумулятивном и иллювиальном горизонтах почв выполнена оценка агрофизических и агрохимических показателей не менее чем в пяти профилях в каждой заложенной катене. Отбор и анализ образцов почвы по катенам позволил пространственно учесть факторы деградации почв: водную и ветровую эрозию, переувлажнение, вероятное засоление. Систематизация и обобщение аналитических данных пробоотбора позволили разработать градации по степени загрязнения почв загрязняющими элементами для моделирования пространственно-временного изменения основных химических элементов в почве, которые могут выступать в качестве загрязнителя.

Модели пространственно-временного распределения загрязнителей в почвенном покрове исследуемой территории разработаны с учетом фактического содержания основных водорастворимых элементов в пахотном и подпахотном горизонтах почвы и геосистемной инвентаризации структуры почвенного покрова по почвенным

комбинациям. В разрезе административно-территориальных единиц – сельсоветов – получены качественные различия устойчивости почвенного покрова к техногенному засолению в разных метеорологических условиях. Это позволяет территориально локализовать меры по предотвращению загрязнения почв, в том числе техногенного засоления почвенного покрова и поверхностных вод.

Среди технологических приемов снижения фитотоксичности Na и Cl при возделывании сельскохозяйственных культур в условиях техногенного засоления земель следует отметить подбор сельскохозяйственных культур, толерантных к засолению и оптимизацию системы удобрения зерновых культур. Качественная оценка степени техногенного засоления, интерполированная по границам почвенных комбинаций, дает основание для дифференцированного применения систем удобрения и формирования типов севооборота из толерантных к засолению сельскохозяйственных культур. Изложенные принципы и методика пространственной идентификации почвенных комбинаций подтверждают возможность их использования в качестве операциональных единиц учета техногенного воздействия на почвенный покров.

*Исследование выполнено при финансовой поддержке БРФФИ в рамках научного проекта № Б17PM-061 от 01 июня 2017 г.*

#### **Список использованных источников**

1. Глазовская М.А. Методологические основы оценки эколого-геохимической устойчивости почв к техногенным воздействиям. Москва : Издательство МГУ, 1997. 107 с.
2. Перельман А.И., Касимов Н.С. Геохимия ландшафта. Москва, 1999. 610 с.
3. Романова Т.А., Червань А.Н., Андреева В.Л. Теоретические основы и практическая значимость исследований структуры почвенного покрова // Почвоведение. 2011. № 3. С. 300–310.
4. Червань А.Н., Романова Т.А., Лисецкий Ф.Н., Нарожняя А.Г. Геосистемный подход к организации природопользования в переувлажненных агроландшафтах (на примере СПК «Ловжанский» Витебской области Беларуси) // Научные ведомости Белгородского государственного университета. Естественные науки. 2016. № 25 (239). Вып. 37. С. 143–155.
5. Номенклатурный список почв Беларуси (для целей крупномасштабного картографирования). Минск, 2002. 19 с. (Утв. Приказом Комитета по земельным ресурсам, геодезии и картографии при Совете Министров Республики Беларусь от 21.05.2002 г. № 82).
6. Batjes N.H. Harmonized soil profile data for applications at global and continental scales: updates to the WISE database. Soil Use and Management, 2009. 25. P. 124-127.
7. Романова Т.А., Черныш А.Ф., Червань А.Н., Радюк А.Э. Агроэкологическая составляющая потенциала почвенно-земельных ресурсов // Почвоведение и агрохимия. 2010. № 2 (45). С. 40–49.

### **ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫНДА СТУДЕНТТЕРДІ ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ІС- ӘРЕКЕТІНЕ ДАЙЫНДАУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

***Ибрагимқызы Ш.***

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті,  
көптілді білім беру факультеті,  
аударма ісі және шетел тілдері кафедрасы, PhD.  
(Атырау қ., Қазақстан)

#### ***Аннотация***

Бұл мақала жоғары оқу орнында студенттерді ғылыми-зерттеу іс-әрекетіне дайындаудың ерекшеліктерін қарастырады. Шығармашылықпен ойланатын мамандарды тәрбиелеу ғылыми-зерттеу жұмысына қатыстыруға қажетті алғы шарттың болуын көрсетеді. Студенттердің ғылыми-зерттеу жұмысы жоғары оқу орнында болашақ мамандарды даярлаудың міндетті, табиғи бөлінбейтін бөлшегі болып табылады әрі оқу және ғылыми үдерістердің бірлігі негізінде шешілетін басты міндеттердің қатарына саналады. Жоғары оқу орнында оқытудың өзіндік ерекшелігі, бағдарламалық материалды ғана емес, ғылыми зерттеудің, шығармашылық іс-

әрекеттің дағдыларын да табысты меңгеруді қамтамасыз ететін студенттердің дербес жұмыстарын ойластырып ұйымдастыруды талап етеді.

**Тірек сөздер:** ғылыми-зерттеу жұмысы, студенттердің ғылыми-зерттеу жұмысы, ғылыми-зерттеушілік іс-әрекеті, жоо.

Ғылым мен техниканың қарқынды өсуінің әлемдік үрдістерге әсер етуі, экономиканың жаһандануы жағдайында мемлекет алдында өндіріс және оның ғылыми әлеуетін күшейту мәселесі өзекті. Сондықтан қазіргі кезеңде тәуелсіз еліміздің басымды міндеттерінің бірі қазақстандық ғылымды дамыту және оған қолдау көрсету болып табылады.

Жоғары кәсіптік білім берудің парадигма жағдайында ол өзінің міндеттерін, мазмұнын, технологиясын қайта анықтау мақсатында оқыту барысында студенттер қатыстырылатын іс-әрекеттің негізгі түрлерін ұйымдастырады.

Осы орайда ғылымдар (А.Я.Найн, В.И.Загвязинский, т.б.) еңбектерін зерделеу бұл мәселенің зерттелу бағыттарын айқындауға мүмкіндік берді. Біріншісі, студенттерді кәсіби даярлауда оқу әрекеті басымдылық ретінде қарастырылады, мұнда зерттеу іс-әрекеті оқу әрекетіне қосымша құрал ретінде қатысады. Екінші бағытта жеке компоненттер арқылы оқу және зерттеу іс-әрекеттері өзара байланыста қарастырылып, белгілі бір интеграцияға алып келуі тиіс, үшінші бағыттың мәні адамзаттың дамуының жаңа кезеңімен байланысты. Онда ғылыми-зерттеу іс-әрекеті кәсіптік білім берудегі жүйегүзуші фактор ретінде студенттің шығармашылықпен өз бетімен ізденуіне, дербес әдіспен білімді меңгеруіне алып келуі тиіс.

Сондықтан студенттердің ғылыми зерттеу жұмысы жалпығылыми, жалпыпедагогикалық, психологиялық және педагогикалық, дидактикалық және әдістемелік, әлеуметтік-педагогикалық тұғырлар, теориялық және тәжірибелік-эксперименттік зерттеулер, оқыз педагогикалық тәжірибелер синтезінен тұратын күрделі құбылыс.

Сонымен студенттердің ғылыми зерттеу жұмыстары жүйесіндегі өзгерістер жоғары оқу орнында іс-әрекеттің жаңа жағдайларына, отандық көпжылдық тәжірибеге, сонымен бірге әлемдік стандарт талаптарына жауап беретін ғылым мен білім интеграциясының әлемдік тәжірибесіне сәйкес ұйымдастырылуы және негізделуі тиіс. Демек жоғары оқу орнындағы оқу үрдісі оқыту, тәрбиелеу, өндірістік практика және ғылыми-зерттеу жұмыстарының жиынтығынан тұрады.

Жоғары оқу орнында студенттерді ғылыми-зерттеу іс-әрекетіне дайындаудың ерекшеліктерінің бірі «ғылым», «ғылыми зерттеу жұмысы», «ғылыми-зерттеушілік іс-әрекет» деген ұғымдардың мазмұнымен айқындалады.

**Қазақстан Республикасының «Ғылым туралы» заңында** «**ғылым** - функциясы табиғи байлықтарды ұтымды пайдалану және қоғамды тиімді басқару мақсатында табиғат, қоғам және ойлау заңдарын зерделеу, болмыс туралы объективті білімді тұжырымдау және теориялық жағынан жүйелеу болып табылатын адам қызметінің саласы» - деп түсіндіріледі [1].

Көптеген еңбектерде «ғылым мақсаты мен қызметі адамның өзі және оны қоршаған әлем жөніндегі білімді жасап шығарушы болып табылатын адамзаттың іс-әрекет шеңбері, қоғамдық сананың бір түрі. Ғылым деген атаумен табиғат, қоғам, құбылыстарын түсінуге және олардың дамуын алдын-ала болжауға мүмкіндік беретін бірте-бірте кеңейіп келе жатқан теориялық білім жүйесін белгілейді. Қазіргі кезде ғылым тікелей өндіргіш күшке айналып отыр» - делінген [2, б. 117].

**Қазақстан Республикасының «Ғылым туралы» заңында** *ғылыми зерттеу жұмысына* - бар білімді кеңейту және жаңа білім алу, ғылыми гипотезаларды тексеру, табиғат пен қоғам дамуының заңдылықтарын анықтау, жобаларды ғылыми жинақтау, ғылыми негіздеу мақсатында ғылыми ізденіс пен, зерттеулер, эксперименттер жүргізу мен байланысты жұмыс» деген анықтама берілген [1].

Көптеген әдебиеттерде ғылыми зерттеу іс-әрекеті білімді, іскерлікті өздігінен жаңа ситуацияға тасымалдау, таныс ситуацияда міндетті көре білу, объектінің жаңа функциясы мен құрылымын анықтау, проблеманы шешуде альтернативті бағытты ұстану ретінде сипатталады.

Ғылыми зерттеу іс-әрекетіне тән бірнеше басты ерекшеліктерді атап көрсетуге болады:

- ғылыми зерттеу іс-әрекеті максатының оқу мақсаттарына тәуелділігі;
- ғылыми зерттеу іс-әрекетінің негізгі әдістері – танымдық әдістер;
- ғылыми зерттеу іс-әрекетіне оқытушының немесе ғылыми қызметкердің жетекшілік жасауы;
- ғылыми зерттеу іс-әрекеті арқылы болашақ мамандарда кәсіби өзбеттіліктің, кәсіби іс-әрекет барысында туындаған практикалық міндеттерді шығармашылық тұрғыда шешу қабілетінің қалыптасуы;
- мәселелік жағдаятты нәтижелі шешуде қолданылатын ақпарат көлемінің кеңдігі.
- идеяны толық шешілуіне дейін жеткізу ғылыми зерттеуді жоспарлы жүргізуде ғана іске асады.

В.И. Андреев «оқу-зерттеу жұмысы» және «ғылыми зерттеу жұмысы» «оқу-шығармашылық іс-әрекет» пен «болашақ мамандардың ғылыми шығармашылығы», «ғылыми шығармашылық» пен «ғылыми зерттеу іс-әрекеті» деп синоним ретінде қолданған. Ол ЖОО-да болашақ мамандардың оқу-шығармашылық іс-әрекетін сипаттай келе, «ол біріншіден, оқу-шығармашылық міндеттерді шешуге бағытталған оқу іс-әрекетінің бірі, екіншіден ол қосалқы немесе перспективті басқаруда педагогикалық құралдарды қолдану жағдайында жүзеге асырылады; үшіншіден, мұндағы басқару максималды түрде жеке тұлғаның өзін-өзі басқаруына бағытталған; төртіншіден, аталған іс-әрекеттің нәтижесі жеке тұлғаның дамуындағы субъективті жаңалығы, маңыздылығы, прогрессивтілігі, әсіресе оның шығармашылық қабілетінің дамуы болып табылады – деп тұжырымдаған [3, с.213].

Я.А.Пономарев зерттеуі ғылыми техникалық шығармашылыққа арналған, ол басқаруда қоғамның қажеттіліктері емес, жеке зерттеушілердің білімге құштарлығы шектелген деп есептейді [4, с.48].

Осы ғалымдардың ғылыми зерттеулері шығармашылықтың ролін табиғат пен адамзаттың даму механизмі ретінде ұғынуға мүмкіндік береді. Адамзат қоғамында шығармашылық мәселесіне деген қызығушылық барлық уақытта сақталып келді. Барлық кезеңде шығармашылық үдерісіндегі табиғат пен әлемнің арасындағы үйлесімділік тетіктері, қоршаған әлем мен адам санасының дамуы, айырмашылығы ашып көрсетілген.

Г.К.Баймукашева студенттердің ғылыми зерттеу әрекетін құбылыстар мен үдерістерді түсіндіруге, олардың қатынастары мен байланыстарын орнатуға, фактілерді теориялық және эксперименттік тұрғыдан негіздеуге, танымның ғылыми әдістері арқылы заңдылықтарды анықтауға бағытталған ғылыми сипаттағы іздену қызметі деп анықтайды [54, б.51]

Оқу-шығармашылық іс-әрекет нәтижесі субъективті жаңалық пен оның мағыналылығы болып табылатын оқу-шығармашылық міндеттерді шешуге бағытталатын оқу іс-әрекетінің бір түрі.

С.А.Новоселов өз ғылыми зерттеуінде шығармашылыққа баулудың ең маңызды кезеңі шығармашылық міндеттерді шешуге, қабілеттерін дамытуға бағытталған педагог пен болашақ мамандардың өзара әрекеті деп есептейді [6, с.162].

Осы тұрғыдан жоғары оқу орнында студенттерді ғылыми-зерттеу іс-әрекетіне дайындаудың ерекшеліктерінің бірі - алдымен осы іс-әрекетті жоспарлаудың, ұйымдастырудың және ынталандырудың негізгі түрлерін бөліп көрсету және ғылыми-зерттеу жұмыстарына мотивациялық сипаттамаға беру:

- оқу үрдісіне негізделген ғылыми-зерттеу жұмысы;
- қосымша оқу үрдісіне негізделген ғылыми-зерттеу жұмысы;
- оқу үрдісімен қатар жүргізілетін ғылыми-зерттеу жұмысы.

Осы орайда ғылыми-зерттеу жұмыстарының негізгі сипаты, атап айтқанда, білімділік пен дағдының алуан түрлілігі; мақсаттылығы мен бағытылығы; маңыздылығы, дербестігі және кері байланыстың болуы. Осыған сәйкес студент тұлғасының негізгі психологиялық сипаттамасы атауға болады, олар: ғылыми-зерттеу жұмысының маңыздылығын сезінуі және оның табысты аяқталғанына сенуі; ғылыми-зерттеу жұмысы үшін жауапкершілікті сезінуі; ғылыми-зерттеу нәтижелері жайлы білімінің болуы. Ал осы атаптып көрсетілген сипаттар мен сипатамалар студенттердің ішкі жоғары мотивациясын тудыра отырып, мотивтерін айқындайды, сонымен

қатар өз жұмыстарына қанағаттану сезімдерін қалыптастырады.

Сонымен оқу іс-әрекетін танымдық, интеллектуалдық іс-әрекеттер құрайды, ал оның нәтижесі тұлғаның әрекеттік қабілеттері және қарым-қатынас жүйесі, ғылыми зерттеу әрекетінің нәтижесіндегі меңгерілген жаңа білім, зерттеу құзыреттілігі.

Осыданоқу үдерісі студенттердің шығармашылық іс-әрекетке қызығушылығын дамытуда тұлғаның интеллектуалдық аспектісін ғана емес, оның психологиялық мінез-құлық ерекшеліктерін де көздейді. Оған: оқу материалдарын түсініп, оларды ой елегінен өткізіп игеруге танымдық ынтасы, жаңа жағдайларды сараптау, мәліметтерді ой таразысына салу, икемділік, ойлау белсенділігі, табандылық, ынтымақтастық, сезімталдық, болжау, ой қорытындысын жасау сияқты психологиялық сапалары тән.

Оған В.Э.Мильманнның «Тұлға құрылымының мотивациялық диагностикасы» әдістемесін қолданылған тәжірибемізді келтіруге болады. Бұл әдістеме кәсіби іс-әрекет, соның ішінде зерттеу іс-әрекетінің мотивациясын диагностикалау үшін қолданылады. Бұл әдістемеді сыртқы және ішкі мотивация тұжырымдамасы негізге алынған. Мотивацияның ішкі типінде тұлға үшін іс-әрекеттің маңыздылығы жөнінде айтылады. Егер зерттеу іс-әрекеті мотивациясының негізіне басқа қажеттіліктерді қанағаттандыруға талпыну алынса, сыртқы мотивация іс-әрекет мазмұнына қатынасы бойынша (әлеуметтік мәртебе мотивтері, төлемақы, т.б.), онда бұл жағдайда сыртқы мотивация туралы айтылады. Сыртқы мотивтер сыртқы жағымды және ішкі жағымды болып бөлінеді. Нәтижесінде тұлғаның мотивациясының үш түрі анықталады: ішкі мотивация, сыртқы жағымды мотивация, сыртқы жағымсыз мотивация. Әдістеме тұлғаның жалпы және шығармашылық қабілетіне, қарым-қатынасына, әлеуметтік статусына және т.б. кейбір ұстанымдарына әсер етеді [7, с. 55].

Сонымен бірге Е.Е.Туниктің «Жеке тұлғаның шығармашылық диагностикасы» әдістемесіне назар аударылды. Бұл әдістеме болашақ маманның қаншалықты шығармашыл адам екенін шығармашылық ойлау, шығармашылық белсенділік деңгейін анықтауға мүмкіндік береді [7, с. 42].

Қорыта келгенде, болашақ маман ретінде студенттердің оқу-шығармашылық іс-әрекетін тиімді ұйымдастыру педагогикалық шығармашылық пен тұтас педагогикалық іс-әрекеттің басты мақсаттарының бірі болып табылады. Сонымен бірге студенттің оқу шығармашылық іс-әрекетінің шынайылығы жоғары оқу орнындағы педагогикалық үдерістің басты компоненттерінің біріне саналады. Мұндағы педагогтың шығармашылық білім берушілік іс-әрекеті жаңалығымен, бірегейлігімен ерекшеленетін педагогикалық өнімді жасауға мүмкіндік беретін қабілеттер, түрткі, білім және іскерліктердің қарапайым түрінен күрделіге өсуі байқалатын болашақ мамандардың жаңа тәсілдер мен құралдарды құруда өзара әрекеттесуінің өнімді әрекеті деп сипатталады. Демек, жоғары оқу орнында студенттердің ғылыми-зерттеу іс-әрекеті ұйымдастырылатын және басқарылатын педагогикалық үрдіс әрі әлеуметтік-мәдени динамикалық жүйе болып табылады, ол студенттерді ғылыми-зерттеу іс-әрекетіне қатыстыру мәселесімен тікелей байланысты.

### **Әдебиеттер тізімі**

1. Қазақстан Республикасының «Ғылым туралы заңы» Астана, Ақорда, 2011 жылғы ақпанның 18-і, №407 – IV.
2. **Қаңтарбай С.Е., Жүсіпова Ж.А. Ғылыми-педагогикалық зерттеу әдістемесі: оқулық. – Алматы: ЖШС РПБК «Дәуір», 2011. – 272 б.**
3. Андреев В.И. Диалектика воспитания и самовоспитания творческой личности. Основы педагогического творчества. - Казань: Изд. Казанского университета, 1988. – 229 с.
4. Психология творчества / под ред. Я.А. Пономарева. – М.: Наука, 1990. – С.47–48.
5. Баймукашева Г.К. Студенттердің ғылыми зерттеу әрекетін қалыптастырудың педагогикалық шарттары: пед. ғыл. канд. ... автореф. - Атырау, 2010. - 27 б.
6. Новоселов С.А. Дидактическое творчество студентов педагогических специальностей: содержание, формы и методы развития. - Екатеринбург, 2009. – 162 с.
7. Фетискин Н.П., Козлов В.В., Мануйлов Г.М. Социально-психологическая диагностика

УДК 574:552.578.2

## ТОПЫРАҚ ЖАМЫЛҒЫСЫНА МҰНАЙ ӨНІМДЕРІНІҢ ӘСЕРІ (АҚЖАР-2 КЕН ОРНЫ МЫСАЛЫНДА)

Жазым Ақмарал  
Zhazym.akmon@bk.ru

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университетінің Жаратылыстану факультетінің студенті  
Ақтөбе, Қазақстан  
Ғылыми жетекші-С.Қ.Алмат

Өндірістің мұнай және газ саласы халық шаруашылығының жетекші орындарының біріне ие және қоғамның жағдайының жақсаруына елеулі ықпал етеді. Мұнай және газ өндірісінің жұмысшыларының алдында мұнай және газды жоғары деңгейде өндіру, кеңіштерді барынша тиімді пайдалану, жаңа кен орындары мен ескі мұнай-газ өндіру кеніштерін тиімді игеру тәрзді үлкен мақсаттар тұр.

Мұнай және мұнай өнімдерін өндіру, өңдеу және тасымалдау жердің топырақ қабатының құнарлығына кері әсерін тигізеді. Құнарлы топырақ мол өнім екені белгілі. Сонымен бірге біздің планетамызда топырақ маңызды басқа да роль атқарады. Жердің топырақ жамылғысында және оның гумустық қабатында тірі организмдердің және олардың биогенді энергиясының негізгі бөлігі орналасқан. Осыдан «топырақ-организмдер» экологиялық жүйесі биосфераның қалыптасуының, тұрақтылығының және өнімділігінің бас механизмін бірі болып табылады.

Топырақ кез келген топырақтық экожүйенің маңызды ажырамас бөлігі болып табылады. Биосфераның тұрақтылығын сақтауда үлкен роль атқарады. Оның бақылаусыз қолдануы топырақ қабатының бұзылуына әкеледі. Топырақтың деграациялануы ғаламдық сипатқа ие және экологиялық құлдыраудың негізгі себептерінің бірі болып табылады.

Топырақ қабатының ластануы оның тұрақты функцияларын бұзады: физико-химиялық қасиетін өзгертеді, биохимиялық процестердің сипаттамасын, микроботаның белсенділігін төмендетеді. Осыған байланысты топырақтың мұнай және мұнай өнімдерімен ластануының өзекті проблемасы қарастырылып, топырақ қабатының жағдайына экологиялық баға беріліп, оны шешу жолы келтіріледі.

Топырақтағы мұнайдың толық өзгеру заңдылығын зерттей келе Ю.И. Пиковский (1988) мұнай – көптеген әртүрлі компоненттерден тұратын жоғары ұйымдасқан субстанция екендігін айтады. Ол топырақта өте баяу деграацияланады.

Қазіргі таңда кен орнына енгізілген өнімділігі жоғары қабаттарды іріктеп алуды арттырудың жаңа технологиялары қабаттан ығыстыру әдісімен мұнай өнімділігін айтарлықтай арттырады. Дегенмен, мұнай өнімділігінің артуы қоршаған ортаға тасталатын немесе шығарылатын зиянды заттар мөлшерінің көбеюіне соқтыруы ықтимал. Әсіресе мұнай өнеркәсіптерінің қалдықтарымен және зиянды заттарымен топырақтың ластануы көп кездеседі.

Мұнай және мұнай компоненттері топыраққа түскен кезде геохимиялық қасиеттер мен топырақ режимінің өзгерістерінің ерекшеліктерін анықтау топырақ қабатын тазарту және сақтау жұмыстарын бағыттауға ғылыми тұрғыдан кең жол ашады. Осыған байланысты Ақжар 2 кен орнындағы мұнай және мұнай өнімдерімен ластанған топырақтың ластану дәрежесі анықталды. Ластанған топырақтың физикалық, химиялық құрамы бірнеше жерден алынған топырақпен салыстыра отырып анықталды. 1961 жылы ашылған Ақжар-2 құрылымында геологиялық барлау жұмыстары 1962 жылы басталды, бірінші мұнай ағыны 1963 жылы төменгі триас (К-34 ұңғымасы) және орта юра (К-17 ұңғымасы) екі құрылымдық-здеу ұңғымаларынан алынады. Кен орнында сол кезден бастап 4013 ұңғыма өңделген болатын, қазіргі кезде 440 ұңғыма

қосылған. Ақжар 2 мұнай-газ кен орнының жалпы аумағы 3728,9 га[1]. Кеніш аумағын Жем өзені кесіп өтеді. Ақжар 2 кенішінен Ресейдің Орск қаласына ұзындығы 115 км мұнай айдау құбыры тартылған. Кеніштің тұз үсті мұнай кешенінің аумағы 2673,8 га ( 27,27 км<sup>2</sup>). Тығыздығы - 876-909 кг/м<sup>3</sup> мұнай құрамында 0,43-0,81% күкірт, 0,37-2,97% парафин, 6,2-11,4 % шайыр бар. Тығыздығы 821-850 кг/м<sup>3</sup> жеңіл мұнай құрамында 0,24-1,24 % күкірт, 1,53-6,76 % парафин және 1,2-8,5% шайыр бар [2]. *Географиялық жағдайы* - жазық, жартылай шөлейтті аймақ. Рельефі теңіз деңгейінен 170-230м биіктікте, жазық-қыратты. Алқаптың рельефі аздап тауланған жазық, дараланған арқалықтан және жыралардан тұрады және плюс 170- тен плюс 230 м дейінгі белгілермен мінезделеді.

Ақжар 2 кен орнына жақын Бозоба, Кокжиде кен орындары бар, ал Ұрықтау, Жаңажол, Әлібекмола, Кожасай, Синельниковское сияқты кен орындары біршама алыс орналасқан. Ең жақын әрі біршама ірі мұнай өңдеу кәсіпорны Жаңажол газ өңдеу зауыты болып табылады. Аудан аз қонысталған, ең жақын елді мекен болып Ақжар 2 кен орны табылады. Ол солтүстік-шығыс жағында 15 км жерде орналасқан, және солтүстік- батыс жағында 5 км жерде Ақжар 2 мұнай кәсіпшілігі орналасқан.

Ақжар 2 кен орнының топырағына далалық, зертханалық жағдайда экологиялық, химиялық, сараптама жұмыстары жүргізілді. Ластанған топырақтың мұнай өнімдерімен ластануына, мұнайдың топырақтың химиялық құрамына әсеріне толық баға берілді

Жүргізілген физико-химиялық, химиялық зерттеулер нәтижесінен төмендегідей қорытынды шығаруға болады:

1. Топырақтың ластану дәрежесінің жоғарылауына байланысты көміртек қосылыстарының топырақтағы құрамы қалыпты жағдайға қарағанда біршама жоғарылаған.

2. Мұнаймен ластанған топырақ кескіні қою қоңыр және шайырлы қара түсті, битум қабығы жабысқақ, тығыз болып келген.

3. «ФЛЮОРАТ-02» сұйықтық анализаторында жасалған зерттеу жұмысының нәтижелері ұңғыма маңынан алынған топырақтың құрамында 0,0367 мг/г мұнай және мұнай өнімдері, ал одан алшақтаған сайын ластану мөлшері кемігендігін 0,00425 мг/г көрсетеді. Екінші сынама мен үшіншісінің ластану дәрежесі шамалас – 0,0244 мг/г және 0,0217 мг/г.

4. Топырақтың рН ортасы 1-сынамадан сілтілік, ал 4-сынамаға қарай бірқалыпты төмендеп, нейтрал ортаға қарай ауысқан.

5. Кальций мен магний иондарының ластанған 100 г топырақта 0,075% және 0,045 %, ал тұрғылықты жер маңынан алынған топырақ құрамында оған қарағанда біршама кем екенін байқауға болады. Оның себебі, мұнай құрамындағы ақаба суларының әсері болуы мүмкін. Себебі ақаба сулар кальций, магний карбонаттарымен басқа да тұздардың сулы ерігіндісі болып табылады.

Бикарбонаттар мөлшері 100 г топырақта ластанған топырақтан тұрғылықты жер топырағына қарай 0,0267 %-дан 0,0763 %-ке дейін өсуі көрінеді. Яғни, тұрғын жердің құрамындағы бикарбонаттар мөлшері ластанған топыраққа қарағанда қалыпты жағдайда қалған. Мұнай және мұнай өнімдері ұңғыма маңынан алынған топырақ құрамындағы бикарбонаттарға әсерін тигізгені байқалады.

Сол сияқты, хлор , сульфат аниондарының мөлшері топырақтың ластану дәрежесіне кері пропорционал. Егер ұңғыма маңынан алынған топырақтың құрамында 0,0391% хлор анионы болса, сол ұңғымадан 1 км қашықтықта алынған топырақ құрамында хлор анионы 1,5 есе, ал тұрғылықты жер топырағында 2 есе артық болды. Яғни, тұрғылықты жер топырақ қабатына мұнай және мұнай өнімдерінің әсері байқалмайды.

Дәл осылай сульфаттардың мөлшері ластанған топырақта 5 есе азайған. Бұл көрсеткіштердің барлығы ластанған топырақтың құрамы бастапқы қалпынан ауытқығанын көрсетеді.

Жүргізілген зерттеулер нәтижесінен Ақжар-2 мұнай кен орнының топырақ жамылғысы мұнай және мұнай өнімдерімен ластанған деген қорытынды шығады.

#### Қолданылған әдебиеттер тізімі



1. Справочник месторождения нефти и газа Казахстана. – А. 2005г – 55 б. Производственный экологический мониторинг в зоне воздействия объектов
2. Мукатанов А. Х., Рывкин П. Р.// Влияние нефти на свойства почв. – М.: Нефтяное хозяйство, 1986 ж. - №5 53 б.
3. Кураков А. В., Гузев В.С.// Нефтезагрязненные почвы: модификация, свойства, мониторинг и биотехнологии рекультивации. – М.: изд. ФИАН, 2003 ж. – 48 б.
4. Мырзағалиев Қ, Оразбаев Қ, Медіханов Қ. «Мұнай жөніндегі мағлұматтар». Алматы: Жолдас 1999 жыл.

**УДК 574.24**

## **ТҰРМЫСТЫҚ ХИМИЯНЫҢ АДАМ АҒЗАСЫНА, ҚОРШАҒАН ОРТАҒА ӘСЕРІ**

**Даулетияр Аяжан**

Dauletiyar.ayazhan@mail.ru

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университетінің  
Жаратылыстану факультетінің студенті  
Ақтөбе, Қазақстан  
**Ғылыми жетекші-С.Қ.Алмат**

Соңғы жылдары косметикалық және жуғыш заттардың ассортименти едәуір кеңейіп қалды. Бұл жағдай бір жағынан химия өнеркәсібінің дамуымен байланысты болса, екінші жағынан халықтың тұрмыс деңгейінің жоғарылап, тұтынушылардың сапалы бұйымдарға сұранысының күннен күнге өсуімен байланысты. Тұрмыстық химия заттарын өндірудің ғылыми негізделген жолын салуға медицина, биология, фармацевтік химияның соңғы жетістіктері өз септігін тигізуде.

Кез келген косметикалық немесе жуғыш зат құрамына 5-20 химиялық қосылыстар кіретін күрделі композиция болып келеді. Сондықтан мұндай қоспаларды алу кезінде олардың арнайы әсер етуіне де, адам мен қоршаған ортаға залалсыздығына да ерекше назар аудару керек. Бұл факторларды ең алдымен тұрмыстық химия заттарын сараптауда есепке алады.

Тұтынушыға ұсынылатын химиялық қосылыстардан тұратын заттарда неге арналғаны, құрамы, сақтау жағдайлары мен сақталу мерзімі көрсетілу керек. Оларды басқа мақсатта қолдану адам ағзасына кері әсер етуі мүмкін. Құрамына кіретін химиялық компоненттердің қоршаған ортадағы мөлшері бұл заттар үшін бекітілген шекті концентрациядан аспау керек.

Косметикалық, жуғыш және басқа тұрмыстық химия заттарының көбі дисперстік жүйелерге жатады. Дисперстік жүйелердің негізгі ерекшелігі — дисперстік фаза бөлшектерінің дисперсиялық ортадағы шекті ерігіштігі осы қоспаларда кеңінен байқалады. Мысалы, эмульсиялар мен суспензиялар — сұйық/сұйық және сұйық/қатты сынды ірі дисперсті жүйелер. Ал пасталар болса 25-80 % қатты бөлшектерден тұратын концентрленген суспензиялар. Паста тұрақты болу үшін дисперсті бөлшектердің беті дисперсиялық орта сұйығымен сольваттану керек. Ұнтақтар болса бөлшектерінің өлшеміне байланысты қатты/газ дисперсті жүйелеріне жатады. Газ ортасында сұйық зат тараған дисперсті жүйелерден тұратын тұрмыстық химия өнімдеріне аэрозольдер жатады.

Аталған өнімдердің аса көп және әмбебап қолданылатыны жуғыш заттар болғандықтан, бұл жинақта олардың құрамына ерекше назар аударылып отыр.

Зерттеу жұмысымыздың мақсаты тұрмыстық химия өнімдерінің күнделікті өмірдегі қолдану туралы білімді ұлғайту.

Тәніміз бен киіміміздің тазалығын сақтауда түрлі сусабындар мен ұнтақтарды қолданатынымыз рас. БАҚ әлемін жаулап алған жарнамалар олардың жақсы қасиеттері туралы жұрттың құлағын жауыр еткенімен, осы тауарлардың адам ағзасына, қоршаған ортаға әсеріне кім көңіл аударып жатыр? Ал, көпшілігіміз тауар жарнамаланса, оның бізге келтірер залалы

жоқ деп ойлаймыз. Шынтуайтында, мәселе – мүлдем басқаша. Кейбір ақпарат құралдары, тіпті кереғар мәлімет береді. Ендеше, бұл мәселенің түп-төркініне тереңірек үңіліп көрелік.

Соңғы жылдары тұрмыста қолданылатын химиялық заттар түрі өте көбейіп кетті. Түрлі хош иісті сабын, сусабын, гель, кір жуатын ұнтақ сияқты жуынууда, кір жуу процесінде қолданылатын заттардың құрамында әр-алуан химиялық қоспалардың бар екені шындық. Міне, осы заттардың адам ағзасына тигізетін әсерінің жоқ емес екенін де ешкім жасыра алмайды. Сонымен қатар, кір жуғыш ұнтағын көбірек салсақ, кірді тез кетіреді деген түсінік қалыптасқан. Бірақ тіпті олай емес екенін айтқан абзал. Сатылымдағы кір жуғыш ұнтақтар, негізінен, фосфат құрамдас болып келеді. Ал, фосфат – кір жуғанда суды жұмсартып, кірді кетіреді. Оның құрамындағы кірді ағартатын химиялық қоспалар мен жуылған кірге хош иіс беретін заттар жуылған мата талшықтарында қалып қояды. Оларды шайып шығару үшін кемінде кірді 7-9 рет таза сумен шайқау керек. Шынына келгенде, жуылған кір 2-3 рет қана шайылады да, олардың бәрі матада қалып қояды, сөйтіп адам ағзасына зиянын тигізеді. Мысалы, қышыма, қотыр сияқты тері дерттері осыдан келіп шығады екен. Адам терісін де шектен тыс құрғатып жібереді. Кір жуғанда қолдың құрғап, тіпті қызарып кетуіне де осы кір жуғыш ұнтақтың құрамындағы фосфат элементі себепші. Ал, оның балалар денесіне тигізетін зиянды әсерін айтпаса да түсінікті. Синтетикалық қоспа адам ағзасына келіп түсіп, аллергиялық реакция туғызуы мүмкін. Енді осы факторға бүгінгі күнгі адамдардың ағзасындағы иммунитет қасиетінің нашарлауын және қоршаған ортаның жылдан-жылға бұзылып, экологияның қарқынды өзгеріске ұшырауын қоссақ, онда кір жуғыш ұнтақты дағдылы пайдаланудың адамға тигізетін залалын да айтпай кетуге болмайды. Аллергиялық аурулардың келіп шығуына адамның иммундық жүйесінің төмендеуі себепші болады. Бұл, сөз жоқ, жас ұрпақтың болашағына қауіптен қарап, тиесілі баға беруді, мұндай дерттің алдын алу шараларын ертерек қолға алуды міндеттейді.

Химиялық өнімдерді пайдаланбастан бұрын, барлық ұсыныстарымен танысып алу қажет және қорабының сыртында көрсетілген қауыпсіздік ережесін оқып, оларды міндетті түрде сақтауға тиіспіз. Химиялық өнімдерді нұсқасында көрсетілген көлемінде пайдалану қажет.

Тұрмыстық химиялық өнімдер қазіргі кезде бүкіл дүниежүзінде, соның ішінде біздің елде де жыл сайын көптеп қолданылуда. Бұл өнімдер жыл өткен сайын қоршаған ортаға, адам денсаулығына өте зор зиян келтіре бастады.

Өсімдіктер де табиғат әлемінің бір бөлігі болғандықтан, көк жуа мен қызанаққа жасаған лабораториялық зерттеу тұрғысында баға бере отырып, тұрмыстық химиялық өнімдерінің өсімдіктерге келтірген зиянын бақылай отырып, қоршаған орта мен тірі ағзаларға келтіретін әсері қауіпті деп айтуымызға болады.

Зерттеу нәтижелері

-тұрмыстық химия өнімдерінің құрамында активті хлорының бар екенін зерттеу, олардың «5+ дақ кетіргіш», «5+ағартқыш+дақ кетіргіш» ағартқыш заттарында өте көп мөлшерде, кір жуғыш ұнтақтарында бар екенін және әйнек жуғыш заттарында түгелімен жоқ екенін көрсетті.

-тұрмыстық химия өнімдерінің активті оттегінің бар екенін зерттеу, олардың «5+ дақ кетіргіш», «Vanish ағартқыш+дақ кетіргіш» ағартқыш заттарында өте көп және кір жуғыш ұнтақтары мен әйнек жуғыш заттарында бар екенін көрсетті. Яғни, аталған заттардың жуғыш қасиетінің белсенділігі жоғары.

Тұрмыста қолданылатын химиялық өнімдер: жүздеген мың тонна сульфат, хлорид, т.б. элементтер күнделікті өмірде, өндірісте, ауылшаруашылықта көптеп пайдаланып, қоршаған орта мен адам денсаулығына аса зор зиянын тигізуде. Сондықтан бүкіл ел ғалымдары тұрмыстық химия өнімдерінің экологиялық таза өнімін өндірудің жолдарын іздестіруде.

Қазіргі дүниежүзінің кейбір елдерінде құрамында зиянды элементтері жоқ тұрмыстық химия өнімдерін, соның ішінде фосфаты жоқ кір жуғыш ұнтақтарын шығару жолға қойған. Әсіресе, Германия, Норвегия, Австрия, Италия кір жуғыш ұнтақтарына фосфат химиялық қоспасын қосуға қатаң тыйым салынған заң қабылданған. Тайвань, Гонконг, Тайланд елдері де осы тізімге кіреді. Тіпті мұндай елдерде автокөлік жуатын сусабын да фосфатсыз жасалып шығарылады.

Сондықтан да біз тұрмыстық химия өнімдерінің қоршаған орта мен адам денсаулығына қаншалықты зиянды екенін көре отырып, оларды қолдану алдында олардың құрамына, сақталу мерзіміне, пайдалану ережелеріне мұқият қарау керек. Сонымен бірге тұрмыстық химия өнімдерінің экологиялық таза түрлерін іздестіріп, аталған елдерден алдыратын боламыз және болашақта біздің елімізде де экологиялық таза тұрмыстық химия өнімдері өндіріле бастайды деп сенеміз.

#### Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Кукушкин Ю.Н. Химия вокруг нас. – Л.: Химия, 1993.
2. Лепешков И.Н., Розен Б.Я. Минеральные дары моря. – М.: Наука, 1972.
3. Теддер Дж., Нехватал А., Джубб А., Промышленная органическая химия. – М.: Мир, 1977.
4. Чалмерс Л. Химические средства в быту и промышленности. – Л.: Химия, 1969.
5. Рудзитис Г.Е., Фельдман Ф.Г. Химия-10. М.: Просвещение, 1991

УДК 678.942.3.063

#### Исследование строения и свойств термоэластопластов на основе полиолефинов

Нуркулов Ф.Н., Джалилов А.Т., Каримов О.Т., Каршиев М.Т.

Государственное унитарное предприятие Ташкентский научно-исследовательский институт химической технологии  
[nfayzulla@mail.ru](mailto:nfayzulla@mail.ru)


Расширение области применения, ужесточение технологических и экологических требований к изделиям из полимеров вызвало необходимость точной оценки явных достоинств и принципиальных недостатков каждого полимерного материала. В случае эластомеров типичными недостатками являются невозможность вторичной переработки композиций. В этой ситуации вполне обоснованными являются использование модифицированного термопласта лишенного недостатков [1]. В сегодняшний день развиваются интерполимеры-сополимеры, имеющие гомогенную структуру (компоненты полимера не выделяются в отдельные фазы). Однако, были обнаружены признаки межфазного расслоения при исследовании плёнок интерполимеров физическими методами. Очевидно, микроагрегация фрагментов полимеров происходит за счет формирования плёнки из раствора, но областей, построенных из разнородных фрагментов, не имеют высокую протяжённости, поэтому полученные полимерные плёнки сохраняют свою прозрачность [2].

Смесевые термоэластопласты (ТЭП) получали высокоскоростным смешением в расплаве вторичного полиэтилена (ВПЭ) или низкомолекулярного полиэтилена (НПЭ) с синтезированным хлорсульфированным полиэтиленом (ХСПЭ). Для смесевых ТЭП уровень прочности термопласта, как правило, не достигается.

Термоэластопласт ХСПЭ:ВПЭ, благодаря присущему ему комплексу свойств, получил широкое распространение при создании эластичных, кислотостойких термоэластопластов. Однако вместе с этим термоэластопласт ХСПЭ:ВПЭ имеет ряд недостатков, таких как, в первую очередь, невысокие деформационно-прочностные и адгезионные характеристики при создании покрытий, низкая влаго- и термостойкость, недостаточная стабильность при действии УФ-облучения.

Из представленных ИК спектров видно, что полосы поглощения смеси хлорсульфированного полиэтилена на основе вторичного полиэтилена при соотношении 1:1 соответствуют валентным колебаниям относящиеся к области  $2515 - 3058 \text{ см}^{-1}$  и пики в области  $2730-2850 \text{ см}^{-1}$  соответствуют симметрии  $-\text{CH}_2-$  групп. Слабые пики, относящиеся к  $-\text{CH}_2-$  группам, соответствуют колебаниям в области  $1464-720 \text{ см}^{-1}$ . Также были определены колебания


в области  $1715\text{ см}^{-1}$  относящиеся к  $\text{C}=\text{O}$  группе, а в области  $1720\text{ см}^{-1}$  к  $\text{C}=\text{C}$ ,  $1120\text{--}1230\text{ см}^{-1}$  к  $\text{S}=\text{O}$  связям, а в области  $800\text{--}600\text{ см}^{-1}$  – к  $\text{C-S}$ . Характерными полосами поглощения для хлорсульфированного полиэтилена являются пики в областях  $1370\text{--}1365\text{ см}^{-1}$  и  $800\text{--}600\text{ см}^{-1}$ , относящиеся к  $\text{R-SO}_2\text{-Cl}$  и  $\text{C-Cl}$  связям, соответственно.



**Рисунок 1. ИК-спектр исследования термоэластопласта составом ВПЭ:ХСПЭ**

Дифференциально - термогравиметрические исследования термоэластопласта составом ВПЭ:ХСПЭ и НПЭ:ХСПЭ. На кривой ДТА дериватограммы образца Рисунок 2.№1 обнаружено шесть эндотермических эффектов при температуре  $133, 184, 200, 230, 355, 780^{\circ}\text{C}$  и шесть экзотермических эффектов при  $80, 305, 390, 505, 605$  и  $660^{\circ}\text{C}$ . Общая потеря массы в интервале температур  $80^{\circ}\text{C}$  по кривой термогравиметрии составляет  $85,41\%$ . Кривая нагревания дериватограммы образца рисунок 2.№2 характеризуется шестью эндотермическими эффектами при температуре  $128, 140, 230, 645, 720, 770^{\circ}\text{C}$  и двумя экзотермическими эффектами при  $316$  и  $485^{\circ}\text{C}$ . Общая убыль массы в диапазоне температур  $80\text{--}900^{\circ}\text{C}$  по кривой термогравиметрии составляет  $91,24\%$ . Из рисунок 2 видно, что введение оксида магния в ХСПЭ способствует повышению температуры начала разложения до  $160^{\circ}\text{C}$ , что позволит расширить интервал переработки смесевых ТЭП. Кроме того, оксид магния увеличивает температуру потери массы полимера на  $10\%$  ( $T_{10}$ ). При этом характер деструкции ХСПЭ не изменяется, что свидетельствует о роли оксида магния как акцептора хлористого водорода.

9. Зеленин М.В. «Совершенствование эталонной базы отечественных машиностроительных предприятий». // «Мир измерений», №5, 2011.

**«АҚЫЛДЫ ҚАЛА» (SMART CITY) ТЕХНОЛОГИЯСЫ, СТАНДАРТТАУ ЖӘНЕ  
АЙНАЛЫМҒА ЕНГІЗУ МӘСЕЛЕЛЕРІ**

**Маралбай Маржан, Дүйсенбекова Айша, Елемес Жандос**

*nako02@mail.ru*

**М.Х.Дулати атындағы ТарМУ магистранттары**

**Ғылыми жетекшісі – Р.Т.Қауымбаев**

**М.Х.Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университеті, Тараз қ.**

Қоғамға Төртінші Өнеркәсіптік Революция элементтерін кеңінен енгізуге негізделген ҚР Президенті Н.Назарбаевтың 2018 жылдың 10 қаңтарындағы халыққа Жолдауы негізгі он бағыттан тұрады, ал оның бір бағыты, яғни оныншы бағыты қазіргі кезеңдегі жахандық даму сипатындағы «Ақылды қала» (Smart City) технологиясын енгізуге арналған. Нақты тәжірибелік міндеттер қойылған бұл кешенді бағдарламаның барлық қазақстандықтар үшін маңызы өте зор, соның ішінде осы оныншы бағыттың қалалық ортаны ақылды стандарттар көмегімен басқарудың кешенді түрін енгізуге бағытталуының қазіргі таңда маңызы өте зор [1].

Осы бағытта елімізде бірқатар жұмыстар да атқарылуда, ол туралы Үкімет отырысында Ақпарат және байланыс министрі Д.Абаев баяндаған. Министр атап өткендей, Smart City концепциясы барлық қалалық қызметтердің тиімділігін арттыруға бағытталған. Smart City миссиясының негізі - адам және оның қажеттіліктерін қанағаттандыру. Ақылды қаланың негізгі сипаттамалары - жайлылық, қауіпсіздік, тиімділік және экологиялық. «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасының негізгі көрсеткіштерінің бірі - еліміздің бес ірі қалаларында - Smart Astana, Smart Karaganda, Smart Ontystuk, Smart Almaty, Smart Aktobe қалаларында «Smart City» технологияларын дамытуды көздейді» [2].

Президент өз Жолдауында бұл тақырыпты бекерден-бекер көтермеген, өйткені қазіргі уақытта «Ақылды қала» немесе «Smart city» технологиялары цифрлық экономиканың үлкен бір бөлігін құрайды, және де цифрлық экономиканың өзі сияқты жахандық сипатта, сондықтан оны іске асыру жеке бір қала деңгейінде ғана емес, мемлекеттік деңгейде жүргізілуі тиіс. Қазіргі уақытта бұл бағыттағы жұмыстарды дүние жүзінің көптеген алдыңғы қатарлы елдері іске асыруда [1].

БҰҰ [3] мәліметтері бойынша 2014 жылы жер бетіндегі халықтың 54% қалаларда тұрады екен. 1950 жылы бұл көрсеткіш барлығы тек 30% болған, ал 2050 жылға қарай әлем халқының 66% қалаларда тұрады деп болжануда. Егер осы мәселені аймақтар бойынша қарастыратын болсақ, онда 2014 жылы қала халқы Солтүстік Америкада 82%, Латын Америкасы мен Кариб елдері бассейнінде - 80%, Европада - 73%, ал Африка мен Азия елдерінде бұл көрсеткіш тиісінше 40% және 48% құраған. Ал, көршілес Ресей елінде халық санына шаққанда қала халқының саны 73% құрайды екен. Осы жағдай біздің елімізде 54,1 және 45,9 пайыздық қатынаста.

Сондықтан, бұл бағыт өте қызықты, әрі қазіргі таңда қоғамдағы үлкен мәселелердің бірі деп айтуға болады. Өйткені біз осыған дейін, «ақылды» деген сөзді адамдарға қатысты (мысалы, ақылды бала, ақылды қыз), сонымен қатар жан-жануарларға қатысты (мысалы, ақылды мысық, ақылды ит және т.б.) айтып келсек, соңғы кездері бұл «ақылды» сөзі техникаға, бізді қоршаған орта объектілеріне де қатысты да айтыла бастады (мысалы, ақылды машина, ақылды пәтер және т.б.). Осындай терминдер соңғы уақытта біздің қоғамға кеңінен ене бастады.

Қазіргі уақытта қоғам дамуында Интернет әлемі үлкен орын алады. Интернет мүмкіндіктерін пайдалану арқылы (Интернет әлемі, IoT) қоғамды дамытудың ең танымал бағыттарының бірі – «ақылды қала» (Smart City) тұжырымдамасы. «Ақылды қала» тұжырымдамасының фундаментальдық принципі болып, қалалық ортаға ақпараттық технологияларды енгізу табылады. Бұл көзқарас мемлекет пен қоғамның өзара қарым-қатынасын жақсартады, қалалық қызметтердің сапасы мен тиімділігін арттырады, және осылардың барлығы бірге халықтың өмірін сапалы түрде өзгертеді. Сондай-ақ «ақылды қала»

принциптері мен тетіктерін енгізу арқылы қаланың тұрақты дамуына бірыңғай көзқарас қалыптасады [4].

«Ақылды қала» (Smart City) технологияларын құрудың басты мақсаты – ол, қаланың инфрақұрылымын жақсарту арқылы онда тұрып жатқан азаматтардың өмірге қанағаттану деңгейін арттыру.

**«Ақылды қала» тұжырымдамасы үш негізгі базалық параметрлермен сипатталады:**

- технологиялық;
- зияткерлік;
- өмір стиліне енгізілетін өзгерістер.

«Ақылды қала» тұжырымдамасының іске асырылуы экологиялық таза, қауіпсіз, энергия көздеріне бай, кең мүмкіндіктерді ашып, адамдардың жайлы өмір сүруін қамтамасыз етуі тиіс.

Зияткерлік жаңғыртуды қажет ететін басым салалар арасында алғашқы орындарды мемлекеттік басқару, қаланың инфрақұрылымы және экономика саласы алады. Осы секторларды дамытудың негізгі бағыттары төменде кестеде келтірілген.

Кесте 1 - «Ақылды қала» (Smart City) технологиясын дамытудың маңызды бағыттары

<b>Инновациялық экономика</b>	<b>Қалалық инфрақұрылым</b>	<b>Мемлекеттік басқару</b>
Өнеркәсіптегі, кластерлердегі, қалалық аудандардағы инновациялар	Көлік қызметі	Азаматтарға әкімшілік қызмет көрсету
Ақылды жұмыс күші: білім беру және жұмыспен қамту	Энергетика және коммуналдық қызметтер	Өкілдік және тікелей демократия
Білімге негізделген компаниялар құру	Қоршаған ортаны қорғау / қауіпсіздік	Азаматтарға арналған қызметтер: өмір сүру сапасы

Мысалы, осы бағыттардағы тұжырымдамасымынадай белгілерде көрінуі мүмкін. Инновациялық экономика өздігінен жеткілікті және табиғи-көмірсутек ресурстарынан тәуелсіз болу керек. Қалалық инфрақұрылымға экономикалық және жаңартылатын энергия көздерін енгізіп пайдалану қажет. Мемлекеттік қызмет салаларында капиталдың, қаржылық және зияткерлік, сонымен қатар адамның бәсекеге қабілеттілігін арттыру үшін жұмыстар жасалуы керек [4].

**«Ақылды қала» дамытудың жол картасы**

«Ақылды қала» тұжырымдамасын дамытудың жол картасы осы тұжырымдаманы іске асырудың мынадай жолын ұсынады. Осы бағытта қабылданған Қазақстан Республикасының стандарты, яғни ҚР СТ «Смарт қала. Сөздік» құжатында «ақылды қала» терминіне байланысты бірқатар анықтамалар берілген.

**Алдымен, «Ақылды қала» тұжырымдамасы не үшін қажет? деген сұрақ туындайды.**

Біріншіден, қалалар өз қоғамын, ортасын зерделеп зерттеулері керек. Алға мақсат қоймай, табысқа жету мүмкін емес, сондықтан азаматтар мен бизнестің қажеттіліктерін, олардың мүдделерін, ерекшеліктерін, ойлау әдісін, білім деңгейін, жас құрылымын және т.б. қажеттіліктерін зерттеу керек, яғни алдымен халық «ақылды қаланың» не үшін қажет екенін түсінуі керек.

Сонымен «ақылды қала» технологиясының қажеттілігі анықталғаннан кейін, бұл **тұжырымдаманы қалай іске асыруға болады? деген заңды сұрақ та туындайды.**

Екіншіден, «неге қажет», «не үшін қажет» деген сұрақ анықталған кезде концепциясыны іске асырудың «қалай», «қандай жолмен» деген стратегиясын жасау керек. Атап айтқанда, «ақылды қала» бастамалары қалай таралады, мұндай саясаттың мақсаттары мен міндеттері қандай?

**«Ақылды қала» шарасын құруға кім мүдделі?**

«Ақылды қаланың» артықшылығы, ең алдымен, халықтың өмір сүру жағдайларын

жақсартуға бағытталған. Сондықтан, ең алдымен бұл идеяны азаматтар қолдауы керек. Олар оны дамытуға және жүзеге асыруға қызығушылық танытуы керек, сонымен қатар процеске қатысуы да қажет. Мысалы, процестердің ашықтығын арттыру, электрондық үкімет жүйелері арқылы басқару мүмкіндіктерін кеңейту және т.б.

Дегенмен, жоғарыда аталған бағыттар бойынша жұмысқа кіріспес бұрын, алдымен қалалық қоғамдастықтың негізін түсінген жөн. Қазіргі кездегі оның жағдайы қандай, қаланың географиялық шекаралары, көршілес аудандармен өзара қарым-қатынастары және т.б.

Ұсынылған алгоритм бойынша жүргізілетін жұмыс қоғамның үдерістерін зерделеуге, халықтың қажеттіліктерін анықтап, оларға қол жеткізудің мақсаттары мен құралдарын қалыптастыруға мүмкіндік береді [4].

***Елімізде «ақылды қала» тұжырымдамасын стандарттау мәселесі қандай, осыған біраз тоқталайық.***

Біздің елімізде де «ақылды қалалар» құру бойынша жобалар құрастырылып, осы бағытта бірқатар жұмыстар жүргізілуде.

2016 жылы «Астана Innovations» АҚ базасында «ТК 34 (ТК34/SC2) Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар саласындағы «Ақылды қала» кіші комитеті құрылған, ол бүгінде Астана қаласын ақылды қалалар қатарына қосу жұмыстарын жасауда.

Бүгінгі күні Қазақстанда халықаралық стандарттар негізінде әзірленген «Ақылды қала» саласында стратегиялық және жүйелік мәселелерді шешудің нормативтік және техникалық құжаттары бар. Қазіргі таңда Smart City жобаларын іске асыруды жеңілдету мақсатында қаланың басшылары үшін 9 негізгі ұлттық стандарт бекітілген, соның ішінде Smart City компоненттерін жоспарлау және енгізу стандарты да бар. Нәтижесінде 2015 жылы 1 негізқалаушы стандарт, ал 2016 жылы 8 негізқалаушы стандарт қабылданған.

Бұлардан басқа 7 негізқалаушы стандарттар құрастыру бойынша да жұмыстар жүргізілуде. Сонымен қатар, «Зерде» ұлттық инфокоммуникациялық холдингі АҚ 2018 жылдың мемлекеттік стандарттау Жоспарына 2 негізқалаушы стандарт құрастыруды жоспарлаған.

Стандарттарға қойылатын талаптар үрдістерге негізделген: тұжырымдамаға деген қызығушылық артып келеді, жаңа жобалар пайда болады, олардың арасындағы келісу болмайды. Бірыңғай критерий білімді қорытуға, күш-жігер мен идеяларды біріктіруге мүмкіндік береді, қандай қаланы «ақылды» деп қарастырады және оның құрылысын тездетеді. Сонымен бірге, стандарттар қоғамның ағымдағы қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін жоспардың іске асырылу үрдісінде өзгеріп отырулары тиіс [5].

Осы қабылданған ұлттық стандарттар негізінде еліміздің бірнеше қалаларында, атап жоғарыла келтірілгендей Астана, Алматы, Шымкент, Ақтөбе және Қарағанды қалаларында «ақылды қала» тұжырымдамасын енгізу қолға алынуда.

Қалалардың интеллектуалды дамуға мүмкіндіктері болуы үшін M2M технологиясын және білім беруді жаңғырту қажет.

Machine-to-Machine (M2M) - машинааралық ақпарат алмасу немесе оның бір жақты таратылуы. Технология «болашағы зор» және «ақылды қала» тұжырымдамасында кең ауқымды қосымшаларды күтеді. Мысалы, «ақылды» үй сенсорларында ауа температурасы, жарықтандыру деңгейі және т.б. «Ақылды» үйден басқа M2M шешімдері көптеген жүйелерге: яғни төлемдер, қауіпсіздік, навигация, коммуналдық қызметтер, ЖКХ, сауда, денсаулық сақтау және т.б. көмектеседі [6].

Тұжырымдама қаланы дамытудың мынадай міндеттерін кешенді шешуге бағытталған, яғни:

1. Қалалық инфрақұрылымды кешенді жаңғырту;
2. Аймақтың инвестициялық тартымдылығын арттыру;
3. Қалалық ортаның өңірлік инновациялық жүйесін дамыту;
4. Қала әкімдігінің шешім қабылдау үдерісін оңтайландыру;
5. Басқару стилін жаңғырту;
6. Қаланың тұрғындарының өмір сүру сапасын жақсарту, оның ішінде жұмыс істеу, оқу және демалу үшін қолайлы жағдайлар жасау;



7. Халықты ақпараттандыру;
8. Қоғамдық қауіпсіздік деңгейін көтеру.

Сонымен, мақаланың соңында мынадай қорытынды жасауға болады, яғни жайлылық, қауіпсіздік, тиімділік және экологиялық сияқты кешенді даму қажеттіліктерін және көптеген ұйымдар мен кәсіпкерлердің сұраныстарын есепке ала отырып, әртүрлі қалалық қызметтердің ағымдағы қажеттіліктерін және даму перспективаларын ескеретін «Smart City» технологиясын енгізу «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты Жолдаудың оныншы бағытында қарастырылған талаптарға сай келеді.

### **Қолданылған әдебиеттер тізімі**

1. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. 2018 жылғы 10 қаңтар. «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері»
2. <http://24.kz/ru/news/social/item/212917-kontseptsiya-smart-sity-vnedryaetsya-v-pyati-krupnejshikh-gorodakh-Kazakhstan-d-abaev>. 26.12.2017г.
3. Намиот Д. Е., Шнепс-Шнеппе М. А. Об отечественных стандартах для умного города // International Journal of Open Information Technologies, 2016. Т. 4. №. 7. С. 32-37.
4. [https://ru.wikipedia.org/wiki/Умный\\_город](https://ru.wikipedia.org/wiki/Умный_город). Концепция, стандартизация и реализация смарт сити
5. В Казахстане разработаны национальные стандарты «умных городов». Материал из Интернета.
6. Презентационные материалы семинара в рамках Всемирного форума Smart City, прошедшего 14 июля 2016 года в Сингапуре, в частности IEC –Smart City Activities & Initiatives; ISO; ITU; ETSI work on Technology Standards and Smart City Coordination.

**УДК 556.55(470.32)**

## **ЖАБАЙ ӨЗЕНІНІҢ ГИДРОЛОГИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ЖАҒДАЙЫНА ТАЛДАУ ЖАСАУ**

**Әбдіжаппар Ұлбала Төрөкұлқызы**

[Ufan.enu@mail.ru](mailto:Ufan.enu@mail.ru)

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ

жаратылыстану ғылымдары факультетінің оқытушысы, Астана, Қазақстан

**Құрманғазы Еркін**

[19ersin86@mail.ru](mailto:19ersin86@mail.ru)

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ

жаратылыстану ғылымдары факультетінің оқытушысы, Астана, Қазақстан

Жабай өзені -Есіл өзені алабына жататын, Есіл өзенінің ірі салаларының бірі. Су жинау алабының ауданы 8800 км<sup>2</sup>, ұзындығы 196 км, су жинау алабының орташа биіктігі 364 м, өзен желісінің жиілігі 0,11 км/км<sup>2</sup>. Өзеннің бастауынан сағасына дейінгі құламасы 233 м, орташа еңістігі – 1,2%.

Негізгі салалары: Сарқырама немесе Сарымсақты ( F = 1500км<sup>2</sup>, L = 79 км), Ащылы ( F = 1060км<sup>2</sup>, L = 58 км), Жыланды немесе Керегетас ( F = 3650км<sup>2</sup>, L = 140 км). Көкшетау жотасының оңтүстік беткейінен бұлақтан бастау алады. Су жинау алабының жоғарғы жағы қыратты, төменгі жағы жазық.Топырағы құмдақты, қыраттардың беткейлері тегіс гранитті. Беткейлері орманды, қарағай және қайың өседі. Алаптың ормандылығы 7%, оның жартысынан астамы жыртылған жерлер.Тұщы көлдер көптеп кездеседі.


Өзен аңғары айқын білінеді, ағысты төмен бойлай оның ені 1,2 - 1,8 км-ден 3,0 - 3,6 км ге дейін ұлғаяды, ал беткейлердің биіктігі 9 - 14 м дейін төмендейді. Сол жақ беткей оң жақ беткейге қарағанда тік, әрі құламалы. Жайылманың ені 100 м - 400 м ге дейін. Жайылманың беті бір

тегіс, топырағы саздақты, өсімдік жамылғысы- шалғын. Оны 1 - 1,5 м қалыңдыққа дейін су басады. Өзен арнасы тармақталған, ені 10 - 50 м, бірақ су сабасына түскен кездегі өзеннің ені бар болғаны бірнеше метр болып қалады. Терең сулар мен қайраңдарға бөлінген, оның үстіне өзеннің төменгі ағысында құламалылық ұзындығы 3 - 5 км созылады, ал ені 20 - 30 м болса, тереңдігі 2 - 3 м. Терең су жағалауларын бұталар мен қамыстар басқан.

Жабай өзенінің гидробекетіндегі су деңгейінің белгісі - 3,65 м (критикалық белгісі 3,4 м).

Өзеннің сағасындағы орташа жылдық су өтімі  $6 \text{ м}^3/\text{с}$ , ең жоғары лездік су өтімі  $1000 \text{ м}^3/\text{с}$  немесе артық болуы мүмкін. Көктемгі кезеңде өзеннің төменгі ағысында су деңгейі 4 - 6 м ге дейін көтеріледі. Су тасыған кезде өзенде ағыспен өте көп тасынды тасымалданады, кейбір жерлерде маусым ішінде 20 - 30 см шөгінді шөгеді. Өзеннің жоғарғы ағысында өзен жыл сайын кеуіп кетеді, ал қайраң қыс кезінде қатып қалады. Өзеннен 23 канал арқылы су әкетіледі, олар өзен ағындысын,  $1,5 \text{ м}^3/\text{с}$  төмендетеді [1].

Қазгидромет мекемесінде жасалатын гидрологиялық жылнамалар негізінде көп жылдық орташа су өтімдерін Жабай өзені – Атбасар бекеті бойынша мәліметтерді жинақтап (1947-2014 жж.), көп жылдық орташа ағынды су өтімдерін қалпына келтіріп, қалпына келтірілген мәліметтерге негізделе отырып, Есіл өзені алабына жататын Жабай өзені – Атбасар тұстамасы бойынша көп жылдық орташа ағынды су өтімдері арқылы гидрограф тұрғызылды (сурет 1) [2].




Сурет 1. Жабай өзені–Атбасар тұстамасы бойынша көп жылдық орташа ағынды су өтімдері.

Жоғарыдағы сурет 1 бойынша талдау жасайтын болсақ, әр түрлі жылдарда су өтімі жиі өзгеріске ұшырап отырғанын байқаймыз. Жабай өзені көктем мезгілінде мөлшерден асып кетуі нәтижесінде, Ақмола облысы аумақтарын су басып материалдық шығынға ұшыратқаны байқалған Мысалы: 2007 ж., 2014 ж., 2017 ж.

Жабай өзені бойынша суы мол және суы тапшы жылдарды анықтау мақсатында гидрологиялық есептеулер жүргіздік. Гидрологиялық есептеулерге қажетті сипаттамаларды моменттер әдісімен анықтадық олар: орташа көпжылдық су өтімі, вариация, ығысқан, ығыспаған және асимметрия коэффициенттері, орташадан ауытқу мәндері[3]. Сипаттамалар нәтижесінде қамтамасыздық қисығы тұрғызылды (сурет 2). Қамтамасыздық қисығы бойынша (сурет 2) байланыстың қалыпты жағдайын көрсетіп, суы мол (5%), орташа (50%), орташа (75%), суы тапшы (95%) жылдарға өзгергіштік коэффициенті  $C_v$  бойынша есептік су өтімдерін анықтадық. Есептік су өтімдері ( $C_s = 3,5 \cdot C_v$ ) және ( $C_s = 4 C_v$ ) деп анықталды.

Нәтижесінде есептік су шығыны (5%)-  $23,6 \text{ м}^3/\text{с}$ , орташа (50%)-  $7,41 \text{ м}^3/\text{с}$ , орташа (75%) -  $4,56 \text{ м}^3/\text{с}$ , суы тапшы (95%)-  $2,28 \text{ м}^3/\text{с}$  су шығындарына сәйкес келді ( $C_s = 3,5 \cdot C_v$ ). Есептік су шығыны (5%)-  $23,4 \text{ м}^3/\text{с}$ , орташа (50%)-  $7,41 \text{ м}^3/\text{с}$ , орташа (75%)-  $4,65 \text{ м}^3/\text{с}$  суы тапшы (95%)-


2,47 м³/с су шығындарына сәйкес келді ( $C_s = 4 \cdot C_V$ ).



Сурет 2.Жабай өзені–Атбасар тұстамасы бойынша қамтамасыздық қисығы.

Қамтамасыздық және гидрограф сызықтары көрсеткендей су өтімдерінің синхронсыздығы , антропогенді әсердің бар екенін және экологиялық жағдайларға назар аудару керек екенін көрсетті.

Жабай өзені Атбасар өңірінде үйлердің өзенге жақын орналасу және суды лиманды суғару мен адам шаруашылығына көп жұмсау, өзен суының соңғы жылдары ластанғанын көрсетіп отыр. РМК Қазгидромед экологиялық мониторинг департаментінің мәліметтері негізінде (2001-2017 жылдар) судың ластану индексі бойынша (СЛИ) су сапасына талдау жасалды (сурет 3).



Сурет3.Жабай өзенінің су ластану индексі

Жоғарыдағы сурет 3 бойынша көретініміз соңғы 2014 жылдан бастап судың ластану қарқыны арта түскен. 2017 жылдың мәліметтері бойынша сараптама жасайтын болсақ, Жабай өзені су температурасы 0-24,0 °С, сутегі көрсеткіші 8,11, судағы еріген оттегінің шоғыры – 8,30 мг/дм³. Биогенді заттар (жалпы темір – 2,9 шекті рауалы шоғырлану (ШРШ), тұзды аммоний – 1,5

ШРШ ), негізгі иондар (сульфаттар –1,2 ШРШ), ауыр металдар (марганец (2+) – 22,7 ШРШ , мыс (2+) – 1,5 ШРШ, мырыш (2+) –2,1 ШРШ ) бойынша шекті жол берілген шамадан асқандығы тіркелді[4]. Осы жылы Ақмола облысы аумағында келесі жоғары және экстремалды жоғары ластану жағдайлары тіркелді: Есіл өзені– 3 жоғары ластану (ЖЛ) жағдайы, Сарыбұлақ өзені – 12 ЖЛ жағдайы, Ақбұлақ өзені – 2 ЖЛ жағдайы, Жабай өзені бойынша – 7 ЖЛ жағдай[5]. Аталған мәселеге байланысты алдын алу және қорғау шараларын ұйымдастыру қажет. Мысалға су кодексі заңнамасын қатаң ұстауды қадағалау. Экологиялық қорғау аймағын белгілеу. Уақтылы тазалау және сенбілік шараларын ұйымдастыру.

### Пайдаланған әдебиеттер

1. Молдахметов М.М., Махмудова Л.К Есіл өзені алабының су ресурсын нақтылау. Алматы — Гидрометеорология и экология – 2005 - №3 - С.102 - 118.
2. «ҚАЗГИДРОМЕТ» РМК ГИДРОЛОГИЯ ДЕПАРТАМЕНТІ шығаратын гидрологиялық жылнамалар мәліметтері (1947-2014 жылдар).
3. Зәуірбек Ә.К., Нарбаев Т.И., Қалыбекова Е.М. Методическое пособие по определению расчетных гидрологических характеристик. Алматы, 2010 г-124с.
4. 2015 жылғы 22-сәуірдегі № 209 «Су көздеріне, шаруашылық-ауыз су мақсаты үшін су жинау орындарына, шаруашылық-ауыз сумен жабдықтауға, суды мәдени-тұрмыстық пайдалану орындарына және су объектілерінің қауіпсіздігіне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитарлық қағидалары.
5. «ҚАЗГИДРОМЕТ» РМК ЭКОЛОГИЯЛЫҚ МОНИТОРИНГ ДЕПАРТАМЕНТІ мәліметтері (2006-2017 жылдар ).

### УДК 82 С (Кирг) 2

**Чыңгыз Айтматовдун чыгармачылығынын экинчи өмүрү**  
**Жапаралиева Назира Жакыповна**  
[nazira0126@gmail.com](mailto:nazira0126@gmail.com)

М.Рыскулбеков атындагы КЭУнун Мамлекеттик жана расмий тилдер кафедрасынын башчысы,  
педагогика илимдеринин кандидаты, доцент  
Бишкек, Кыргызстан

**Аннотация.** Макалада Айтматовдун ааламдык чыгармаларында адам жана искусство маселеси каралат. Баяндаманын негизги максаты Чыңгыз Айтматовдун чыгармаларындагы ааламдык адам маселесин изилдөөдө айтматовдук ыкма кандай шартталгандыгы баяндалат. **Өзөктүү сөздөр:** Адам проблемасы, аалам, искусство, рухий байлык, кино, сүрөт искусствосу, заманбап, кинорежиссер, түбөлүктүүлүк. ж.б.

### Вторая жизнь творчества Ч.Айтматова

**Аннотация.** В статье рассмотрены вопросы человечества и искусства в произведениях Ч.Айтматова. При исследовании произведений Ч.Айтматова были затронуты вопросы и проблемы человеческой вселенной.

**Ключевые слова:** Проблемы человечества, Вселенная, искусство, духовное богатство, кино, искусство живописи, современность, кинорежиссер, вечность и.т.д.

Kyrgys Economic University name after M. Ryskulbekov.

The head of the state and official languages department candidate of the pedagogical science, docent  
Japaraliev Nazira Jakupovna

**Ch. Aytmatov's creation in the universe art**

**Annotation.** In this article the authors show the problems of beings and art in the works of Ch. Aytmatov. Researching the works of Ch. Aytmatov were touched questions and problems of human beings universe.

**Key words:** Problems of human beings, arts, Soul richness, cinema, art of painting, modern life, film maker, eternity.

### Чынгыз Айтматовдун чыгармачылыгынын экинчи өмүрү

Ч. Айтматовдун чыгармачылыгы улуттук адабият үчүн эле эмес улуттук искусствонун башка түрлөрүнүн өнүгүүсүнө да өзүнүн зор таасирин тийгизди. Анын чыгармаларынын негизинде музыкада чакан обондуу ырдан тартып симфонияга чейин жазылды, көркөм сүрөт искусствосунда ондогон, жүздөгөн эмгектер жаралды, театралдык спектаклдер, кино-фильмдер коюлду. Алар: Москвадагы кинематографисттер институтун (ВГИК) бүткөн таланттуу жаш кинорежиссерлор Лариса Шепитько, 1963-ж. "Аптап" фильмин жаратса, Андрей Михалков-Кончаловский, 1965-ж. "Биринчи мугалимди", Ирина Поплавская, 1968-ж. "Жамиланы", 1973-ж. "Мен Тянь-Шань" фильмдерин куйрук улаш тартышып, Чынгыз Айтматовдун чыгармалары аркылуу кыргыз тасмаларынын дүйнөгө карай жолун даңгырата баштап беришкен.

Чынгыз Айтматовдун чыгармалары менен кыргыз кинорежиссерлорунун бүтүндөй экинчи, үчүнчү муундары да өсүп чыкты. Алар: Э. Орозбаев, 1972-ж. "Атадан калган туяк" тасмасын; Тынчтыкбек Раззаков, 1976-ж. "Сыпайчы"; Дооронбек Садырбаев, 1978-ж. "Арман", 1984-ж. "Махабат дастаны", 1988-ж. "Акбаранын көз жашы"; Бакыт Карагулов, 1991-ж. "Куш өмүр", 1995-ж. "Бороондуу бекет", 1996-ж. "Саманчынын жолу", 2005-ж. "Маңкурт" тасмаларын ийгиликтүү жаратышып, "кыргыз кереметинин" жолун улашты.

Ошентип, кыргыз киносун, пайда болгондон баштап Чынгыз Айтматовсуз элестетүү эч мүмкүн эмес. Кыргыз киносунун атагы алыска кетип, өнүгүп-өсүүсүнө зор салымын кошкон айтматовдук чыгармалар кыргыз киносунун бүтүндөй бир доорун өзүнө камтып турат. Анын өткөнү менен бүгүнкүсүн чагылдырып турат.

Кыргыз искусствосу менен маданиятынын, адабиятынын дүйнөлүк мурастагы алтын барагы болуп түбөлүк жашай берет!..

Калеми тоону кулаткан,  
Калеми жүрөк жубаткан.  
Чынгыз десең дүйнө эли,  
Кыргыз деп тааныйт ырактан.  
Киносун көргөн арбалып,  
Кир дүйнө жуулуп жанданып.  
Жан дүйнөсү ачкага,  
«Кызыл алмасы» камдалып.  
Жер айланып жүгүргөн,  
«Гулсарат» барат тандалып.  
«Ак кемеси» Чынгыздын,  
Ааламды жүрөт айланып.  
«Кылым карытар бир күнү»  
Кыргызга келет пайда алып.  
Режисер актер таланттар,  
Чынгыз деп турат шамданып.  
Кабылбас чыгармалардан,  
Калган жок багы байланып.  
Кинолордун артынан,  
Канчасы жүрөт байге алып.  
Аллахым берген талантка,

Адамдар барат таңгалып- дегендей ар бир элдин тарыхынын өсүшүндө, ошол элдин турмушуна жана нравалык байлыктарына таасир тийгизүүчү улуттук өзгөчөлүктөр өнүгүп

өрчүп келет. Ошол элибиздеги баалуу нарктарды өз чыгармаларында чагылдырып, дүйнө элинин жүрөгүнөн түнөк таап келген кыргыз элинин сыймыгы, Чыңгыз Айтматов өзүнүн ар бир чыгармасында өткөн чындык окуялар, реалдуу көз караштар, адамдын жашоосу жөнүндө туура ой жүгүртүүлөргө, чындыкка жана кең пейилдикке умтулууга, адилеттикти орнотууга чечкиндүү кадам жасоого, чындык үчүн күрөшүү идеяларына тарбиялайт. Өткөн учурдун маңызын ошол өткөн учур үчүн эмес, өтүп жаткан жана келечек үчүн түп тамырына дейре ачып берүү үчүн кайрылган. Себеби, Айтматовдун чыгармасын окуп жатканда үч учур: өткөн, өтүп жаткан жана келечек айкалышып, көз алдына философиялык ой толгоолор аркылуу, али эч кимдин оюна келбеген, эч ким билбеген турмушка аралашып кетесиң. Мунун өзү эле адамды турмуштун татаал түйүндөрүн чечүүгө умтулуп, адамдык бийик касиеттерге жетүүгө шыктандырат.

Айтматовдун керемет улуулугуна, ойчулдугуна баа берүү менен жөнөкөй, бай тарыхтуу кыргыз элине ушундай алп жазуучуну буйургандыгы үчүн жаратканга жан дүйнөндөн ыраазы болуп кетесиң. Айтматовдун бул дүйнөдөн өтүп кеткенине ишенгиң да келбейт. Бирок, эң негизгиси ал, биз, бизден кийинки келечек муундар, дегеле түбөлүктүү сыймыктанып окуп, тарбиялана турган эмгектерди калтырып кетти. Анын чыгармалары аркылуу өзүбүздүн руханий кенемтебизди толтуруп, ыймандык касиеттерибизди кайтарып, инсандык бийик-нарктарыбызды арттырабыз деп ойлойм.

Учурда окурман журттун көңүлү китепке бурулбай, көбүнчө телевизор, компьютер, интернетке бурулуп калганы белгилүү. Мындай техниканын тез өнүгүшүнүн бир керемет жери – ал адамзатка албан кызмат кылган болсо, руханий байлыктын адамгерчилик касиетинин бөксөрүшүнө өбөлгө түзүүдө. Китеп окубаган жаштардан мээримдүүлүк, кайрымдуулук алыстагандан алыстап барат. Адам баласынын мындай өзгөрүлүшү өзүн да, өлкөсүн да коргоп жарытпайт. Бул жалган дүйнөдө айлана-чөйрөсү түрткү берген кыянатчылыктан кыямат келип чыгат эмеспи. Ал эми Чыңгыз Айтматов адам баласына жакындаган алааматтан алдын-ала сактануулары керек экендигин айтып, добулбасын кагып келди. Чыңгыз Айтматовдун чыгармалары күчтүү духтагы образдары аркылуу окурмандын дүйнөгө болгон көз карашына зор таасирин тийгизип, ар убакта кеңешчиси болуп келет.

Мына ушундай чыгармалардын бири – “Кыямат” романы. Улуу жазуучубуз бул чыгармасында адам дүйнөсү коркунучта тургандыгын жана ал коркунучту адам баласы өз колдору менен жасап алганы айтылат. Роман бир канча окуяны камтыган бир нече бөлүктөн турат. Бул окуялар түпкү байланыштар аркылуу бир түйүнгө келип, акыры кыяматка такалат.

Биринчи окуясында бул жалган дүйнөдө карышкырлардын өмүр кечирүүсү, алар мекендеген токойлордун өрттөнүшү, адам баласынан көргөн кордугу, бөлтүрүгүн алдырып жибергендеги кайгысы сүрөттөлүп, бул кылыктары үчүн карышкыр – Акбара чабан Бостондун эки жаштагы баласын жонуна арта салып, сызып бара жатканында Бостондун мээлеген огу Акбара – карышкырга тийбей, үстүндөгү балага тийип кыямат болот.

Экинчи окуя алыскы тоо арасында Совет доорундагы чабандардын турмушу, чабандардын жаңычылдык тажрыйбаны кийирүүдө бийлик адамдарынын каршылыгы, алардын догма, үстөмдүк менен иш алып баруусу жазылган. Бир кесиптеги адамдардын бирин-бири көрө албас карама-каршылыгы, жарытып эмгек кылбаганы, арамза-куулук менен бийликтегилерге жагынып, тамак-аш, белек-бечкектери менен жакындап алат эмеспи. Ошолордун бири доңкогой Базарбай бийликтегилер менен коюн-колтук алышып, жандап басып, ак эмгектенген, бийликтегилерге чындыкты бетке айтып, кээ бирине жакпай калган Бостонду баскан-турган жерлеринде жамандап, ишине бут тосуп, колунан келген жамандыгын жасаганга жетишип турат. Бирок, бардык нерсенин ченеми болот тура, кыянатчыл Базарбай Бостондун колунан өлүм таап, окуя кыямат менен аяктайт.

Дагы бир окуясы – “Жетинин бири”. Анда Грузиядагы революцияда Совет бийлиги орногон кезде Гурам Джахадзе өзүнчө бир армия түзүп, бийликке каршы күрөшө баштайт. Совет бийлиги Гурам Джахадзени жок кылуу үчүн тымызын чекист Сандрону жибершет. Сандро армиянын ичинде жүрө берип далайын кырып жиберет. Акыры алтоо, өзү менен жети эле киши калат. Арасында Гурам Джахадзе тирүү калып, Сандро тапшырманы али аткара элек

болот. Жеңилгендер Мекенин таштап, качып бара жаткан болот. Алар өздөрүндө жана душмандарында да курман болгондор үчүн Кудайдан кечирим сурашат. Мында Чынгыз Айтматов адам баласы башына кыйынчылык түшкөндө гана адилет болот деген түшүнүктү берет. Чыгармада Сандро өзүнө берилген тапшырманы аткаруу максатында алтүндө уктап жаткан Гурам Джахадзени, андан кийинки бешөөнү да атып, алардын аттарына өздөрүнүкүн да кошуп бошотуп, айдап жиберип, акыркысы – жетинчиси болуп өзүн да атып, алты адамдын өмүрүн жок кылгандыгы үчүн өз өмүрүн да кыйып, кыямат менен аякталат. Мен ушул окуялардын ичинен өзгөчө жаштарды оп тартып торуна түшүрүп жаткан көрүнүштөн сактап, келечегибизди алдын албасак, элибиздин генофондун кыйроо коркунучуна алып келе турган окуяны айткым келди.

Улуу жазуучубуздун ушул окуяны кадимки өзү аралашып, көрүп, кошо жүргөндөй сүрөттөп жазганына таң бересиң. Баңги затын жаңы колдонгондо жаныңды жыргатып, көшүлтүп, улам көбөйтүп тарткысы келтиргенин, улам көбөйтө берсең чүнчүтүп, андан да көбөйтө баштаганда жээликтирип жиндентип, Кудайыңды таанытпай, кишиге кол салуудан да кайра тарттырбай тургандыгын, ал эми көнүп алса таштай албай, бардыгы бир тең, ал бир тең болгон абалга тушугуп, ден-соолугу талкаланаарын кейип жазды.

Бул окуяны жазууга себепчи кайсы бир поезддин станциясында турганда ага жакын милициянын кабинети жайгашкан экен. Анда иштеген милиционер Ч.Айтматовду таанып, поезд келгенче өзүнүн кабинетинде олтуруп туруусун өтүнгөн. Чыңгыз Төрөкулович кабинетке кирээри менен тосулган темир тордун артында олтурушкан жап-жаш балдардын нашаа алып бара жатып поездден кармалып келингенин, жардамга муктаж, көздөрү жалдыраган балдарды көрүп, жардам берүүгө кеч болуп калганына, мындай жанга баткан проблеманы кантип жоюу керек деген суроо тынчтык бербейт. Ал чыгарма жаратып, баңгичилик маселесин көтөрүп чыгууну чечкен. Ошентип, Ч.Айтматов баңгичилик кантип көбөйүп бара жатканын өзүнчө изилдеп көрүп, нашаа жүгүрткөндөрдү колдогондор бийлик бутактарында олтуруп, чөнтөктөрүн кампайтып, алардын киреше булактарынын бири болгондугун, мындай адаттын зор күчкө ээ болуп, жайылышына биз жашап жаткан коомубуздун аракетсиз-алсыздыгы кейиткен. Мына ушундай көрүнүштүн баарын чыгармасына камтып чыгарарда цензуралык, же дагы башка тыюу салуунун айынан кай бир жерлери алынып салуу менен жарыкка чыккан. "Кыямат" романындагы наркомания окуясын камтыган бөлүгүнүн баш каарманы Авдий Калистратов диний илим-билимге ээ болгон, жан дүйнөсү таза адам болгон. Ал тозоку болгон баңгилик менен алпурушкан жаштар менен өз алдынча күрөш жүргүзүп, аларга түшүндүрүү жолу менен эч майнап чыкпасына көзү жетип, алар менен жакындан аралашып, өз көзү менен көрүп, ийне-жибине чейин иликтеген соң гана гезит беттерине жарыялоо жолу менен күрөш жүргүзүүнү чечкен. Авдийдин бул демилгесин жетекчи кызматкерлер колдошкон эмес, ошондуктан, ал жалгыз күрөшкөн. Себеби, жогоруда айтылгандай бийликтегилердин өз кызыкчылыгы болгон. Авдий өз өмүрүнүн коркунучта экенине карабай, өңгөлөрдү сактагысы келген ички дүйнөсү таза каарман. Ал да акыры кыяматка дуушар болот.

Ал эми баңги колдонгон жаштарыбыз жазага татыктуу болушса да жардамыбызды аябай, кантип да болсо бул оорудан айыктырышыбызга милдеттүү экенибизди Чынгыз Айтматов жаны кейип жазган.

Жакында Кыргыз Республикасынын Жогорку Кеңешинин сессиясында депутаттар бул маселеге кайрылышты. Бирок, жыйынтыгы болгон жок. Чынында көп жылдан бери бул тозокту өзүбүздөн-өзүбүз жашырып келдик. Менимче, биз үчүн жаштарды эч ким тарбиялап бербейт. Аларды дарылоо, айыктыруу жолун изденишибиз керек. Кийин оңолуп кетээр деген ишеним бул кайдыгерлик, опурталдуу иш. Азыркы мезгилде ачык айтып, ак сүйлөшүүнү аздектөө – учурдун талабы. Баңгичилик оору өлкөбүздө таратылып, жаш жарандарыбызды кучагына алып, куралсыз согуш жүрүп жатат. Канчалаган бейкүнөө үй-бүлө мүчөлөрү тирүүлөй өрттөлүшүп, кенедей кыз баланы мазакташканы, ууру-кескилердин көбөйүшүнүн бир себеби ушул илдеттин айынан болууда. Ислам дини да бул көрүнүшкө каршы турат.

Ал элдик каада-салт, жөрөлгөлөрдү, ишенимдерди, максаттарды, үмүттөрдү табият менен тыгыз байланышта экенине көзү жеткен.

“Чыныгы сүрөткер – байланыш жасоонун ачкычы, – деп айткан Чыңгыз Айтматов. – Эгер мен жолугуп калган адам Чеховдун чыгармаларын жактырып сүйөрүн билсем – ал менин досум болот. Ал эми буга чейин дегеле көрүшпөгөн киши, мейли ал кайсы улуттан болсун, “Манасты” биринчи жолу угуп, океандай чалкыган эпостун көңүлдүү күүсүн, анын улуулуугун, сулуулуугун сезсе – ал менин тууганым болот”- деген. Ал эми адамдардын өз ара катташуусунун универсалдуу каражаты китеп экенин билебиз. “Менин балалыгым эске түшөт, – дейт Чыңгыз Айтматов, – Мен китепти дайыма ыйык нерсе катары калтыроо жана абдан кастарлоо менен кармап көрөр элем. Ал кезде мен үчүн начар китеп деген болуучу эмес, мен китептин ар бир тамгасына аябай суктанаар элем, ал эми китеп жазган киши менин көзүмө ар дайыма Пушкиндей жана Толстойдой залкар көрүнөр эле.

А.Акматалиев залкар жазуучубуз Ч.Айтматовдун жолун туткан шакирти катары журт алдында ачык-айкын ызаатын кылды, Чыңгыз Төрөкуловичтин экинчи өмүрү болгон эмгектеринин жашоосуна шарт түзүүдө. Чыңгыз Айтматов таануучу деп оңой эле көрүнгөнү менен алдыда дагы зор иштер жатат. Мамлекетибиздин да улуу бабабыз Манас менен бирге улуу жазуучубуздун айкелин орнотуп, элибиздин мүдөөсүн ишке ашырып жатканы кубанаарлык иш эмеспи.

Чыңгыз Айтматовдун кайсы чыгармасын албайлы, дээрлик бардыгында дүйнө жүзүндө жаратылышты коргоого, аяр мамиле кылууга, табиятыбыздын сырларын терең түшүнүүгө, адам баласынын көйгөйлүү маселелерин чечүүгө үндөп турат.

Адабият айдынында аты ааламга таанымал болгон Ч.Айтматовдун өмүр жолуна, ой-чабытына, адамдардын руханий дүйнөсүнүн тазалыгына кошкон салымына саресеп салып карасак, анын чыгармаларында козголгон маселелер глобалдык масштабга ээ болгондугу менен өзгөчөлөнөт. Анын улуу инсандыгы-өзү жашаган доордон ондогон жылдар алдыга озуп чыккандыгында. Адамзаттын эртеңки келечегине назар салып, кечээги кан күйгөн каардуу Улуу Ата Мекендик согуштан, термоядролук согуш коркунучуна чейин чабыт салып, адам табиятынын бузулушу менен экологиялык чоң катастрофага багыт алгандыгы, анын натыйжасында саясий-укуктук, экономикалык теңсиздиктин күч алышы тууралуу кеңири панораманы Ч.Айтматовдой эч бир адам көркөм анализ жасай электигин баса белгилегим келет.

Планетанын башына түшкөн глобалдык мүшкүлдөрдү, өтө кыйын экологиялык кырдаалды, айрыкча адам ыйманынын экологиясын талдаган, азыркы адам менен табигый дүйнөнүн ортосундагы улам тереңдеп бараткан жараканы, карама-каршылыктарды ачып көрсөткөн албан чыгарма “Кыямат” романы болду. Экология дегенибиз, бул термин баарыдан мурун табигый чөйрөнүн өз мыйзамдарына ылайык өнүгүшүн, жаратылыш менен коомдун эриш-аркак алакасын түшүндүрөт эмеспи. Андыктан, романдын көтөргөн жүгү алда канча салмактуу, адамдардын жан-дүйнөсүн оңдой турган не бир таасирдүү философиялык, этикалык, акыйкатты табуу маселеси. Алар: табият жана адам темасы, жакшылык менен жамандыктын ортосундагы карама – каршылыктар.

“Кассандра тамгасы” романында жазуучу учурдун актуалдуу проблемаларын: илим, техника, экология, эл аралык коммуникация байланышын, келечекке болгон ишенимин сактап калуу аракеттерин Едигей, Бостон, Авди, Роберт Борктун образдары аркылуу чагылдыруу менен ыймандыкка, тазалыкка жана табиятты сүйүүгө чакырат.

Айтматовдун чыгармаларынын ичинен жаратылыш темасы өзөктүү орун алган “Тоолор кулаганда” романы. Чыгарманы адеп окуп баштаганда эле тынымсыз турмуш шарындагы Арсендин жашоосу жана ак мөңгүлүү бийик тоолорду мекендеген, жаратылыш койнунда баарынан жогору туруп жашоо өткөрүп, кайратынан тайып бараткан Жаабарстын күнүмдүк ал-абалынан кабар берип башталат. Демек, мында да автор адам менен табиятты, андагы жандууну бирге карайт. Бул тууралуу Айтматовдун массалык маалымат каражаттарына берген маегинде: Илбирстин сезими эмне үчүн адамдын сезимине окшош сүрөттөлгөн деген суроого, “Жабарс аркылуу адамдын психологиялык портретин кубатына толуп жана картайып, алдан тайып турган кезин чагылдырдым. Себеби бул куракта адамда жана айбанатта ар кандай өзүнө мүнөздүү проблемалар пайда болот”, – деген ой пикири камтылган.

Айтматов жазган, ал берген чыгармадагы образдарды, менимче, эми эч ким кайталай



албайт. Анын улуулугу мына ушунда. Ал дүйнөсү терең, кыргыздын чыныгы даанышман адамы десем, аша кетпес элем. Чыңгыз Айтматов кыргыздын нагыз уулу катары кичинекей улуттун жүрөгү, көзү менен өз чыгармаларында дүйнөлүк орчундуу проблемаларды көтөргөн. Маңкуртизмди көтөрүп чыгып, бүтүн ааламдагы адамдардын көз карашын, бири-бирине кылган мамилелерин азыркы турмушубузда болуп жаткан айрым окуялар далилдеди. Согушгардын көп болуп жатканы, анда миң сандаган эненин да, атанын да, баланын да өлүм себепкерлери адам өзү болуп жатканын ал ушундай тилде берди. Өзүбүздү алып караганда эле өз эне тилинде билбеген, жүрөгүндө өз улутунун руху жанып турбаганы эле буга нагыз далил эмей эмне?! Жер бетинде адам жашап турганда, алардын багыты ар башка.

«Адам кейиптен кетип калганың андан сенин Маңкурт болуп калганың». Демек, Айтматов сыяктуу адамдардын руху-духу, көз карашы менен жашаш өмүрүбүздүн күнү нур жайып, адам ордубузду тапканыбыз. Залкар жазуучубуз кыргыз элин жалгыз гана чыгармалары менен бүт дүйнө элине камыр-жумур кошуп, бүтүн элдин Рух-духун өз мекенинин борборуна бура алды. Кыргыздын бактысы мына ушунда.

Залкар калемгердин чыгармаларында жаратылыш адамдардын жашоосун, ички дүйнөсүн тазалаган өзгөчө критерийлик роль ойнойт. Жаратылыш, балким, катаал болушу да ыктымал. Бирок баары бир акыйкатты аныктоонун, баалоонун, тактоонун, негизги булагы. Айтматов – адабий көркөм пейзаждын чебери. Анын чыгармаларында табияттын сөз менен так, таамай, элестүү тартылган не бир түркүн сүрөттөрү бар. Торгою таңшып, таңдан асманына жылдыз батпай мемиреген түнгө чейин бөксөлүү коктулардан, эгини текши бышкан, жайкалган эгин талаасына чейин, ак куулар конгон Айдың- Көлдөн адам буту баспаган ак мөңгүлүү тоолорго чейин. Алар жандандырылган “адамдаштырылган психологиялык параллель жашайт”. Биз күндө эле көрүп, байкап-байкабаган ал табият сүрөттөрү жазуучунун “сыйкырдуу” калеминин күчү менен өзгөчө бир поэтикалык нурга тартылат

#### **КОЛДОНУЛГАН АДАБИЯТТАР:**

1. Акматалиев А. «Аалам, Адам жана Жаабарс». – Б., 2006, 29-б.
2. Айтматов Ч. «Тоолор кулаганда», VIIIт. Түз. А.Акматалиев. – Б.: 2014, 211-б.
3. Интернет булактары:  
[WWW.nauchniestati.ru](http://WWW.nauchniestati.ru)  
[Libpstu.wordpress.com](http://Libpstu.wordpress.com)

**УДК 631.22: 628.336**

#### **КОЙ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ФЕРМАЛАРЫН ЭНЕРГИЯМЕН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТЕТІН АВТОНОМДЫ ЖҮЙЕНІҢ ПАТЕНТТІК АҚПАРАТ КӨЗДЕРГЕ САРАПТАМА**

**Қасым Р.Т., Токмолдаев А.Б., Тленшиева А.А., Шарипов Т.Н.**

[kasym.ruslan@mail.ru](mailto:kasym.ruslan@mail.ru)

**Андатпа:** Германия, Жапония, Құрама Штаттар сияқты әртүрлі елдерде патенттік мәліметтерді талдау, негізінен, анаэробты қалдықтарды өңдеу және метан өндірісіне арналған құрылғыларды әзірлеу мен патенттеуді жүзеге асырады. Талдау барысында қолданыстағы энергетикалық (газ, жылу, электр) қондырғыларының негізгі кемшіліктері анықталды.

**Ключевые слова:** патент, энергетикалық қондырғы, биогаз, автономды жүйе, тиімділік әрекеті коэффициенті, қой шаруашылықтары, энергиямен жабдықтау.

**Аннотация:** Проведены анализ по патентной информации в разных странах, таких как Германия, Япония, США в основном занимаются разработкой и патентованием устройств для анаэробной обработки отходов и получения метана этим способом. Из анализа выявлены основные недостатки существующих энергетических (газ, тепло, электричество) установок.

**Ключевые слова:** патент, энергетическая установка, биогаз, автономной системы, коэффициент полезного действия, овцеводческих ферм, энергообеспечения.

**Annotation:** The analysis of patent information in different countries, such as Germany, Japan, the United States, mainly engaged in the development and patenting of devices for anaerobic waste treatment and methane production in this way. The analysis revealed the main shortcomings of the existing energy (gas, heat, electricity) installations.

**Key words:** patent, power plant, biogas, autonomous system, efficiency, sheep farms, energy supply.

**Кіріспе.** Қой шаруашылықтарында көптеген технологиялық процестер жылу мен электр энергиясын тұтынумен байланысты. Мұндай шаруашылықтарда негізінен орталықтандырылған электр қуатымен қамтамасыз етілмейді немесе фермерлер үшін қымбат емес және аз мөлшерде бензин немесе дизель отыны негізінде электр генераторлары жоқ. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің мәліметінше, шамамен 9 мың шаруа қожалығында энергиямен жабдықтаудың орталықтандырылған көздері жоқ. Шаруашылықтардың тұрмыстық және тұрмыстық қажеттіліктерін жылумен қамтамасыз ету үшін өндіріс қалдықтары, негізінен көң және басқа да биомасса қолданылады. Сонымен қатар өздігінен жасалған жылу жабдықтары барлық жерде қолданылады, бұл өте төмен тиімділікке ие.

Есептеулер көрсеткендей, әрбір фермада 500-600 қой бар болса, қалдықтар жылына 60-100 тоннаны құрайтын қи түрінде шығарылады [1]. Орта шаруа қожалықтарының қажетті максималды жылу және электр қуаты 10-15 кВт аспайды. Сонымен қатар, жинақталған қалдықтарды көн сияқты материалдарды энергиямен қамтамасыз ету ферманың қажетті мөлшерінен бірнеше есе асады және жаңартылған энергия көзі болуы мүмкін.

Қазіргі уақытта әлемдегі биоэнергетикалық қондырғыларды дамытуға қызығушылық артып келеді, бұл патенттік ақпаратты талдау нәтижелерімен расталады. Патенттік зерттеулерді, атап айтқанда, патенттік ақпаратты зерттеуді талап ететін технологияларды дамыту үрдістерін анықтауда маңызды рөл атқарады. Патенттік зерттеулердің барлық түрлері ғылыми-техникалық ақпараттың басқа түрлерін тарта отырып зерттелген технология объектісінің жай-күйін бағалаумен байланысты.

Біз қой шаруашылықтары үшін автономды энергиямен жабдықтау жүйелерінің түрлері туралы патенттік ақпаратты талдап, олардың негізгі кемшіліктерін анықтадық [2].

Патент RU №2539100 Биогаз зауыты, биомастың үздіксіз ашыту режимдерін, оның ішінде суық мезгілде оңтайлы режимдерін құру арқылы биогаздың максималды өндірісі мәселесін шешеді. Бұл әрекетті орындау үшін жаңартылатын энергия көздерінің бір бөлігі болып табылатын үлкен жылу сыйымдылығының сыртқы өзіндік жылу жинағышын пайдаланыңыз. Мұндай жылудың бар болған жағдайда ұсынылған схемаға сәйкес жылу қуаты жеткілікті және жылу энергиясының алдын-ала жинақталуы немесе асып кетуі мүмкін батарея. Қазіргі уақытта электр энергиясы биомасса зауытының құрамында бірнеше сіңірушілерді пайдалану арқылы биомассаны өңдеу көлемін едәуір арттыруға мүмкіндік береді.

Патент RU №2462856 Қиды өңдеуге арналған биогаз қондырғысы негізгі сыйымдылық сыйымдылығынан, сондай-ақ диспергаторлардың бес сақиналы цистернасынан темір-бетон конструкцияларынан жасалған мотор реакторына қосылады. Әрбір резервуарда түтікшелі жылытқыштар орнатылған. Реактордың негізгі цистернасы мен диспенсерлердің сақиналық цистерналарына арналған араластырғышты араластырғыш температура реттегішіне және температура датчигіне қосылған айналмалы жылдамдық реттегіштері бар жетекті түрлендіргіш түрінде жасалған қозғалтқышқа қосылады. Зауыт ауа-райының өзгеруі және климаттық жағдайларды автоматтандыру және бақылау арқылы биогаз өндіру және биоөрізділіктің тиімділігін арттырады, кейіннен көнді өңдеудің реттелетін процесі.

Патент RU №2460695 Ауыл шаруашылығының қалдықтарынан биогазды, электрлік, жылу энергиясын және тыңайтқыштарды орнату үшін дәнекерленген және құбырлармен байланыстырылған келесі жабдықтар бар: шығарындысы бірінші центрифуга немесе бүріккіштің кірісіне қосылған құбыр арқылы өтетін қоқыс қалдықтарының араластырғыштарына қосылған өсімдік қалдықтары жинағыштары субстратты негізгі

реактордағы метан резервуарына тасымалдау үшін сорғы. Орнату құрамына компрессор, жоғары қысымды гашиолдер, қатты оксидті отын элементтері және аккумулятор батареялары, түрлендіргіш және жылуды қалпына келтіру жүйесі кіреді. Жүйенің функционалдық элементтері ауыл шаруашылық қалдықтарынан электр энергиясын генерациялау үшін биогаз алуға мүмкіндік береді.

Патент RU № 2422385 Биогаз шығаратын органикалық қалдықтарды анаэробты қорытуға арналған қондырғы оның өндірісі үшін сенімді әрі оңай жұмыс істейтін күрделі шығынды қажет етпейтін дизайндың қарапайымдылығымен сипатталады. Реакторлық қондырғы реактордың ішіндегі реактордың ішінде жылытылған қыздырғыш элемент бар жердің көмкерілген полиэтилен құбыры ретінде жасалады және реактордың қыздырғыш элементі бойымен массаны араластырып, тамырларды ұсақтау процесі сығылған газдың артық қысымымен жүзеге асырылады.

Патент KG № 1424 Биогаз зауытында реактор бар, жүк тиеу, түсіру, араластыру және тартылған көлік түрінде жасалған жылу жүйесі. Құрылғы жылжымалы, өздігінен жүретін көлікпен (трактор, трактор, автокөлік) біріктіріліп, жұмыс орнына (шаруашылық, тұрмыстық, жайылым) тасымалданады. Жылыту жүйесіндегі судың жылытылуы кезекпен немесе ыстық су қазандығының көмегімен немесе күн коллекторының көмегімен жүзеге асырылады. Қазандықты пайдаланған кезде қондырғыда шығарылған қатты отын (көмір, шымтезек, көң) немесе биогаз қолданылуы мүмкін. Жылуды біркелкі бөлу үшін биомасса мезгіл-мезгіл қолмен араласады. Ұсынылған биогаз зауытының артықшылығы - бұл зауыттың ұтқырлығы, яғни оның орналасуын жылдам өзгерту мүмкіндігі. Күн коллекторының болуы биомассаны алдын ала қыздыру үшін пайдаланылатын биогазды үнемдейді.

Patent KG №1624 биогаз зауыты қосымша реактордан биомастық ағындар мен биогазды шығару жүйесімен ферменттелген шикізатты араластыруға арналған құрылғы, соның ішінде су тығыздағыш, компрессор және қабылдағыш. Метан қорыту үшін 85-92% ылғалдылықтағы сұйық көңді пайдаланады. Мұндай күйде кеуектің массасы шөгінділерде тіркелген бөлшектердің жауын-шашынның және жауын-шашынның бұзылуына бейім гетерогенді гетерогенді қоспасы. Пневтектор жұмысының тұрақтылығын қамтамасыз ету үшін ферменттелген массаны мезгіл-мезгіл араластыруға болады. Араластыру қолмен және автоматты режимде жүзеге асырылады.

Патент алдындағы патенттер KZ №15819, №18771 Фермадағы биоинсталляция келесі жаңа ерекшеліктерге ие: автономия; биореактор биомасса қозғалысының жолын ұлғайту үшін биомасса ағынын 180 °-ға айналдырудың жаңа принциптері енгізілген екі камераға бөлінеді; су қақпасының құрылысы оны қосымша жылу алмастырғыш ретінде пайдалануды қарастырады; Биогаз зауытының параметрлері мен дизайны Cізге модульдер сериясын жасауға мүмкіндік береді, соның салдарынан кез-келген биореактордың көлемімен биогаз зауытын құруға болады.

Талдау нәтижесінде зерттеу кезеңінде Ресейдің биоэнергетикалық қондырғыларда өнертабыстар саны бойынша алдыңғы орынды Ресей (58,1%), Германия (14,3%), Жапония (7,6%), АҚШ (7,1%), Қазақстан (4,8%), Белоруссия (1,9%), Швейцария (0,5%).

Талдаудан кейін Германия, Жапония, АҚШ сияқты дамыған елдерде көбінесе анаэробты қалдықтармен жұмыс істеуге және метан өндірісіне арналған патенттік құрылғыларды дамытады [5].

#### **Биоэнергетикалық өсімдіктердің кемшіліктері:**

Жалпы биогаз өсімдіктерінде барлық өсімдіктерге тән жалпы кемшіліктер бар [3,4].

- кейбір қондырғылар үлкен және күрделі техникалық құралдар болып табылады және шикізаттың үлкен көлемін өндеуге арналған. Олардың қой шаруашылықтарында және қошқардағы шаруашылықтарында пайдалану қиын, немесе қой шаруашылықтарында және алыс қой шаруашылықтарында (\*әсіресе Жайлау уақытында) ыңғайлы болу үшін мобильділік болмауы мүмкін.

- олар шығаратын биогаздың айтарлықтай бөлігін түнде және қыста қажетті температуралық режимді ұстау үшін жұмсайды;

- ылғалдылық үшін биогазды тазарту құрылғылары жоқ;

- биогаз зауытын ұзақ уақыт бойы пайдалану кезінде субстрат танктердің беткейлеріне түседі, бұл өнімділігі мен алынған жүктің сапасын айтарлықтай азайтады;
- негізгі генераторды ішкі жану қозғалтқышы негізінде генератор болып табылатындықтан, қондырғының салыстырмалы төмен электрлік тиімділігі;
- биомасса араластыру механизмдері олардың жетілмегендігінен айтарлықтай күш жұмсайды;
- Термомеханикалық қозғалтқыш түрінде Стерлинг қозғалтқышының төмен тиімділігі;
- гидролиз газдарымен ауа ластануының жоғары деңгейі;
- анаэробты асқорыту үшін мерзімді тазарту қуаттылығының қиындықтары, коррозияға қарсы тиімсіз қорғаныс және реактордың ішіндегі «тамырлардың» қалыптасуы;
- Шикізатты үздіксіз жеткізу және органикалық тыңайтқышты түсіру биомасса биореактордан толығымен алынып тасталады;
- вакуумдық насосы пайдалана отырып, биореактордағы ауа құру қосымша техникалық қиыншылықтарға алып келеді. Сонымен қатар, биогазды таңдағанда, биореактордың жоғарғы жағынан газдармен бірге ылғал тамшылары түсіріледі;
- үлкен көлемдегі биореактор жылытылған кезде температура градиенті қалыптасады, атап айтқанда орталықта және төменгі шеткі температурада, әсіресе қыс мезгілінде жоғары температура жоғарылап, акаэробты ас қорыту процесін баяулатуы мүмкін;
- егер регенерация механизмдері тек қуыста жұмыс істесе, контейнердің мазмұнын оңтайлы араластыру болмайды, өйткені ағынның генерациясы осы аймақтармен шектеледі. Шикізатты араластыру орталық аймақта айналымға байланысты жүзеге асырылғанда, әртүрлі температура мен бактериялық популяциялардың біркелкі бөлінбеуі мүмкін, бұл газдың түзілуінің нашарлауына алып келеді, демек, бұл пайдалы метанның төмендеуіне әкеледі. Метан немесе метан саны үшін биореактордың тиімді жұмысына әсер етеді;
- жұмыс барысында фильтрациялық субстраттың құрылымдық материалдарына газ көпіршіктері қосылыстары нәтижесінде өзгермелі қабаттар пайда болады. Көрсетілген құрылымдық материалдардың жүзуі және олардың ашыту субстратының бетіндегі беріктенуі ашыту процесіне жағымсыз әсер етеді.

Биоэнергетикалық қондырғылардың ең жақсы кемшіліктері оларды зерттеу және дамыту арқылы жетілдіру, сондай-ақ қой шаруашылықтары мен алыс қой шаруашылығын энергиямен жабдықтаудың автономды жүйесін таңдау және құру үшін қажет екенін көрсетеді.

### **Әдебиеттер тізімі**

1. Экономика природопользования/ Тонкопий М.С. – Алматы: Экономика. – 475 стр.
2. Международная патентная классификация МПК C02F3/28, C02 F11/04, C12M1/107, C12M1/00.
3. Арбузова Е.В. К проблеме энергетической эффективности биогазовых технологий в климатических условиях России [текст]/ Е.В. Арбузова, С.Е. Щеклеин // Альтернативная энергетика и экология. -2011. №7. -С.108-110.
4. Системы ферментации / [У.Э.Виестур, А.М.Кузнецов, В.В.Савинков].-Рига,1986.-174с.
5. Анализ патентной информации по биогазовым установкам/ Сулейменова Н.Н., Токмолдаев А.Б. – Одесса,2008. -7с.
6. \*Жайлау (джайла, жайляу, эйлаг) – летние пастбища в горах Средней Азии, Алтай, Кавказа, Крыма.

## ҚАЗАҚ ЖӘНЕ АҒЫЛШЫН ТІЛІНДЕГІ ШАҚТАРДЫҢ ЫРЫҚТЫ ЕТІСТЕ ЕРЕКШЕЛЕНУІ

**Казиева Диана Нурлановна**  
[venera3703503@mail.ru](mailto:venera3703503@mail.ru)

«Руханият» клубының мақсаты – студенттерді жан-жақты дамытып, олардың ары қарай кемелдену жолына жетекшілік ету. Клубтың бағыттары студенттерге адамгершілікке негізделген асқақ құндылықтарды үйрету, университеттің, факультеттің қоғамдық жұмыстарына белсене қатысу, оларға жауапкершілік сезімін дарыту, өзін және басқаларды басқаруды үйрену, қоғамдық өмірге белсенді бейімделу, үлкенге құрмет, кішіге қамқорлық жасай білуге тәрбиелеу.

*Студенттік «Руханият» клубының негізгі бағыттары:*

- **Студент** (*студенттік өмір – қайталанбас сәт*). Бұл бағыт студенттерді университет,

факультет ортасына бейімделуге үйрету, олардың бір-біріне, ұстаздармен және топтағы студенттермен өзара қарым-қатынас мәдениетін қалыптасатыруға, басқаларға қамқорлық жасай білуге және ата-ананың қамқорлығынан айырылған жетім балаларға қол ұшын беріп, көмектесуге үйрету.

- **Әлеумет** (*әлеуметтік педагогикалық қолдау бағыты*) - студенттерді өз мамандықтарына сәйкес әлеуметтік жұмысқа бағыттау және оны тәжірибеде пайдалана білуге үйретеді.

- **Шапағат** - әлеуметтік жағдайына байланысты қолдау көрсету, қамқорлық жасау болып табылады.

- **Инабат** (*қыз тәрбиесі*) - факультеттің жас жеткіншек қыздарын болашақта отбасының ұйтқысы бола алатын ақылды, іскер, шебер ана бола білуге дайындайды.

- **Ғибрат** (*ақыл – ой сайысы*) - дарынды, ұшқыр ойлы жастарды жинай отырып, олармен бірге ел дамуы жайлы, университет пен қоғамның дамуы туралы креативті идеялар тудырып, оларды мүмкіндігінше жүзеге асырып, жастарды ХХІ ғасыр талабына сай тұлға болуға шақыру, өз ойларын ортаға салу, пікір айтуға шақырады.

- **Шабыт** (*өнерлі өрге жүзер*) - бойында таланты, дарыны бар, ән мен биге икемі, қызығушылығы бар қыздар мен жігіттердің бос уақыттарын ұтымды пайдалануға жағдай туғызады.

- **Ұлағат** (*әлеуметтік педагог қаламының туындылары*) - жазуға қабілеті бар студенттерді жинап, олардан заман талабына сай мақала жаза білетін, өлең шығаратын мүкіндіктерін жетілдіру жолында жұмыс жасайды.

- **Салауат** (*денсаулық, салауатты өмір*) - жастарды салауатты өмір салтын қалыптастыруға, спорт пен шұғылдануға шақырады.

- **Құрмет** (*отбасы, отан, әлем*) - тәуелсіз мемлекетімізді, егеменді елімізді қорғауға, оның рәміздерін құрметтеуге және елжандылыққа тәрбиелеу бағытын ұстанады;

«Руханият» клубының бағыттарына қызығушылық танытып және оның мақсаты мен міндеттеріне сәйкес өткізілген іс-шаралар студенттердің өмірінде ерекше бір із қалдырып, жүрегінен жол табуда. Өйткені бұл жай ғана клуб жұмысы үшін ғана емес, болашақ мамандардың рухани дамуына, Абай атамыз айтпақшы «жылы жүрек, ыстық қайрат, нұрлы ақылдың» кемелденуіне, ізгіленуіне әсерін тигізеді. Атап айтқанда: «Тіл-әр ұлттың байлығы», «Қарттар - біздің асыл қазынамыз», «Қазақ қыздарының ең тамаша қасиеттері» т.б. пікір сайыстар, «Тәуелсіздік - ұлт рухы» атты патриоттық әндер байқауы, «Жан шуағы - атты дөңгелек үстел, «Мерейлі - Өз наурыз», «Ұстаз - мәңгілік нұр таратушы» атты әдеби-сазды кездесу т.б. қарттар күні, Отан қорғаушылар күні, Ұлы Жеңіс мерекесіне арналған іс-шаралар тұрақты, жүйелі өткізілуі студенттердің ізгі қасиеттерді бойына сіңіруіне, жалпыадамзаттық құндылықтарды ашуға зор ықпал ететіндігіне көз жеткіздік. Ізгілік адамның өзіне және өзгелерге жасаған жақсы, игі істері. Ізгілікке тән мейірімділік, сүйіспеншілік, сыйластық, қайырымдылық сияқты қасиеттер адамды тек жақсылыққа жеткізетінін әрбір болашақ маман басты құндылық ретінде ұстанғаны абзал.

Ойымызды қорытындалай келе, болашақ мамандардың *ізгілік тәрбиесінің маңызын* түсінуде төмендегідей мәселелерді басшылыққа алуды ұсынамыз:

- «біреудің мінін тергенше, жамандығын көргенше, өз ойыңды мазалап, өз бойыңды тазалап, өзіңмен күрес өлгенше» - деген Шәкәрімнің өсиетін мәңгілікке еста сақтаңыз;
- өмірде сүрінсең де оның түйінін өзіңнен ізде, өзгені кінәлама, жетістікке қол жеткізсең асқақатама;
- иманды, инабатты, ізгілікті, әдепті және көркем мінезді болыңыз;
- жақсылыққа, жанашырлыққа, бауырмалдыққа, адамгершілік қасиеттерді алдыңғы кезекке қоя алатын болыңыз;

- отбасыңызға адал, өзара сыйластықпен, береке - бірлікпен, ынтымақ пен татулық орната біліңіз;
- мұратқа жетуге ұмтылыңыз, өз нәпсілеріңізді тыйа біліңіз, материалдық мұқтаждықтан жеке адамға жасалатын топтық және қоғамдық қысымнан тәуелсіз болуға тырысыңыз;
- адамдардың арасындағы теңдік, әділеттілік, адамгершілік қатынастарды қуаттайтын көзқарастар мен идеяларды ұсыныңыз;
- айналаңыздағы адамдар бақытты болуы үшін бір-біріне көмектесіп отыру мақсатында күнделікті бірлескен ізгі, игілікті қайырымдылық шараларын көбірек жасаңыз;
- байлыққа рахаттану, құмарлыққа ерік беру, мансап, сый-құрметке еліру жақсылыққа апармайтынын естен шығармаңыз;
- адамдар арасында достық және қастық туралы ой-пікірлерді саралып, адал, айнымас дос бола біліңіз;
- өшпенділігі мол, жаулығы басынан асқан адамдарға, көре алмаушылықтан жауласқан адамдарға да мүмкіндігінше, шамаңыз келсе жақсылық жасаңыз, ол сізді биіктетеді, адами қасиетіңізді асқақтататынын естен шығармаңыз;
- жүрекке шешуші мән-мағына беріңіз, оны ізгілік, рақым, шапағат атаулының шығар қайнар көзі, тұрар мекені деп қабылдаңыз;
- құлық-сұмдықпен, өсек-аяңмен ісі жоқ, жұртты алдап-арбауды білмейтін, ілтипатпен қарайтын, білімділігіңіз бен өнегелі мінез-құлқыңызбен, үлгі боларлықтай өмір сүріңіз;
- адамдарды кедейлігіне қарап қорламаңыз, байларға барлығына қарап жалпақтап, жағымпазданбаңыз адамдық, кісілік келбетіне қарап қолдаңыз;
- басыңа түскен қиындықтар – ол сені жазалау емес, сенің оны жеңе алатыныңа сенгендік, жарқын болашағыңызға берілген сынақ деп біліңіз;
- айналаңыздағы адамдарға, жақын-туыстарға, жора-жолдастарға ауыр сөздер айтпаңыз, ола жүрекке ине қадалғанмен бірдей, оны алып тастасаң орны қалатыны сияқты көңілінде дақ қалатынын ұмытпаңыз;
- ешқашан асып-тасудың керегі жоқ, аяғың сәл тайып кетсе төменде қалсың, «бәсеңсісең бәйгеге қосыласың, асқақтасаң аспаққа ілінерсің» дегенді ешуақытта естен шығармаңыз;
- кімнің кім екенін басыңа іс түскенде білесің, бірақ ешкімнен ешқашан кек алмай, кешерімді бола біліңіз, әр нәрсеге бас көзімен қарамай, Жүрегіңнің көзін аш, Жанның сырын аралап «жүрек көзімен» қараңыз сонда ғана ізгілік сіздің жүрегіңізде болмақ!. Ізгілік тәрбиесінің маңызының өзі осында.

### **Пайдаланылған әдебиеттер**

1. Орысша-қазақша заңдық түсіндірме сөздік-анықтамалық. - Алматы: «Жеті жарғы» баспасы, 2008 жыл.
2. Орысша-қазақша түсіндірме сөздік: Педагогика /Жалпы редакциясын басқарған э.ғ.д., профессор Е. Арын - Павлодар: "ЭКО" ҒӨФ.2006. - 482 б.
3. Әбу Насыр әл-Фараби. «Қайырымды қала» - Алматы, RS: Халықаралық Абай клубы, 2015. – 284 б.
4. Абай. Қара сөз. – Алматы, 2009 ж.-267 б.
5. Құдайбердіұлы Шәкәрім. Шығармалары. - Алматы: Жазушы, 1988, 223-бет.
6. Жүсіп Хас Қажыб Баласағұн «Құтты білік». Көне түрк тілінен аударған, алғы сөзі мен түсініктерін жазған А.Егеубай.–Алматы: «Өлке», 2006. – 640б. 2 - басылым.



## ЭНЕРГИЯ ТИІМДІ ҒИМАРАТТАРДЫҢ КӨЛЕМДІК-ЖОСПАРЛАУ ШЕШІМДЕРІ

**Ағысбек Әйгерім**

aaaigerym@mail.ru

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің магистранты  
Ғылыми жетекші - Байтасов Камалбек т.ғ.к., доцент

Энергия тиімділік түсінігі өндірістік, тұрмыстық және ғылыми-техникалық салаларда энергетикалық ресурстарды тиімді пайдаланудың маңызын арттыруға бағытталған ұйымдастыру, экономикалық және технологиялық шараларды қамтиды. Тиімді пайдалану арқылы энергия тұтынуды азайту, ғимараттардың энергия тиімділігін арттыру өзекті мәселе және көптеген зерттеулердің маңызды тақырыбы болып табылады.

Энергияны үнемдеу мәселесіне арналған көптеген зерттеулер нәтижелері энергияның ең көп мөлшері жылытуға, ыстық сумен қамтамасыз етуге, энергия тасымалдау кезіндегі шығындарды жабуға, кондиционерлеу желісінде ауаны салқындатуға, жасанды жарықтандыруға шығындалатынын көрсетеді. Коммуналдық қызмет бағасының артуына әкеліп соқтыратын энергия тасымалдаушылар бағасының тұрақты өсуі барысында ғимараттардың энергия тиімділігіне қойылатын кешенді талаптар жоғарылай түседі.

Энергия тиімді ғимараттың қабылданған көлемдік-жоспарлау және конструктивтік шешімдері, инженерлік қондырғылар жүйесі жалпы функционалдық талаптармен қатар энергия ресурстарын максимальді үнемдеу мүмкіндігін қамтамасыз етуі тиіс. Ғимараттың энергия белсенділігі энергияны қабылдап, сонан соң оны ішкі энергия жүйесіне немесе бірден бөлмеге беру қабілетімен анықталады.

Қазіргі уақытта қала аумағындағы тұрғын үйлердің жобалық пішіні жылуды үнемдеу тұрғысынан қарағанда тиімсіз. Ғимараттың енінің кішілігі және қоршау конструкциялары бетінің үлкендігі жылу шығынының қалыпты шамасынан артық болуын қалыптастырады. Сондықтан көптеген зерттеулер қала құрылысы аумағының температурасы сыртқы ортамен салыстырғанда 2...3°C жоғары екенін көрсетеді.

Ғимараттың көлемдік-жоспарлау шешімдерін қабылдау жоспарлау параметрлерінің шамалары мен өзара қатынастарын негіздеу арқылы орындалады. Бұл параметрлерге ғимараттың ұзындығы мен ені, қабат саны, сыртқы қабырға периметрі, көлем бірлігіне немесе ғимараттың таратылған ауданының 1м<sup>2</sup> ауданына қатысты сыртқы қоршау конструкцияларының ауданы жатады. Аталған көрсеткіштер көлемдік-жоспарлау шешімдерін жылутехникалық тұрғыдан бағалау үшін қолданылады. Ғимараттың жылу жоғалтуына әсер ететін жалпылық көрсеткіш ретінде ғимараттың өлшемін және қасбет пластикасын сипаттайтын соңғы екі көрсеткішті айтуға болады.

Жоспардағы өлшемдері тік төртбұрышты ғимараттағы жылу шығынының көлемдік жоспарлау шешіміне тәуелділігін мына формуламен өрнектеуге болады [1]:

$$q = 2q_{\text{но}} h \left( \frac{1}{b} + \frac{1}{l} \right) + \frac{(q_{\text{кров}} + q_{\text{пол}})}{n}$$

бұл жерде,  $h$ - қабат биіктігі;  $b$  – ғимарат ені;  $l$  – ғимарат ұзындығы;  $n$  – қабат саны.

Яғни қоршау конструкциялары арқылы шығындалатын жылу мөлшерінің ғимараттың ұзындығы, ені және қабат саны артқан сайын төмендейді. Сондықтан жылу энергиясын үнемдеу тұрғысынан қарағанда ең тиімді ғимарат өлшемі шектеусіз болуға тиіс, алайда мұндай шешімді практикада қолдану мүмкін емес.

Есептік жолмен минимальді ықшамдылық коэффициенті жоспарда квадрат пішінді, биіктігі табан өлшемінің жартысына тең ғимаратта болатыны анықталған [2].

Атриумды типті көп қабатты ғимараттардың көлемдік-кеңістіктік негізі болып табылатын атриум өзінің айналасында тұрғын және қоғамдық бөлмелер орналастыру арқылы қоршаған ортадан шектелген кеңістік құрайды. Атриум ғимарат енінің едәуір артуын қамтамасыз етеді және ерекше жылу аккумуляторы болып табылады. Ғимараттың мұндай жинақы құрылысы қабат саны бірдей типтік құрылыспен салыстырғанда жылу жоғалтуды 35%-ке төмендетуге мүмкіндік береді.

Егер энергия үнемдеу шаралары тиімді көлемдік-жоспарлау және конструктивтік шешімдерді іздестіру процесінде іске асырылатын болса ғимараттарды құрылыстық жобалау принциптерін қолданудың артықшылығы материалдық-техникалық ресурстардың шығынын аз пайдаланумен анықталады.

Ғимараттың ықшамдылығын мына формуламен анықталатын көрсеткішпен сипаттауға болады [3]:

$$k_e^{des} = \frac{A_e^{sum}}{V_h}$$

бұл жерде,  $A_e^{sum}$  - жоғарғы қабат жабыны және цоколь жабынын қоса есептегенде сыртқы қоршау конструкцияларының жалпы ауданы м<sup>2</sup>;

$V_h$  - ғимараттың сыртқы қоршауының ішкі беттерімен h шектелген көлеміне тең ғимараттың жылытылатын көлемі, м<sup>3</sup>.

Параллелепипед пішінді, бірдей көлемі ғимараттардың ішінде куб ең төмен жылу жоғалтуымен ерекшеленеді. Куб пішінді ғимаратты ықшам шешім эталоны ретінде қабылдап басқа пішінді ғимараттың энергия тиімділігінің критерийін алуға болады.

Шынында  $f = \frac{\left(\frac{A}{A}\right)}{\left(\frac{A}{A}\right)}$  қатынасы жобаланатын ғимараттың эталондық ғимаратқа қарағанда неше есе ықшамдылығы кем екенін көрсетеді.

Қабылданған шешімде ғимараттардың көлемдері бірдей болғандықтан, жобаланатын ғимарат пішінінің энергия тиімділігінің критерийі мына формуламен анықталады:

$$f = \frac{(A_e^{sum})_{эд}}{(A_e^{sum})_{эт}}$$

Сондықтан көлемдік-жоспарлау шешімін қабылдау кезінде сыртқы қоршау конструкциялары арқылы минимальді жылу жоғалтуды қамтамасыз ете алатын ғимараттың ұтымды өлшемдерін табудың маңызы зор.

Жобалау тәжірибесі ғимараттарды біріктірудің жоғары техника-экономикалық тиімділігін көрсетеді. Бұл кезде жылу энергиясын үнемдеу сыртқы қоршаулар ауданының кемуі арқылы алынады.

Барлық сыртқы қоршаулардың жылу беру коэффициенттері бірдей деп алғанда біріктірудің энергетикалық тиімділігін мына шамамен өрнектеуге болады:

$$i = \frac{A_{bl}^{sum}}{A_g^{sum}}$$

бұл жерде, және сәйкесінше жеке тұрған нысандар мен олардан біріктірілген ғимараттың сыртқы қоршауларының аудандары.

Біріктіретін бірнеше нысандардан тұратын қарапайым схемалар үшін көрсеткіші ғимараттың сыртқы аудандарының біріктіруге дейінгі және кейінгі қосындысымен анықталады. Нысандар куб пішінді болған жағдайда біріктірудің күрделірек схемалары үшін мына формуланы пайдаланған қолайлы:

$$i = \frac{A_{bl}^{sum}}{A_g^{sum}} = \frac{(6Nx^2 - 2nx^2)}{6Nx^2} = 1 - \frac{n}{3N}$$


бұл жерде,  $N$  – куб пішінді жеке нысандар саны;  $n$  – нысандарды біріктіру кезінде жаңадан пайда болатын параллелепипедтің ішкі жақтарының саны.

Енді куб пішініндегі нысандарды біріктірудің үш түрлі схемасын қарастырамыз, олардың ішінде үшінші схемада атриум орналасқан. Бұл ауланың жоғарғы жағында жылу қорғайтын әйнектеу болса біріктірудің тиімділігі  $i = 0,667$  (33,3 %) шамасынан  $i = 0,604$  (40 %) шамасына дейін артады, себебі бұл жағдайда біріктірілген нысандардың тұрақты шамасында нда ішкі жақтар саны артады (1-сурет).

Жоспарда тік төртбұрышты нысандарды біріктірген кезде


$$i = 1 - \frac{2A_{bl}^{sum}}{A_g^{sum}}$$

бұл жерде,  $2A_{bl}^{sum}$  - жаңадан пайда болған параллелепипедтің ішкі жақтарының ауданының екі еселенген қосындысы, қоршау аудандарының біріктіру жақтары бойынша сәйкес келмеген жағдайда екі ауданның кіші мәнінің екі еселенген шамасы алынады.



1-сурет. Куб пішінді нысандарды біріктіру схемалары

2 суретте тік төртбұрышты пішінді өндірістік ғимараттарды бойлық қабырғалары бойынша біріктіру мысалы көрсетілген. Аудандардың екі еселенген қосындысы екінші және үшінші ғимараттардың біріктіру жақтары бойынша  $2 \times 72.0 \times 12.0$  м деп алынған.



## 2-сурет. Нысандарды бойлық қабырға бойынша біріктіру схемасы

1-кесте. Біріктіру тиімділігі коэффициентін есептеу нәтижесі

Ғимарат номері	Ғимарат өлшемдері, м	Сыртқы қоршау беттерінің ауданы, м <sup>2</sup>			і коэффициенті
		$A_{\text{с}}^{\text{sum}}$	$\Sigma A_{\text{с}}^{\text{sum}}$	$2A_{\text{би}}^{\text{sum}}$	
1	144x18x12	9370	23492	5184	0,780 (22,0 %)
2	144x18x12	9370			
3	72x18x12	4752			

Берілген ғимараттарды бойлық қабырғалары бойынша біріктірген кезде біріктірудің тиімділік коэффициенті 0,780 құрайды.

Жоғарыдағы келтірілген тұжырымдарға сәйкес бір секциялы үйлердің көп секциялы үйлерге қарағанда энергия үнемділігі төмен болады. Бұл жағдайды көп секциялы үйлер жеке блок секциялардан біріктірілген нысандар ретінде қарау арқылы, яғни қатынасының төмендеуімен түсіндіруге болады.

### Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Денисов П.П. Теплоэнергетическая оценка объемно-планировочных решений зданий // Жилищное строительство. - 1991. - № 7. - с.4-8.

2. Токарь Б.З., Вейцман Л.Г. Тепловая эффективность различных типов малоэтажных жилых зданий // Жилищное строительство. - № 3. - 1998. - с.15-16.

3. Энергосбережение в зданиях. Московские городские строительные нормы: нормативы по теплозащите и тепло-водо-электроснабжению / МГСН 2.01.-99.-М.-1999 г.-78 с.

## 2000-2010 ЖЫЛДАР АРАЛЫҒЫНДАҒЫ ЖАЗУШЫЛАРДЫҢ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ДИАЛЕКТ СӨЗДЕРДІҢ ҚОЛДАНЫСЫ

**Капанова Айдана Ерғазықызы**

Қарағанды мемлекеттік  
университетінің оқытушысы, п.ғ.м.

**Рахымжанова Айзада Бүркітқызы**

aizoka\_jan@mail.ru

Қарағанды мемлекеттік  
техникалық университетінің оқытушысы, п.ғ.м.

Қай тілде болмасын құрамында дәстүрлі норма болып қалыптасқан, жалпыхалықтық деңгейде қолданылатын, баршаға ұғынықты әдеби сөздермен қатар, түрлі өңірде түрліше айтылып, өзгешеленіп тұратын сөздер мен сөз тіркестері көптеп ұшырасады. Сондай сөздердің тобы диалект (грек тіліндегі *dialektos* – әңгіме, сөз дегенді білдіреді) сөздер болып табылады. Диалект сөздер жергілікті немесе әлеуметтік негіздерде бөлінген ұжымдардағы аралас-құраластық жасау құралы ретіндегі тіл ерекшелігі болып табылады. Прозалық шығармаларда диалектілік ерекшеліктер негізінен кейіпкерлердің тілінде қолданылады. Сонымен қатар, кейде

автор сөзінде қолданылуы да орын алып отырады. Жазушылар диалектілік ерекшеліктерді көбінесе жергілікті тұрғындарды сипаттауда, халық тұрмысын шынайы көрсету, белгілі бір аймаққа тән материалдық және рухани мәдениет ерекшеліктерін беру үшін, халықтың болмысын, рухын шынайы түрде бейнелеу мақсатында қолданады. Ақын, жазушылардың қай-қайсысының да шығармасынан диалектілік ерекшеліктер кездеспей отырмайды. Өйткені, әр адам, әсіресе әрбір сөз шебері – таза әдеби тілдің ғана емес, сонымен қатар белгілі дәрежеде, белгілі бір аймаққа тән диалектіні де сақтаушы. Қазақ әдебиетінде де диалект сөздер көркем шығармаларда кеңінен қолданыс тауып келеді. Диалект сөздер Дүкенбай Досжан, Нұрғали Ораз, Жанат Елшібек шығармаларында көптеп қолданылады. Мақалада 2000-2010 жылдар аралығындағы ақын-жазушылардың шығармаларындағы диалект сөздер жөнінде сөз қозғалмақ.

Осы тұрғыдан алғанда диалектолог-ғалым Ш.Сарыбаев: «Көркем әдебиет тіліндегі тіл элементтерінің бәрін бірдей әдеби тіл нұсқасы деп қарамау керек» - дей отырып, әдеби тілді диалектизм сөздерімен байытудың үш амал арқылы жүзеге асырылатынын көрсетеді: бірінші, әдеби тілде баламасы жоқ сөздерді қолдану арқылы; екінші, диалектілік вариант, дублет сыңарларын семантикалық дифференциация әдісімен саралау арқылы; үшінші әдеби тілдегі синонимдік қатарларды жергілікті сөздермен молайту арқылы. Асылы, әдеби тілде баламасы бар, тар аймақта ғана қолданылатын сөздерді, формаларды авторлық ремаркаларда автордың өз сөздігінде, суреттемелерінде көп қолдана бермей жалпыхалықтық әдеби тілдің нормасын сақтау керек.

Ғалым М.Атабаева диалектизмдердің ішіндегі мәдени мағына беріп тұрған атауыштық мәндегі сөздерін этнодиалектизмдер деп атауды ұсынған болатын. Этнодиалектизмдер этнос табиғатын тануда тілдік дерек қызметін атқарады, олай болса, этнодиалектизмдер қазақ диалектілері тұрғысынан алғанда қазақ этносы мәдениеті атты үлкен арнаның белгілі аймақтардағы көздері: сөз символдары мен тілдік таңбалары.

Көне этнодиалектизмдерді жаңғырту арқылы және кейбір естілмей жүрген заттық мәдени диалектизмдері сөздік қорымызға қайта жаңғырту арқылы сөздік қордың шеңбері ұлғая түседі. Бұндай сөздер сөздік қорымызға тіркелмеген, яғни түсіндірме сөздіктерде көрсетілмеген, қолданымдық аясы тарылған, бірақ көнекөз қариялар аузында сақталған көне сөздер болуы мүмкін. Олардың қолданылу деңгейінің шектеулі екенін және белгілі бір аймақта ғана көрініс тапқандықтан, диалектизмдер қатарына жатқызылып жүр. [1, 228-бет]

Атап айтар болсақ, Нұрғали Ораздың «Даладан қалаға келгендер» шығармасында атвор кейіпкерлердің іс-әрекетіне қатысты диалектілерді көп қолданған. Мысалы, осы шығармадағы «- *Бармай-ақ қояйықшы, - деп қиылды ақ пиманың иесі кібіртіктеп*» [3, 10-бет] деген сөйлемдегі **кібіртіктеп деген сөз** Оңтүстік Қазақстан өңірінде, яғни Қызылорда, Арал өңірлерінде қолданылады. Қызылорда өңірінде ойын ашық жеткізе алмау мағынасында айтылатын болса, Аралда «кібіртіктеп» сөзі «бөгелу» ұғымында қолданылады [2, 385-бет].

«*Күні бойы ылжыраперіп жатқан қара жердің беті түнге қарай қабыршақтанып қатып, аяқ басқан сайын жұқа шыныдай сықырлап сынып жатыр*» [3, 33-бет] деген сөйлемдегі **ылжырап деген сөз** Шығыс Қазақстан облысында қолданыс тапқан сөздердің бірі болып табылады. Атап айтар болсақ, Семей, Ақсу, Көкпекті өңірлерінде қолданылады. Ылжырап сөзі дыбыстық өзгеріске ұшырыған сөз болып табылады. Бұл сөз «былжырау» сөзінен шыққан. Көркем әдебиетте «ылжырап» сөзі «былжырап» сөзінен шыққан, яғни автор бұл сөзді дыбыстық өзгеріске ұшырату арқылы беріп отыр [2, 766-бет].

Осындай диалектілерді Дүкенбай Досжанның шығармалар жинағынан да кездестіруге болады.

Мысалы, «*Мәржікбасшал тәумүжік кетпенін қоя салып, күнге қолын көлегейлеп қарап қалған*» [5, 7-бет] сөйлеміндегі **мәржікбас** деген сөз Оңтүстік Қазақстан өңірінде, соның ішінде Қызылорда облысы, Қармақшы ауданының тұрғындары қолданып жүрген сөздердің бірі. Мәржікбас сөзі келбетсіз, маубас ұғымын білдіреді, яғни адамның кескін-келбеті жайында айтылған. [3, 156-бет].

«*Мойынтұрықты әкел!*» [5, 7-бет] сөйлеміндегі **мойынтұрық** деген сөз Шығыс Қазақстан облысында қолданыс тапқан сөздердің біріне жатады. Соның ішінде, Күршім ауданында «мойынтұрық» сөзі жарма мағынасында айтылатын болса, ал Алматы және Кеген ауданында өгіз қамыт ұғымын білдіреді [3, 174-бет].

Жанат Елшібектің «Уақыт-Сынап» шығармасында автор кейіпкер тілін даралау арқылы оның түсінік түйсігін аша түсіп, белгілі бір диалект сөздерді қолданған.

Атап айтар болсақ, «*Бірақ, әдеттегідей газет-журналдарға жазылыңыздар, өйтіңіздер-бүйтіңіздер деп бұйырып, үгіттеп жатқанымыз әбестеу*» [6, 16-бет] деген сөйлемдегі **әбестеу** сөзі Оңтүстік өңірлерінде қолданыс табады. Соның ішінде Қызылорда, Арал, Шымкент, Арыс өңірлерінің тұрғындары қолданатын сөздердің бірі болып табылады. Шымкент пен Арыс өңірінде қате, теріс, дұрыс емес ұғымында айтылатын болса, ал Қызылорда мен Аралда қымсыну, ұятсыну мағынасында қолданылады [3, 28-бет].

«*Тым-тырыс, томаға-тұйық тыныштықтың әлем-тапырығын шығарған саркантиқ Жұмахан Майтжанов ақсақалдың ақиқи сөзі құлақ түбінде ұзақ жаңғырған*» [6, 16-бет] деген сөйлемдегі **ақиқи** сөзі Түркіменстан Республикасы, соның ішінде Ашхабад, Ташкент облыстарында, шын, рас, ақиқат деген ұғымда қолданыс тауып отыр. Көркем әдебиетте «ақиқи» сөзі «ақиқи» болып қолданылған, яғни автор бұл сөзді дыбыстық өзгеріске ұшырату арқылы беріп отыр [3, 19-бет].

Мархабат Байғұттың «Оқу залы» атты шығармасында автор кейіпкерлердің тұрмыс-тіршілігіне, өмір сүру болмысына тән диалектілік сөздер кеңінен көрініс тапқан.

Мысалы, «*Тек Айкөрік ауылының аяққы тұсындағы қазан болған қауын-дарбыздың қарақошқыл тартқан пәлектері гана мұңға қамырығып қоңыраятын*» [7, 5-бет] сөйлеміндегі **пәлек** сөзі Оңтүстікте кеңінен қолданылады. Атап айтар болсақ, Шымкент, Сайрам, Жамбыл, Қызылорда өңірлерінде қауын-қарбыздың сабағы мағынасында айтылатын болса, ал Қарақалпақстанда бірнеше бөлмелі астық қоймасы ұғымын білдіреді [2, 552-бет].

«*Деп ойлап едім, Ботанов бүйірімнен бағанағыдан бетер қатты түртті-ау, айқайлап жібере жаздадым*» [7, 46-бет] деген сөйлемде **бағана** сөзі Ақтөбе облысы, Темір, Қарабұлақ аудандарында кеңінен қолданылады. Ақтөбе облысы мен Темір ауданында белағаш, сілеген ұғымында айтылатын болса, ал Қарабас ауданында мана деген ұғымды білдіреді [2, 132-бет].

«*Жарымай жүрген кембағал емес пе еді?!*» [8, 13-бет] сөйлемінде **кембағал** сөзі Бұл сөз Алматы, Жамбыл, Шу, Қызылорда, Қордай өңірлерінде қолданыс табатын сөздердің қатарына жатады. Дегенмен осы өңірлерде қолданылғанымен, мағынасы әрбасқа болып келеді. Алматы, Жамбыл өңірлерінде мүгедек, кемтар, жарымжан ұғымында айтылатын болса, Қызылорда, Қордай өңірлерінде кедей, жарлы мағынасында қолданылады [2, 338-бет].

«*Аға! Аға!..*» деп елпек қағып тұршы еді, құлыны!..» [8, 25-бет] деген сөйлемде **елпек** сөзі Шығыс Қазақстан өңірінде кеңінен қолданыс табатын сөздер қатарына жатады. Атап айтатын болсақ, Зайсан, Жамбыл, Жуа өңірлерінде

қолданылады. Зайсан өңірінде елгезек, тіп алғыш ұғымында қолданылатын болса, ал Жамбыл, Жуалы өңірлерінде жұмсақ мағынасында қолданылады.

Айгүл Кемелбаеваның «Мұнара» атты шығармасында автор мына сөздерді енгізген. Соның ішінде, «Қадим заманнан солай қалыптасқан: әуелі тентектік, соңынан көнбістік» сөйлемінде [9, 5-бет] **қадим** деген сөз Ауғанстан, Иран өңірлерінде қолданылады, яғни ескі бұрынғы ұғымында айтылады [2,392-бет].

«Шабәқ балықтың жалаңаш сүйек түзілісінің кескіні, қауырсын мен жапырақ бәрінің де сурет бедері, нобайы бір-бірінен аусашы» [9, 5-бет] деген сөйлемде **нобай** сөзбасқа елдерде де қолданылып жүрген сөздер қатарына жатады. Атап айтар болсақ, Түркіменстан, Краснодар, Ашхабад, Ташкент өңірлерінде көп ұғымында қолданылып жүрген болса, ал өзіміздің еліміздегі Көкшетау, Щучинск қалаларында мінез-құлық, пішін мағынасында айтылады [2, 534-бет].

Дидар Амантайдың «Қарқаралы басында» атты шығармасында автор материалдық ұғымға қатысты сөздерді қолданған. Мысалы, «Содан кейін басына қара телпегін киіп, ілгешектегі қолишатырын ұстады да, жылдам басып сыртқа шығып кетті» [10, 15-бет] сөйлемінде **телпек** сөзі Оңтүстік өңірлерде сонымен қоса, басқа елдерде де қолданыс табатын сөздер қатарына жатады. Қызылорда қаласында киізден істелген бас киім ұғымында айтылса, ал Ақтөбе, Маңғыстау өңірлерінде тақияны осылай атайды екен. Басқа елдерде, соның ішінде Ауғанстан, Иран өңірлерінде құлақшын ұғымын білдіреді [2, 634-бет].

Көркем әдебиет тілінде жергілікті ерекшеліктерді диалектизмдерді қолдану шеңбері, принциптері, әдістері – әлі де болса шешілмей келе жатқан талас мәселелерінің бірі болып табылады. Көркем мәтінде қолданыс тапқан диалект сөздерді жинақтап, саралай келгенде, жазушылардың белгілі бір мақсатта қолдану ерекшеліктері анықталады. Көп жағдайда сол өңірдің тұрмыс-тіршілігіне, өмір сүру болмысы мен кәсібіне тән сөйленіс қатарына әбден сіңіп кеткен диалектілік сөздер кеңінен көрініс тапқан. Жазушылар кейіпкер тілін даралау арқылы оның түсінік түйсігін аша түсіп, бітім-болмысын айқын көрсетуді мақсат тұтады. Әр кейіпкердің іс әрекетіне орай сөйлеген сөзі де оларды бір бірінен өзгешелеп тұрады. Диалектизмдер көбінесе стильдік мақсатта, яғни кейіпкердің табиғи бітім-болмысын айқын көрсету үшін қолданылады. Демек, көркем мәтіндердегі диалектизмдердің ұтымды қолданылуы, мақсатты жұмсалуды сөздік қорымыздағы кейбір сөздердің мағыналарын толықтырып, мағыналық өрісін кеңейтуге едәуір септігін тигізетіні сөзсіз, яғни ақын-жазушылардың тілі арқылы сөздік қорымызды кеңейтеміз.

### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Атабаева М.С. «Қазақ тілі диалектілік лексикасының этнолингвистикалық негізі» Алматы: Білім, 2006. – 228 б.
2. Диалектологиялық сөздік. Алматы: Арыс, 2007. – 342 б.
3. Қазақ тілінің диалектологиялық сөздігі. Алматы: Ғылым, 1999. – 236 б.
4. Ораз Н. Даладан қалаға келгендер. Алматы: Қайнар, 2006. – 280 б.
5. Досжан Д. Шығармалар жинағы. Алматы: Жазушы, 2007. – 169б.
6. Елшібек Ж. Уақыт-Сынап. Алматы: Қайнар, 2008. – 254 б.
7. Байғұт М. Оқу залы. Алматы: ҚазАқпарат, 2009. – 344 б.
8. Кемелбаева А. Мұнара. Алматы, 2003. – 149 б.
9. Амантай Д. Қарқаралы басында. Алматы, 2010. – 395 б.

**Қуанғанова Малика Қайратқызы**

С. Аманжоловатындағы Шығыс Қазақстан мемлекеттік университетінің

3 курс студенті

Қазақстан Республикасы, Өскемен қаласы

Ғылыми жетекшісі: Килыбаева Г.К.

[eraly.balym@mail.ru](mailto:eraly.balym@mail.ru)

Бүгінгі таңда ең өзекті, ең маңызды проблемалардың ішінде біз ауасын жұтып, суын ішіп отырған табиғатты қорғау мен табиғи ресурстарды тиімді пайдалану мәселесіне аса ерекше мән беріліп отыр. Көптеген ғалымдардың пікіріне сүйенер болсақ қазіргі таңда күннен-күнге экологиялық проблемалар шешілудің орнына, күн санап артып келе жатқанын, Табиғат-Ананы тиімді пайдаланбау алдарынан құртылудың аз-ақ алдында тұрғандығы, адамзат атаулына қауіп төніп тұрғаны айқын. Ойған байланысты елімізде көптеген іс-шаралар жасалуда. Әсіресе білім беру мекемелерінде, соның ішінде адамгершілік қасиеттерінің қалыптасуының ең алғашқы баспалдағы болып табылатын мектеп жасына дейінгі мекемелер экологиялық тәрбие беруді дамыту керектігін айқындайды.

Экологиялық білім мен тәрбие беру 1970 жылы БҰҰ деңгейінде ұйымдастырылған (ЮНЕСКО) «Адам және биосфера» деп аталатын бағдарламаны қабылдаудан басталады. Осыған орай, қоғам өміріндегі ең басты міндеттердің бірі – табиғатты қорғау мәселелерімен, яғни жас ұрпақты экологиялық білім мен тәрбие негізінде қаруландыру болып табылады. Өскелең ұрпақтың экологиялық мәдениетін қалыптастыра отырып, жаңа заманның көкірегі ояу, ұлттық сана-сезімі жоғары саналы азаматын тәрбиелеу ұзақ әрі күрделі процес болып табылады.

Экологиялық тәрбие беру жұмысы отбасында, балабақшада, мектепте арнаулы және жоғары оқу орындарында үздіксіз жүргізілген жағдайда ғана адам санасында табиғатты қорғау, оның байлықтарын сақтау жөніндегі тиянақты көзқарасты қалыптастырып, жүйелі білім беруге болады.

Бұл жөнінде белгілі ақын, ақындардың халықаралық « XX ғасыр, әлем және экология» қозғалысының төрағасы болған М. Шаханов өзінің мақаласында « ...бізде экологиялық тәрбие болған жоқ, ол қазірде жоқ. Экология ғылым ретінде ең артта қалған, қараусыз жағдайда, біз адамдардың экологиялық санасын оятуымыз қажет, ертең кеш болады» деп айтқан болатын. Балаларға экологиялық білім мен тәрбие беру деп, жас ұрпақтың қоршаған табиғи ортаға саналы көзқараспен қарап, оның байлықтарын үлкен парасаттылықпен пайдаланатын, табиғи ресурстарды байыта түсудің қажеттілігін түсінетін, қоршаған табиғи ортаны қорғауға белсене араласатын көзқарасты қалыптастыруды айтамыз. Ал, экологиялық тәрбие мен білім беру нәтижесінде экологиялық мәдениетті тұлға қалыптасады. Мектепке дейінгі экологиялық білім мен тәрбие беру бұл үздіксіз экологиялық білім жүйесінің бірінші сатысы, яғни балаларда экологиялық мәдениеттің негізін қалыптастыру сатысы.

Табиғат өте сұлу, таңғажайып әлем. Дегенменде барлығымыз бұл табиғи сұлулықты, аспан, су, жапырақ кереметтілігін көре бермейміз. Табиғат балаға күнделікті әсер етеді. Бірақ балалар көп нәрсені байқай бермейді, үстірт қабылдайды. Табиғат сұлулығы рухани қайырымдылыққа тәрбиелеуде үлкен рөл атқарады, яғни, балаларды мейірімділікке, адамгершілікке, жақын адамдарға қамқор бола білуге көмектеседі. Балалар үшін табиғат-бұл әр түрлі табиғи құбылыстарды танудың және сөздік қорын байыту көзі. Бұл-балалардың сөйлеу және ойлау қабілетінің дамуына ең



қолайлы және пайдалы фактор. Табиғат баланың тұлғалық қалыптасуына зор ықпал етеді. Баланың қандай болып өсуі бізге, ересектерге байланысты. Балабақша балаларының экологиялық тәрбиесі алуан түрлі ықпал ету құралдарының көмегі арқылы іске асырылады: саяхат; мұражайларға бару; мақсаттық серуен; телебағдарламалар, бейнефильмдер; табиғат туралы көркем әдебиеттер; суреттерді, фотосуреттерді, иллюстрацияларды тамашалау; музыка тыңдау; дидактикалық ойындар, мақал-мәтелдер.

Мектепке дейінгі жастағы балаларға адам мен табиғат арасындағы қарым - қатынасты анықтайтын экологиялық тәрбие беруге байланысты мектепке дейінгі тәрбие мекемелердің алдында негізінен мына төмендегі міндеттер тұр.

Атап айтқанда:

-педагогтардың экологиялық тәрбие беру жөнінде білім деңгейін көтеру;

-балаларды айналамен таныстырудың бағдарламасын, олардың ата- аналарына насихаттау;

-әртүрлі жастағы балалар топтарындағы оқу-тәрбиелік жұмыстар;

Қоршаған ортаны аялауға деген адамның саналы көзқарасын қалыптастыру оның бала кезінен ерте басталуы тиіс.

Баланың дүниеге келгеннен кейінгі алғашқы 7 жыл оны тәрбиелеу мен оқытудағы еңбасты кезең болғандықтан оны ескерусіз өткізіп алуға болмайды. Баланың болашағы сол кезеңде алған тәрбиесіне өте байланысты. Олай болса адамзаттың рухани және материалдық жағдайы осы кезеңде алған тәрбие негіздеріне тәуелді. Сұлулыққа тәрбиелемей тұрып жақсы ниеттегі, адамгершілігі бар, шығармашылықпен жұмыс істейтін адамды қалыптастыру мүмкін емес. Сұлулық бала бойында қуаныш сияқты ең жақсы сезімдерді тудыра отырып, баланың белсенді түрде шығармашылықпен жұмыс істеуі мен денсаулығына оң ықпалын тигізеді. Бірақ бала мұның бәрін сезіну үшін сұлулықты өз көзімен көріп, оны қабылдай білуі керек. Балалар тәрбие арқылы, ересектердің өнегесі арқылы дүниені таниды, көруді, сезінуді, тыңдауды үйренеді. Тәрбиелеуші жақсы өнегені беруге неғұрлым қабілетті болса, балада соғұрлым көбірек үйренеді. Баланың өміріндегі алғашқы қабылдаған қуанышты сәттер оның болашақтағы өміріне жағымды бағыт беретінін, өмір бойы есінде қалады. Жаңағасырда табиғатсыз баланы тәрбиелеуді көз алдымызға елестете аламыз. Сондықтан да балабақшамыздағы тәрбиеісінің негізгі міндеттерінің бірі "Балаларды айналамен таныстыра отырып, оларға экологиялық тәрбие беру" болып табылады. Баланы өз туған өлкесінің табиғатын сүйе, оны аялай білуге, оны қорғауға қызығушылығын арттырып, жауапкершілігін күшейтуге, табиғатпен бірге өмір сүретінін сезінуге үйрету мақсат. Балалармен жұмыс істеу барысында сабақ өтілетін бөлме ғана емес, сонымен қатар мекеме орналасқан ғимарат та әсем болуы керек. Егер балалар сұлулықты өмірден өз көздерімен көре отырып, оның өмірімен байланысын сезіне білсе, онда олар сұлулықтың бар екеніне сенеді. Балаларды табиғатқа деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу барысында оларды сұлулықты көріп қана қоймай, сол сұлулық жолында еңбектене білуге үйретудің маңызы зор.

Баланы мектеп жасына дейінгі кезеңнен өзі өсіп-өнетін ортасын, қоршаған табиғатын бағалай білуге және оларға дұрыс қарауға үйретудің маңызы зор. Ол үшін оқытудың бүкіл үрдісіне экологиялық білімдерді енгізген жөн. Күштемеу, сүйіспеншілік, шындықты білуге талаптану және парасатты мінез-құлық сияқты адамдық қасиеттерді тану үрдісінде балалар адамның табиғат алдындағы жауапкершілігін түсіне біледі. Күштемеу деген табиғатқа жасалып тұрғанның кез-келгеніне мейлі ол ағаш, көбелек, бұтақ болсын оларға ешбір зиян келтірмеу керек дегенді білдіреді. Балалар тірі атаулының бәрін бағалай білуі тиіс. Табиғатқа деген сүйіспеншілікті тек оның әсемдігімен масаттану және тынығуға жиі бару деп түсінбеу

керек. Балалардың өздері де ағаштар отырғызуға, бұлақтардың көзін ашуға, ұя жасауға қатысып, табиғатқа зиян келтіретін тұрмыстық қалдықтардан құтылудың тәсілдері туралы сұрақ-тарға жауаптар іздейді. “Ағаштың жемісін жеймін десең, түбіне балта шаппа...” - деген екен. Жас бала тамылжыған табиғатқа, әсем әуенге, айналадағы әсемдікке қызығады, содан әсерленеді, көркемдікті түсініп, оның мәнін түсінеді, әсемдікті танып, талғауды үйренеді. Мысалы: Балаларды гүлдермен таныстыру кезінде, олар олардың түрлерімен, пайдасымен тапсырмалар арқылы танысып, хош иісімен далаға берер әсемдігін көреді, сезінеді. Осы сұлулықты бұзғылары келмейді. Оны елестету арқылы парақ бетіне өз қиялдарынан бейнелеп салады. Өлі және тірі табиғат нысандарына деген қызығушылық өте ерте жастан қалыптаса бастайды. Баланың айнала қоршаған табиғатқа қызығушылығын ескере отырып, экологияға деген сүйіспеншілік, қорғаушылықты тәрбиелеу керекпіз. Ең маңыздысы біздің табиғатты сүйюіміз және соны балаларға жеткізуіміз, біз табиғатсыз өмір сүре алмайтынымызды балаға түсіндіру. Қазіргі таңда балалардың дамуында экологиялық біліктілігіміздің, жаңа технологиялардың маңызы ерекше. Экологиялық тәрбие адамгершілік тәрбиесімен өте тығыз байланысты. Әсемдіктен сусындау, оны қабылдау, түсіне және сезіне білу адамгершілік негіздерді қалыптастыруға көмектеседі. Оның міндеттері күрделі де сан алуан. Экологиялық тәрбие балалардың сезімдері мен санасына ықпал жасап, көзқарастары мен нанымдардың орнығуына жәр-демдесе отырып, оның дүниетанымын қалыптастыруға елеулі үлесін қосады. Тіпті балаларға табиғаттағы адамдар еңбегінің маңыздылығын көріп, бағалауды үйретеміз.

Экологиялық тәрбие жұмысына орай көрнекіліктерді қолдана отырып, табиғат бұрышының жабдықталуына байланысты конкурстар ұйымдастырылып экология проблемалары туралы, жағымды және жағымсыз әрекеттер бейнеленген картиналар пайдаланылғаны, ата аналар ментәрбиешілердің бірлескен жұмысының нәтижесінде табиғат туралы шағын кітапхананы өлі және тірі табиғатпен жабдықтау арқылы көрме ұйымдастырылғаны дұрыс. «Алтын күз», «Кұстар күні», «Табиғатты сүйеміз», т.б ертеңгіліктер бала еңбегімен ұштасып, әр педагогтың ізденімпаз әрекеті ғана болашақ табиғат жанашырын тәрбиелей алады дей келіп, тәрбие жұмысын жүргізудің мынадай екі нысанасына назар аударамыз:

а) балалардың айналадағы табиғатқа деген сүйіспеншілігін оятып, ұғымын кеңейту, оның әсемдігін нәзік сезінуге, өсімдіктер мен жануарлар дүниесін қамқорлыққа алуға баулу.

ә) балабақшада табиғат жайында алғашқы ұғымды қалыптастыра отырып қарапайым білім беріп, осының негізінде тірі және өлі табиғаттағы құбылыстар жөнінде нақты және жалпылама таным-түйсік қалыптастыру.

Сонымен қорытындылай келе кез келген адам үшін экологиялық тәрбиені қалыптастыру маңызды. Әсіресе, мектеп жасына дейінгі балалар үшін өте маңызды болмақ. Сондықтан-ақ бүлдіршіндерге, жас ұрпаққа кез-келген іс-әрекет, кез келген адамзат қоғамының жеткен жетістіктері Табиғат-Анамен тікелей байланысты екенін мектеп жасына дейінгі мекемелерден бастап үйретер болсақ, болашақта экологиялық тәрбиелі, экологиялық мәдениетті тұлға қалыптаспақ. Өзіміз тыныстап, барымызды алып отырған, күн көріп отырған табиғатты баршамыз аялайық.

Библиографиялық сілтемелер:

1. Аюпова Адина Сапарқызы Мектеп жасына дейінгі балаларға экологиялық тәрбие беру жолдары [Электронный ресурс] URL: <http://www.dereksiz.org/mektep-jasina-dejingi-balalarfa-ekologiyali-terbie-beru-joldar.html>

2. Аюпова Адина Сапарқызы Мектеп жасына дейінгі балаларға экологиялық тәрбие беру жолдары [Электронный ресурс] URL: <http://www.dereksiz.org/mektep-jasina-dejingi-balalarfa-ekologiyali-terbie-beru-joldar.html>

3. Нағызбаева А.Ж Мектеп жасына дейінгі балаларға экологиялық тәрбие берудің маңыздылығы [Электронный ресурс] URL: [https://www.metod-kopilka.ru/mektep\\_zhasyna\\_deyng\\_balaa\\_ekologiyaly\\_trbie\\_beru\\_mayzdylyy.-4095.htm](https://www.metod-kopilka.ru/mektep_zhasyna_deyng_balaa_ekologiyaly_trbie_beru_mayzdylyy.-4095.htm)

4. Құлшанова С Табиғатты қорғау. \ Отбасы және балабақша. – 1993. № 6.

5. С. Т. Конкаева Мектеп жасына дейінгі балаларға экологиялық тәрбие беру [Электронный ресурс] URL: [http://www.rusnauka.com/16\\_NPRT\\_2014/Pedagogica/3\\_171514.doc.htm](http://www.rusnauka.com/16_NPRT_2014/Pedagogica/3_171514.doc.htm)

6. Мусағалиқызы Балбибі Мектеп жасына дейінгі балаларға экологиялық тәрбие беру [Электронный ресурс] URL: <http://zkoipk.kz/nisconf2s/656-confnis.html>

**Shynybaeva Yrysaldy Dalelkhanovna**  
Kazakhstan, Astana, Secondary school №42

### Short term lesson plan

<b>Unit of a long term plan:</b> <b>Unit 3 Our Countryside</b> <b>Lesson plan 28</b>		<b>School: №42</b>	
<b>Date: 4.12.2018</b>		<b>Teacher's name:</b> <b>Shynybaeva Yrysaldy Dalelkhanovna</b>	
<b>CLASS: 6</b>		<b>Number present:</b> <b>12</b>	<b>absent: 0</b>
<b>Lesson title</b>	<b>Animal behaviour</b>		
<b>Learning objectives(s)</b>	<p><b>6.C1</b> revising a basic rule for the Present Continuous Tense.</p> <p><b>6.C2</b> use speaking and listening skills to solve problems creatively and cooperatively in groups ( Ex.1, p.36)</p> <p><b>6.L2</b> understand with little or no support most specific information in extended talk on a wide range of general and curricular topics( Ex.4 p.36)</p> <p><b>6.W3</b> write with support factual descriptions at text level which describe animals ( Ex.5,6 p.36).</p>		

<b>Lesson objectives</b>	<p><b>All learners will be able to:</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>Identify the theme, new words, understand an interview about animal's behaviour use them as the basis for discussion with a correct grammar rules.</li> <li>Transfer the given information into a graphic organizer.</li> <li>Offer constructive peer-feedback using rubric.</li> </ul> <p><b>Most learners will be able to:</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>Select, compile, and synthesize information for an oral presentation.</li> <li>Demonstrate the ability to write grammatically correct sentences on familiar topics;</li> </ul> <p><b>Some learners will be able to:</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>Respond to and discuss the texts using interpretive, evaluative and creative thinking skills.</li> </ul>	
<b>Level of thinking</b>	Higher order thinking skills (according to the revised Bloom's taxonomy).	
<b>Assessment criteria</b>	<ul style="list-style-type: none"> <li>Read the given passage and identify the general information.</li> <li>Demonstrate skills of organizing and expressing ideas accurately.</li> </ul>	
<b>Target language</b>	Beaver, salmon ,chase, enormous, move, feed	
<b>Values links</b>	Appreciating the love to animals	
<b>Cross-curricular links</b>	Natural Science, Social Science, History, Geography	
<b>Previous learning</b>	Vocabulary related to people's active way of life	
<b>Plan</b>		
<b>Planned timings</b>	<b>Planned activities</b>	<b>Resources</b>
Start  5 min	<p>The lesson greeting. The teacher sets the lesson objectives, letting students know what to anticipate from the lesson.</p> <p><b>Warm up. "From heart to heart"</b> Then to create a positive learning environment the teachers asks students to start the lesson giving each other compliments about appearance, job performance, talent, etc. and also practice accepting compliments. (E.g. - Hello, my friend, you look beautiful today! <b>Pre-learning</b> <b>Game "One word, four photos"</b> <b>The consolidation of the theme about animals. Group Work.</b> Teacher:Pupils please look at the active board!</p>	<p>Slide (objectives)</p> <p>Slide (useful phrases)</p> <p>Slide Pictures</p>

**Main part**

In this slide you see 4 photos of animals, according to these photos you have to guess one word. Which group guess the word, named after this class

Mammals - 1 st group

Reptiles – 2 nd group

Birds – 3 rd group

Each group will give a short information about their animals.

Reptiles are animals who lay eggs. Some reptiles are very dangerous.

Mammal	Reptiles	Birds

**The main part of the lesson.**

**Brainstorming**

**Complete the table Present Continuous**

Each pupil have cards, they have to complete the table according the grammar rules After finishing this task, teacher asks pupils do the self-check, after that exchange cards with their partners and do the pair –check. Then check with class

**Target language: Presenting the new word**

Today we'll speak about animals behaviour.

**BEHAVIOUR**

With what words can you associate it:

**action, activity, doings, manners.**

So, what can animals do? Write as many activities as you know?

What is it doing?



**Worksheets**

Slide

Whiteboard

A table

**Writing  
Worksheets**



Ex. 1 p.36(activity of animals)

What six animals can you see on page 36? Why do we use Present Simple in this exercise?

Listen to the interview and try to understand, try to identify missing words Ex.4.

What pictures does she speak about?

He speaks about pictures: 1,3,4,6.

I'm going to speak about.....

I want to present this animal to you....

Let me introduce this amazing animal or bird to your attention...

Think about activities of the animal

**CD 1.31**

**Student's Book p.36**

End

Home task WB p.26

УДК: 378

**РОЛЬ МОЛОДЕЖИ В СОВРЕМЕННОМ ОБРАЗОВАТЕЛЬНОМ ПРОСТРАНСТВЕ**

**Смагулова Гульнара Спанбаевна**

[vip.smagulova1969@mail.ru](mailto:vip.smagulova1969@mail.ru)

Старший преподаватель, магистр ТарГУ им. М.Х. Дулати,  
Тараз, Казахстан

**Келесова Уржамал Сагимбековна**

[Kelessova\\_1972@mail.ru](mailto:Kelessova_1972@mail.ru)

Доцент, кандидат экономических наук ТарГУ им. М.Х. Дулати,  
Тараз, Казахстан

XXI век - век информационного общества, усилит роль образования в процессе дальнейшего развития цивилизации. Знания при этом выступают в роли основных

ресурсов и факторов развития Казахстана в реализации стратегии «Казахстан - 2030».

Из всех Программных документов Президента Республики Казахстан Н.А. Назарбаева следует, что образовательная реформа является крайне необходимой для успешного решения роста экономики, подъема уровня жизни населения и выхода страны на международную арену. В новых современных условиях особую значимость приобретает идея воспитания молодых людей. В связи с этим, Министерством образования и науки РК делается акцент на основные стратегические направления в области образования, обучения и воспитания подрастающего поколения, формирования казахстанского патриотизма среди учащейся молодежи. Разработана целостная система нравственно-духовного образования и воспитания личности.

В Законе «О государственной молодежной политике в РК» от 9 февраля 2015 года определены следующие задачи и принципы: «вовлечение молодежи в социально-экономическую и общественно-политическую жизнь страны; формирование гражданственности, укрепление чувства казахстанского патриотизма; приоритета культурных, нравственных и духовных ценностей» /1/.

Не случайно, будущий 2019 год объявлен Главой государства «Годом молодежи». Это - веление времени. «Комплексная поддержка молодежи и института семьи должна стать приоритетом государственной политики. Необходимо создать широкую платформу социальных лифтов, которая будет включать полный комплекс мер поддержки всех категорий молодежи», - отметил Президент РК в новом Послании «Рост благосостояния казахстанцев: повышение доходов и качества жизни». Данное обращение к казахстанцам явилось еще одним историческим событием в интеллектуальной жизни нашей республики и вызвала широкий резонанс среди студентов и профессорско-преподавательского состава вузов. В настоящее время, когда наше государство находится на пути политических, социально-экономических и культурных преобразований, проблема воспитания молодежи имеет первостепенное значение. Молодому поколению отводится роль будущего нашей страны, двигателя общества /2/.

Условия жизни ставят сегодня перед вузами задачу подготовки молодого специалиста, способного к полнокровной созидательной деятельности в социальном обществе, адаптации в нем. Подготовка новых востребованных кадров относится к числу самых актуальных проблем на сегодняшний день. Актуальность обусловлена интенсивным влиянием вне вузовской среды на студенческую молодежь, перестраиванием моральных принципов жизни общества, связанных с идеологической и экономической перестройкой общества.

Президент в своем выступлении также подчеркнул, что наше государство является составной частью мировой экономической системы, а это предполагает наличие подготовленных кадров всех направлений. Одним из ключевых направлений социально-экономических преобразований в стране является трансформация системы образования. Безусловно, позитивным моментом является изменение подходов к организации современного образования, внедрение новых стандартов обучения. Без реальных специалистов, соответствующих мировым стандартам, мы не можем занять достойное место в мировом сообществе. Поэтому реформа образования – это реальный шаг, который позволит Казахстану обеспечить конкурентоспособность.

Обращение Главы государства имеет актуальный и многоаспектный характер, т.к. в настоящее время проблемам молодежи отводится первостепенная роль, причем не только образовательному, но и воспитательному процессам. Он призывает молодежь быть амбициозной в лучшем смысле этого слова, проникнуться духом казахстанского патриотизма и стать высококвалифицированными специалистами в своем деле, гордостью страны. Также было отмечено, что именно образование и широкие

универсальные знания, в первую очередь, станут важным вкладом в укрепление и формирование интеллектуальной элиты Казахстана.

Таким образом, перед системой образования встают новые ориентиры: формирование творчески мыслящих специалистов, владеющих не только профессиональными знаниями, новейшими технологиями, но и высокой культурой мышления, способных инициировать и реализовывать крупные проекты в разных отраслях экономики.

Достижение долгосрочных целей в процветании Казахстана возможно лишь при наличии в стране образованного населения с высоким уровнем научного и творческого потенциала. В связи с этим требованием времени в современных условиях перед вузами ставятся задачи: поднять уровень идейно-политической и профессиональной подготовки студентов в соответствии с требованиями мировых стандартов, увеличить выпуск специалистов по новым перспективным направлениям. Ускоренная технологическая модернизация экономики сегодня формирует новые требования к инженерным кадрам, актуализирует задачу подготовки технических кадров. С 2017 года был дан старт новому проекту «Бесплатное профессионально-техническое образование для всех», что дало возможность повысить престиж рабочих профессий и обеспечить занятость молодежи.

Актуальность постановки и внедрения этой задачи обусловлена и самой спецификой студенческой среды, интеллектуальной элиты молодежи, отличающейся всегда наибольшей целеустремленностью, «продвинутой» в любых начинаниях, активностью жизненных позиций. Поэтому формирование положительной мотивации деятельности именно этой среды является государственно важным для того, чтобы жажда переустройства, самоутверждения, свойственная молодому возрасту и данной социальной группе, была не стихийной и разрушающей, а созидательной.

Также в новой статье «Семь граней Великой степи», которая является фундаментальным продолжением Программы «Рухани жаңғыру», Лидер нации обозначил одну из основных задач воспитания каждого поколения – приобщение к историческим культурным и духовным ценностям и идеалам, так как знание истории, культуры своего народа открывает перед человеком целый мир, позволяет по-новому увидеть и оценить современность /3/.

В Таразском государственном университете имени М.Х. Дулати горячо поддерживают политический курс Президента Н.А. Назарбаева – курс на ускоренную модернизацию страны. В целях реализации Программных документов Главы государства в вузе проводятся различные мероприятия, направленные на развитие системы подготовки высоко квалифицированных специалистов: тематические студенческие научно-практические конференции, «круглые столы», семинары, встречи с участием представителей производств - работодателей и др. Для успешного обучения в вузе используются новейшие педагогические, инновационные и информационные технологии. Современная материально-техническая база, интеграция образования и науки способствует реализации основного принципа, которому подчинена деятельность вуза – соответствие европейским стандартам фундаментального образования, признаваемого на международном уровне, достижение высокой конкурентоспособности выпускников на мировом рынке труда.

3. Кусаиынов К., Шуюшбаева Н.Н., Ахмадиев Б.А., Кужуханова Ж.А. Энергоэффективность электрогидравлического бура при создании скважин для теплообменных аппаратов // Вестник Карагандинского университета. Серия «Физика». - Караганда, 2014. - № 1(73). - С. 39-45.
4. Курец В.И., Усов А.Ф., Цукерман В.А. Электроимпульсная дезинтеграция материалов. - Апатиты: Кольский научный центр РАН, 2002. - 324 с.

## SOZHAYDAR XORAZMIY TARIFIDA

### JALOLOVA Osiyo Bahodir qizi

Alisher Navoiy nomidagi Toshkent davlat  
Ozbek tili va adabiyoti universiteti Ozbek tili va dabiyoti fakulteti  
2-bosqich talabasi  
Toshkent, Ozbekiston  
Ilmiy rahbar T.Matyoqubova, f.f.n; dotsent

Haydar Xorazmiy XIV asr oxiri XV asr boshlarida yashab ijod qilgan ijodkorlardan biridir. Shoir haqidagi bazi malumotlar Davlatshoh Samarqandiyning Taskirat ush-shuaro, Alisher Navoiyning Majolis un-nafois, Muhokamat ul-lugatayn kabi asarlarida uchraydi. Adabiyotshunos N.Mallayev Maxzanul-asror Haydar Xorazmiyning bizgacha yetib kelgan yagona asari ekanligini takidlaydi (N.Mallayev, 288). Bu asar 1987-yilgi "Muborak maktublar" majmuasida Gulshan ul-asror tarzida nashr etilgan. Doston pandnoma xarakterida bolib, unda shoir ozining falsafiy-axloqiy qarashlarini hikoyat, maqolot va maviza shaklida beradi. Shoir Nizomiy Ganjaviyning Maxzan ul-asror asaridan ilhomlanib ushbu asarini yozgan. Haydar Xorazmiy dostonidagi Musannifning vasfil-holi bobida Nizomiy Ganjaviyning asariga yuksak baho beradi:

Aql tengsiz erdi- yu andisha kon,  
Ortasida gavhari mani nihon.  
Jon tishi birla qozib ul konni,  
Qildim ozum gavs bu ummonni.

(Gulshanul-asror, 206)

Bunda shoir aqlni dengizga tashbeh qilgan. Shu dengizda yashiringan mani gavharlarini ummonda gavvos singari suzib, jon tishlari bilan qaziganligini badiiy tasvirlaydi. Bunda gavhari mani, shubhasiz, Nizomiy Ganjaviy dostonidir.

Ul kishi qoygay chu Nizomiy bu ganj,  
Qozgana olgay guhari dast ranj.  
Yoq esa har muflisi be dastgoh,

Hech topa bilgaymu bu Maxzanga roh.

(Gulshanul-asror, 207)

Shoirning hech topa bilgaymu bu Maxzanga roh misrasida iyhom sanatidan mahorat bilan foydalanilgan. Maxzan sozini shoir dastlabki manosida xazina, keyingisida esa doston nomi tarzida qollanilgan.

Menki pishurdim bu laziz oshni,  
Shayx Nizomiydin olib choshni.  
Shoir Nizomiy dostonidan ilhom olgani, undan adabiy tasirlanganligini etirof etar ekan, ovqat bilan bogliq sozlardan mahorat bilan foydalangan.  
Haydar Xorazmiy asarida soz tarifiga alohida ahamiyat beradi:

Umr ju qad etti adam manzili,  
Sozga raqam urdi odamning tili.  
Soz guhari bilguvchi sarafroz,  
Boldi bilik natida mansuba boz.

Yani, inson tili sozning yozishga asos bolgani, sozning insoniyat singari qadimiy ekani soz gavharini bilguvchi zot hammadan ustun ekani madh qilingan.

Oqil agar soz birla sozni yopar,  
Orif oshul sozda ozini topar.  
Ulki bilur soz guhari qiymatin,  
Sozda topar sozlaguvchining otin.

Shoir sozning qudratiga baho berib, oqillar va oriflarning sozdan qay darajada foydalana olish qobiliyatini korsatib bergan. Oqillar sozlarni tizib, mano ifoda paydo qiladi. Oriflar esa sozlaganda

osha sozlarda ozlarini namoyon qiladilar, sozda ifodalangan tub mohiyatga etibor qiladilar. Mano va mohiyat birgalikda qudratga ega boladi.

Ahli nazar shevasini soz bila,

Nuri basar mevasini koz bila.

Xorazmiy oqillar va oriflarning soz qiymatini baholashda qaysi nuqtayi nazardan qarashini alohida ta'kidlab, oqillarga nisbatan ahli nazar, oriflarga nisbatan nuri basar iboralarini qollagan. Bu iboralar orqali esa ularni zohiriy va botiniy ilmga ergashgan, bu ilmlarni ozlarida namoyon etgan zotlar ekanligiga ishora qiladi.

Soz kozidir ul korar holni,

Oz sozidur ulki sorar qolni.

Zohiru botin xabari sozdadur,

Ozgada yoq, har neki bor ozdadur.

Adabiyotshunos N.Komilovning keltirishicha, tasavvuf ahli orasida «ilmi qol» va «ilmi hol» degan tushunchalar bolgan. «Ilmi qol» til bilan ifodalasa boladigan ilmlar, yani zohiriy ilmlar, chunonchi, shariat ilmi ham shunga kirgan. «Ilmi hol» esa insondagi soz bilan tushuntirib bolmaydigan garoyib ruhiy kechinmalar, favqulodda fel-atvor, xislatlarning namoyon bolishidir (N.Komilov 18 b.). Baytlardagi hol, qol sozlari yuqoridagi ahli nazar va nuri basar iboralarini toldirib kelgan. Zotan, hol ahli -nuri basarlardir (N.Rahmonov, 444). Ular ilohiy jamolni mushohada qiladilar va tili bilan emas dili bilan sozlaydilar. Ayni paytda qol ahli- ahli nazarlardir. Ular zohiriy ilmlar- shariat ilmi sohiblaridir. Bundan kozlangan maqsad esa, zohir ham botin ham sozda ifoda topishidir.

Kimki nazar mazharidin yumdi koz,

Qoymadi meros ozidin gayri soz.

Umri garonmoya chu bolgay talaf,

Soz duru soz dunyida qilgay halaf.

Haydar Xorazmiy takidlashicha, qimmatli umr otib ketadi. Soz- durdir. Soz dunyoda zurriyot kabi qoladi.

Alisher Navoiyning Hayrat ul-abror asarida ham so'z tarifiga alohida bob ajratiladi. So'zni gavharga, durga qiyoslagan shoir, uni insonni hayvondan ajratuvchi vosita sifatida tariflaydi.

Tengriki, insonni qilib gandi roz.

Soz birla hayvondin anga imtiyoz

(Navoiy 44 b.)

Bunda shoir insonni ulug'lagani holda unga berilgan imtiyoz so'z ekanligiga etiborni qaratadi.

Haydar Xorazmiyning sozga alohida etibor berishini dostonning Musannifning vasfi holi bobida ham berilgan tarifi orqali ham bilish mumkin:

Sozda kerak maniyu manida zavq,

Sozlaguvchida soz uchun dardu shavq.

Sozdagi mani- ishqning mohiyati, manidagi zavq- ilohiy muhabbatdan zavqu sururga tolisdir, dardu shavq ishqning alanganishi va oshiqning riyozatidir. Bularning manbai esa, sozdir.

Xulosa qilib aytganda, Haydar Xorazmiyning soz haqidagi baytlari uning yetuk mahorat egasi ekanligidan dalolat beradi. U yaratgan doston Navoiyga qadar yaratilgan ozbek mumtoz adabiyotidagi noyob namunalaridan biridir.

Foydalanilgan adabiyotlar:

Haydar Xorazmiy Gulshanul-asror.-Fan,1963,211-246-b.

Rahmonov N. Ozbek adabiyoti tarixi.- T.:Sano-standart, 2017,439-445-b.

Mallayev N. Ozbek adabiyoti tarixi.-T.:Oqituvchi, 1976,288-b.

Vohidov R., Eshonqulov H. Ozbek mumtoz adabiyoti tarixi.-T.:Ozbekiston Yozuvchilar uyushmasi Adabiyot jamgarmasi,2006,167-172-b.

Ozbek adabiyoti (Badiiy matn namunalari). Kop jildlik. 3-jild.-Toshkent, 1959, 230-273-b.

Komilov N. Tasavvuf. T.: Ozbekiston, 2009. 300 b.

Alisher Navoiy. Hayrat ul-abror. T., 2006.370 b.

## ЗАМАНАУИ КОСТЮМДЕРДЕ ҚОЛДАНЫЛАТЫН ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ЭЛЕМЕНТТЕРІМЕН ПРИНТ ЖАСАУ

Кумекова Гульнара  
[nyrdaylet73@mail.ru](mailto:nyrdaylet73@mail.ru)

М.Х. Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университетінің магистранты  
Тараз, Қазақстан  
Ғылыми жетекшілері - Кудабоева А.К., консультант Жаппарова А.К.

Этникалық бағыт - бұл киімдерді үлгілеу мен құрастырудың нақты бағыты, негізінен ұлттық түстік шешіміне, этнографиялық орта экологиясына және белгілі бір елдің стилінің нюанстарына бағдарланған.

Этно-үрдістердің ерекшелігі - сыртқы көріністе және орындалу техникасында әртүрлі модельді безендіретін қайталанбайтын ою-өрнек.

Модельдерді жасау этнофутуризм контексіндегі әйелдер костюмінің құрылымдық үлгісін қазақ ұлттық ою-өрнектерінің мотивтерін көрсететін «принтті» материалын пайдалана отырып қалыптастыру принциптеріне негізделген.

Этникалық тақырыпты шығармашылық түсіну халыққа өз этникалық сәйкестігін сақтауға және көрсетуге көмектеседі, сондай-ақ халықтың рухани бірлігі мен өзіндік құндылық сезімін дамытады [1].

Осыған сәйкес, әйелдер киім үлгілері ерекше «принт» материалын қолдануға негізделген, қазақ ұлттық ою-өрнектерінің себептерін көрсете отырып, конструкторлық әдістерді қолдану арқылы «американдық қолтық ойындысы» мен «халтер» мойын ойындысы нәтижесіне қол жеткізілді.

Осы жұмыста композициялық әртүрлілік құралы ретінде қазақ ұлттық ою-өрнектерін бейнелейтін, композициялық және технологиялық қасиеттерге ие «принтті» материалын қолдану ұсынылады.

Бірдей үлгілік конструкция әртүрлі принтті купондарынан дайындалуы мүмкін. Заманауи құрал-жабдықтар купондарды тез басып шығарып, жаңартуға мүмкіндік береді.

Көркемдік бейнені қалыптасуы үлгінің пішіні мен архитектурасы және материалдың жасалуы арқылы жүзеге асырылады. Принт материалдарын жасау бойынша жұмыстың реті мен мазмұны сурет пен ою-өрнектің баспадан шығу технологиясының ерекшеліктеріне байланысты болады және анықталады.

Сонымен бірге үлгінің пішіні мен конструкциясына әмбебаптық және тұжырымдамалық талаптар қойылады. Сандық сублимациялық басып шығару тәсілі арқылы принт үлгілердегі матаға ұлттық колоритті береді.

Сурет купондық мата түрінде жасалды, элемент пен мотивке негізделіп қазақ ою-өрнегін пайдаланған.

Сондай-ақ, принт жасаған кезде, әйелдерге арналған қазақ ұлттық костюмінің реңдік және түстік өңдеуде колористтік шешімдері қолданылды. Негізгі үлгінің сыртқы көрінісінің сипаттамасы: әйелдер жазғы көйлегі (сарафан). Қазақ ою-өрнегі негізінде купон түріндегі, синтетикалық стрейч-атлас матадан жасалынған.

Көйлек қынамалы силуэтті, ұзындығы тізеге дейін. Қынамалығы кеуде және бел бүкпелерін көшірумен бүйір тігістегі бүкпе арқылы қамтамасыз етіледі. Сол жақтағы бүйір тігісте сыдырмасы орналасқан. Артқы бойдың орта тігісі бар. Қолтық ойындысы «американдық». Ұзын бантқа байланатын тік жаға [2].

Жобаланған үлгіде шығармашылық көзі ол- қызғалдақтардың кілемімен жабылған, көктемгі қазақ даласының бейнесі.

Коллекцияның түстік шешімі қазақ даласының түсі мен сән үрдістеріне сәйкес келеді: көгілдір аспан, тау шыңдары көк-сұр реңктері, гүлді көкнәр мен қызғалдақтары.

Гүлдеп тұрған қызғалдақтар - қазақтың көктемгі даласының жарқын бейнесі.

Қазақстанда әрқашанда қызғалдақтар өсіп тұрады.

Принт элементін жасау кезінде киіз үйдің бейнесі және қазақ ою-өрнегінің үлгілері пайдаланылды: «қосалқа» оюы; «төртқұлақ»; «шеттою» және т.б. оюлар.

Принттің эскизі және үлгілер эскиздері 1,2 суретте көрсетілген.



Сурет 1. Принттің эскизі



Сурет 2. Этностильдегі ою-өрнекті принтті үлгілердің эскиздері



Осылайша, жоғарыда айтылған киімдерді үлгілеуде этникалық бағыттың қалыптасуы мен даму ерекшеліктерін, қазақтың ұлттық костюмдерінің және қазақ ою-өрнектерінің ролін анықтайтын, сондай-ақ қазақ ұлттық элементтерін заманауи костюмде пайдаланудың принциптері мен әдіснамалық тәсілдерін жасау қажеттілігін анықтайтын жұмыстың өзектілігін анықтады.

#### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Нұржасарова М.А., Шильдебаева Л.К. Национальная одежда как неотъемлемая часть возрождения культуры народа // Материалы международной научно-практической конференции «Республика Казахстан -10 лет независимого развития» - Кызылорда, 2001. - С. 228-233.
2. Мартынова А.И., Андреева Е.Г. «Конструктивное моделирование одежды»- М.:МГУДТ, 2006г, 216 с.



**ОТБАСЫШШЛІК ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТЫҢ БАЛАНЫҢ  
ПСИХОЛОГИЯСЫНА ЫҚПАЛЫ.**

**Мухамова Наргиза Мұхтарқызы**

*nargiza.mukhtar@mail.ru*

(Қазақстан Республикасы, Шымкент қ.

М.Сапарбаев институты.)

**Ғылыми жетекшісі: п.ғ.к.Мунашова Ж.Б.**

Қазіргі таңда қоғамда отбасы психологиясы өзекті мәселелердің бірі. Отбасы әлемі әр алуан. Ол ата – аналарға адам өмірінің кереметін сезінуге, оны түсінуге, өз бар болмысын балалар үшін ұзартуға мүмкіндік береді. Бірақ, отбасы өмірі – сан қилы, рахаттанумен қатар қиындықсыз, мәселесіз отбасы болмайды. Отбасы тәрбиелеу көзі. Отбасы мәселелері - бүкіл қоғам мәселелері. Дәстүрлі отбасының дағдарыстық жағдайы кең құбылыс.

Ата – аналардың балалармен өзара әрекеттестік және өзара қатынас тарихы отбасы тарихымен тығыз байланысты. Отбасы – бұл баланың өзі және басқалар туралы ойы қалыптасатын және оның әлеуметтік табиғи, сондай – ақ рухани мәдениеттің орталығы. Баланың дүниеге келген сәті сияқты, оның мектепке дейінгі жасы, өсуі, дамуы және жеке тұлға болып қалыптасуы ғалымдар мен психологтардың айтуынша үңіле зейін аударатын маңызды және жауапты құбылыс. Әсіресе ең маңызды кезеңі мектепке дейінгі балалық шақта өзіндік сана дамиды, өзіндік баға және қоршаған ортаға деген қарым – қатынасы қалыптасады. Дәл осы кезеңде баланың тұлғалық дамуына отбасының қарым – қатынас стилінің әсері өте маңызды. Балалар ата – аналармен әрекеттестігінде басқалармен қарым - қатынас әдісін меңгереді. Олар баланың өміріндегі қарым – қатынас жасаушы субъектілердің біріншісі және үлгі болатын басымрақ оқытушылары болып саналады.

Отбасы туралы В.Сатирдің пікірі бойынша: «Барлық әлемнің микрокосмасы, яғни әлемді түсіну үшін отбасын толық тану қажет». Ал Л.Ковар болса, отбасы қатынасының жалпы үлгісін қалай бағалайды және оларға қатынас жасау арқылы бағаланады деп көрсетті. Отбасындағы ата – ана мен бала қарым – қатынасы білім, іскерлік дағдыны берудің жай қосындысы емес, өзара әсерлесу нәтижесінде өзара баю мен өзгерудің күрделі процесі.

Отбасылық қатынастар бойынша құрылған отбасы анықтамаларының ішінде А.Г. Харчевтің «отбасы-бұл жұбайлар арасындағы, ата-аналар мен балалар арасындағы қарым-қатынастардың жүйесі, оның мүшелері бір-бірімен некелік және туыстық қатынаспен байланысады, ортақ тұрмыс пен өзара адамгершіліктің, жауапкершіліктің, қоғам қажеттіліктеріне негізделген әлеуметтік тәуелділіктің сипаты» деген тұжырымы дәлелді. [1. 176.]

Тұлғаның жас ерекшелігіне және дамуына байланысты әр бала қарым – қатынастағы қажеттілікпен анықталады, негізінен үлкендермен қарым – қатынас жасау арқылы қанағаттандырылады. Зерттеулерден балалардың дамуының алғашқы жеті жасқа дейінгі кезеңінде қарым – қатынас өзіндік үш формасы болады. Алғашқы және генетикалық ерте жастағы баланың қоршаған ортамен тікелей эмоциялық қарым – қатынасы. Оның белгілері баланың қоршаған ортамен тікелей эмоциялық қатынасқа түсуге ынтасы. Мұндай қарым – қатынас арқылы нәресте өзіне қажетті үлкендердің мейірімі және зейінімен қанағаттанады. Бала қол қимылын меңгеріп, ойыншықтарды манипуляция жасай алғаннан кейін, ол қарым – қатынастың келесі формасы – ситуативті бірігіп әрекет жасауға ауысады. Бала мен үлкендердің біріккен іс – әрекеті эмоциялық байланыспен жалғасады. Әдістемелік құралды ұсынуда біз төмендегі ұстанымдарды мақсат еттік:

- Өзін – өзі бақылау және отбасындағы үйлесімді жақсарту;
- Өзіндік сананы көтеру;
- Отбасы табиғатының жүйесін түсіну;

- Өз отбасыларында қарым – қатынас жүйесін жақсарту;
- Бұрын түсінбеген отбасындағы болып жатқан өзгерістерді анықтауға мүмкіндік жасау;
- Отбасы мүшелерінің әрқайсысына ерекше көңіл бөлу;
- Балаларының пікірімен санасу және түсіну.

Сондықтан ата – ана – бала қатынасы болашақ ұрпақтың тұлға ретінде қалыптасуында маңызды орын алады.Отбасы қоғамдық тіршілік сферасы. Сондықтан отбасының ішкі ахуалы саяси, әлеуметтік – экономикалық және психологиялық факторларға да байланысты.

Отбасы қарым – қатынасы , оның баланың жеке басына әсері туралы әр түрлі саладағы мамандар зерттеуінен бірнеше аспектілерді анықтаған. Сол арқылы ата – ана – бала қатынасының толық бейнесін жатқызуға болады. Олар:

- Ата – ананың баламен өзара әрекеттестігі;
- Ата –ананың балаға қатынасы санадан тыс мотивациясына негізделген;
- Ата –ананың балаға қатынасы рефлекстік жағдайда қалыптасқан;

Бұл тұжырымдар мына факторлардың ықпалында болады:

- Ата –аналардың тұлғалық ерекшеліктері мен мінез – құлық факторлары.
- Ата – аналардың психологиялық компоненттілігі, білім шамасы.
- Отбасындағы эмоциялық атмосфера.
- Тәрбиенің әсер ету диапазоны.

-Отбасы өміріне баланы араластыру деңгейі.

Баланың өзекті қажеттіліктері және оларды қанағаттандыру сатысын есепке алу. Балаға отбасында үлкендердің қарым – қатынасы өте маңызды. Оған отбасының әрбір үлкен мүшесі үлгі болады.

Д.Горборино отбасын «адамзаттық тәжірибенің негізгі бірлігі» ретінде сипаттады.Зертеулерде ата-ана қатынасы индивид үшін эталон болып табылады.Жеке қасиеттердің тума берілуі сияқты, ата-аналардың серіктестік таңдауы мен қателіктері мәселелерін де бала қайталайтын болады.[2, 51 б.]

Ата – аналардың балаларға психологиялық әсері қашанда жеке дара. Жеткіншекке аяқ басқан баланың жеке басының қалыптасуындағы түбегейлі өзгерістер сана – сезімінің дамуындағы сапалық өзгеріспен анықталынады, осының арқасында бала мен ортаның арасындағы қатынастар өзгереді.Әсіресе жеткіншекке әкесі, анасы немесе отбасындағы кез келген ересек адамның қарым – қатынасы ерекше әсер етеді.

Отбасындағы қарым-қатынастың бала психологиясы дамуына әсері туралы М.И.Лисина «Онтогенездегі қарым-қатынас мәселелері» еңбегінде тоқталып өткен.Онда бала 7 жасқа келгенше басты қажеттілікті ата-анамен қарым-қатынаста меңгереді: мейірімді назар қажеттілігі; әріптестік қажеттілігі; үлкендерге құрмет қатынас қажеттілігі; өзара түсінісу және өзара уайым қажеттілігі.[1, 52 б.]

Отбасылық өмір стилі тұлғаның қалыптасуына үлкен із қалдырады. Психологтар мен педагогтар бір ауыздан Отбасылық өмір атмосферасы ұғымына отбасы мүшелерінің қарым – қатынасы, ақпарат алмастыру, қабылдау мен меңгеру, ата – анамен балалардың біріккен еңбек және эстетикалық іс – әрекетінің әртүрлі формалары сияқты факторларды енгізді. Отбасылық қарым – қатынастағы тәрбие стилінің қандай түрі болмасын баладан стимулдық пен жауапкершіліктің төмендігін, ата – ана және бала қарым – қатынасындағы өзара серіктестігінің болмауы және баламен шектен тыс жақындыққа ұмтылуды көрсетеді.

Жалпы алғанда дұрыс қалыптасқан отбасылық қарым – қатынас баланың тұлғалық – психологиялық дамуының ғана емес, оның шығармашылық қабілеттерімен іскерліктерінің дамуының қайнар көзі болып табылады. Сондықтан отбасы қарым – қатынасын ұйымдастыруда ата – аналар үшін баланы жан – жақты дамыған, саналы тұлға ретінде қалыптастырудың тиімді ережелері:

- Баланы сүйу, құрметтеу, табиғи қабілетін ескеру;
- Балаға әсер ететін құрғақ сөз емес, оның қалай айтылғаны, шын көңілден шыққандығы мәнді;
- Баламен қарым – қатынаста оның жас ерекшелігімен, шамасымен шар болуы қажет. Сонда

ғана үлкендер мен кішілер арасында қақтығыс жағымды шешіледі;

-Баланың пікірін соңына дейін тыңдау, не айтқысы келгендігін түсіну, асығыс қорытынды жасаудан алдын алу;

-Жазалауды баланың дамуына әсер етпейтіндей етіп жасау;

-Балаға үйрететінді ең бірінші ата – ананың өзі толық меңгеруі қажет.

Белгілі психолог А.Н Леонтьев «дүниеге келген нәресте адам болуды адамдармен қарым-қатынас барысында үйренеді» деген.[3, 114 б.]

Американ психологы Дж.Боулби ата – аналар мінез құлқының өзіндік патогендік ерекшеліктерін анықтап берді. Оның ойынша, балалар үшін ең ауыр жағдайлар төмендегілер:

-Ата – аналар балаларына қажетті махаббат сезімімен қанағаттандырмайды немесе оны түгелімен шеттетілуі;

-Бала ерлі зайыптылар арасындағы конфликтіні шешуші құрал болуы;

-Ата – аналар баланы сүюден бас тарту және оны отбасынан кету үшін себепші ретінде қолдануы;

-Баланы ата –аналары ашық түрде олардың барлық қатерлерінің себепшісі деп кінәлауы;

-Баланың айналасында оның уайымын түсінетін жақын адамның жоқ болуы;

А.С.Спиваковская өзінің зерттеулерінде баланың дамуы мен тәрбиесіне керісінше әсер ететін сәтсіз отбасыларды жіктеп берді:

- «Отбасы – санаторий». Қатаң қадағалау, болар болмас қауіптен шеттен тыс сақтау.

- «Отбасы – қамал». Ата – аналарда принциптілік ұстанымы өте жоғары, барлық жағдайда бала іс – әрекетті дұрыс және қателіксіз орындаулары қажет деп санайды.

- «Отбасы - үшінші артық». Мұндай отбасында ата – аналардың эмоциялық қатынасы маңызды орында.

Қарым-қатынас – баланың психикалық дамуының негізгі факторы, әрі шарты. Кеңестік психология мен педагогика қарым-қатынасқа бірнеше анықтама береді. Біреулер, қарым-қатынасты ақпарат алмасу деп түсінсе, келесі біреулер, қарым-қатынасты – адамзат дамуының құрамдас бір бөлігі деп қарастырады. «Қарым-қатынас – қаншалықты әлеуметтік құбылыс болса да, соншалықты – жеке даралық құбылыс. Сондықтан да, қарым-қатынастың ең маңызды құралы – тілде, оның жеке даралық көрінісі мен механизмі болып табылатын – сөйлеуде, әлеуметтік пен жеке даралықтың бір тұтастығына көрінеді...». Қарым-қатынас тек тіл арқылы әрекеттесу ғана емес, ол аса маңызды тәрбие құралы да болып табылады. Адамды қалыптастыратын қоршаған орта, қоғам екендігі белгілі шындық. Отбасындағы ата-ана мен бала арасындағы қарым-қатынас мәселесін В.С. Мухина мен Л.А. Венгер де ғылыми тұрғыдан зерттеді. Олар отбасында дұрыс ұйымдастырылған қарым-қатынас пен тәрбие үрдісі нәтижесінде мектеп жасына дейінгі бала өздігінен дербес түрлі әрекеттер (киім кию, жуыну, тамақтану т.б.) орындағандарымен, ата-ана тарапынан көрсетілген эмоционалды қарым-қатынасты әлі де болса ас қажет етеді. Деп тұжырымдайды. В.С. Мухинаның айтуынша адамдар арасындағы қарым-қатынастар барысында балада әр түрлі тәртіп формалары қалыптасады. Бұл жерде бала үшін ең бастысы – ата-ана тарапынан ұйымдастырылған жағымды қатынас. Ата-ана сенімі мен махаббаты балада оптимизм, жақсы, үлгілі болуға деген тілекті қалыптастырады. Бала әр уақытта өзіне жасалған эмоционалды қолдауды қажет етеді. Л.А. Венгер өз пайымдауын айтады. Баланың жан-жақты дамуына отбасының әсерін көрсете келіп, ол жердегі тәрбиелік ықпалдардың дұрыс ұйымдастырылмауы, қарым-қатынасқа қанағаттанбау, ұжымда өз орнын дұрыс сезінбеу, отбасындағы кикілжің жағдайлар, осылардың бәрі бала тәртібінде біраз қиындықтар тудырады деп қорытындыласа, ресейлік ғалым Б.Лихачев отбасы баланың жеке басына екі жақты: біріншіден, отбасының материалды жағдайын сипаттайтын өзіндік өмір сүру дәстүрі арқылы, яғни отбасы мүшелерінің материалдық және рухани қажеттіліктері мен әлеуметтік құндылықтары арқылы; екіншіден әлеуметтік және белгілі бір мақсатқа бағытталған әрекет арқылы әсер етеді. Бұл көбінесе отбасындағы негізгі көзқараспен тәрбие үрдісі қоғамның тәрбиелік мақсатына, идеологиялық, адамгершілік және эстетикалық талаптарына

қаншалықты сәйкес болуына байланысты жүзеге асырылады деп көрсетеді. Баланы дұрыс толыққанды азамат етіп тәрбиелеу үшін ынтымақтастық қарым-қатынастың керек екені белгілі. Осы қарым-қатынас түрін дамыту жолдарына баса көңіл бөлген жөн. Біздің бұл көзқарасымыз халықтық тәрбиенің басты қағидаларының ғылыми педагогикамен байланысын қарастырған С.Қалиевтің тұжырымдамасымен қабысып жатыр. Халық педагогикасында тәрбие ісі баланың жас ерекшелігін ескере жүргізуді талап ете отырып: «Ұлыңа бес жасқа дейін патшадай қара, он бес жасқа дейін қосшындай сана, он бес жастан асқан соң ақылшы досындай бағала» — делінген. Осылайша баланы еркін тәрбиелеудің, көмекшім деп үмітпен қараудың, ақылшым деп санаудың өзі ғылыми педагогиканың ынтымақтастық заңдылықтарымен байланысады.

Д.Эльконин айтуынша, бала әрқашанда 2 адам-оның өзі және ересек адам. Даму барысында бала мен ересектің сыртқы тікелей емес қарым-қатынасы баланың ішкі психологиялық процесіне және де баланың дербестік еріктік іс-әрекетіне айналады.[3, 115 б.]

Отбасындағы ата-ана мен бала арасындағы қарым-қатынас мәселелерін Л.А. Венгер баланың ойын әрекетімен байланыстыра қарайды. Ойын барысында жүргізілген қарым-қатынас бұл кезде әлеуметтік қатынастар мектебі болып табылады. Себебі ойын әрекетінде қарым-қатынас жасау арқылы бала өзгенің көңіл күйіне ортақтасып, мінез көнгіштігін түсіне бастайды. Ал, А.В. Запорожец, Я.З.Неверовичтер тек отбасы жағдайында, жағымды қатынастар негізінде ғана мектеп жасына дейінгі бала тәртібінде айналасындағы үлкендер, құрбыларына деген көнгіштік, аяушылық, өзгелердің әрекетіне баға беру сияқты эмоционалды тәжірибе қалыптасады деп көрсетеді. Кейде өмірде болашақ ата-ана бала тумай жатып, оның қандай болатыны, қалай өсетіні, немен шұғылданатыны туралы жоспар құрып қояды. Біраз уақыт өткен соң ата-анасы оның өзгеше екенін түсінеді. Ғалымдардың ойынша отбасындағы жағымды қарым-қатынас балада жауапкершілік, ынтымақтастық, бірлік сияқты сапаларға негіз болса, керісінше жағдайдағы қарым-қатынас (ұрыс-керіс, қақтығысушылық) баланың көңіл-күйіне, еңбекке қабілеттілігіне үлкен зиян келтіреді. Айналада болып жатқан құбылыстар балаларды сөзсіз қызықтырады.

#### **Әдебиеттер тізімі:**

- 1.Ф.Бизақова, Ш.Мамашбаева Отбасылық дағдарыс психологиясы оқу құралы «Фолиант баспасы» Алматы-2010.-232 бет
- 2.Тұрдалиева Ш.Т. Қарым – қатынас психологиясы. Алматы – 2013.
3. К.Жұмасова, Л. Есенова Психология . Астана: Фолиант, 2017.-400 б.
- 4.Ковалев С.В. Психология семейных отношении. М., 1987
5. Владин В.Е., Капустин Д.З. Гармония семейных отношений. А., 1991

#### **ӘӨЖ 159.9**

#### **ЖЕТКІНШЕК ЖАСТАҒЫ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ДАМУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ.**

*Мусаева Эмина Махметовна*  
musaeva.emina97@mail.com

(Қазақстан Республикасы, Шымкент қ.  
М.Сапарбаев институты.)

*Ғылыми жетекшісі: п.ғ.к. Мұнашова Ж.Б.*

Жеткіншектік кезеңдегі дамудың сыналу көріністерінің пайда болуында биологиялық және әлеуметтік жағдайлардың рөлі туралы теориялық талас жарты ғасырдан астам уақыттан

бері болып келеді. Бұл проблеманың аса маңызды педагогикалық мәні бар. Жеткіншектерге психологиялық қызмет көрсетудің тиімді жолдарын В.Г. Гильбух, И.В. Дубровина, З.А. Малькова, А.С. Овчинников, М.Р. Битянова, Л.И. Прихожан, Р.С. Немов, Е.И. Рогов, Р. Римский т.б. ғалымдар өз еңбектерінде көрсеткен.[1, 189 б.]

Жеткіншек сатысы баланың мектептің бастауыш сыныптарында оқу кезеңімен сәйкес келеді. Сондықтан өмірдің осы бөлігіндегі бала дамуының ерекшеліктері мен заңдылықтарын сипаттау кезінде біз оны «жеткіншек» деп атайтын боламыз. Жеткіншек кезеңнің басталуына неғұрлым тән ерекшелік, В.В. Давыдовтың пікірінше, мектепке дейінгі жастағы баланың мектеп оқушысына айналуы болып табылады. Мектепке дейінгі және мектептегі балалық шақтың қасиеттері баланың мінез-құлқы мен санасында күрделі және қарама-қайшы үйлесімдер үйретінде қатарласып жүреді. Кез келген өтпелі жағдай сияқты, 7 жас дағдарысы уақытылы байқап, қолдау көрсету маңызды болатын дамудың жасырын мүмкіндіктеріне бай..[2, 295 б.]

Жеткіншек өтпелі кезеңнің ең басты процесінің бірі — жеткіншектің өз ата-аналарымен, мұғалімдерімен және жалпы үлкендермен, құрбыларымен, барлық жағдайы бойынша өзіне тең немесе тең еместермен қарым-қатынасында қайта бейімделу байқалады. Бұл қайта бейімделу жағдайы бірте-бірте болуы мүмкін немесе аяқ астынан мінез көрсетеді. Жеткіншек үшін үлкендер мен өз қатарластары мәртебесінің деңгейі бірдей болмайтындығынан қайта бейімделу процесі әртүрлі көрініс береді.

Өз құрбыларымен қарым-қатынаста болуға деген қажеттіліктің орнын ата-аналары толтыра алмайды, ол баланың бойында 4-5 жасында басталады да, жасы өскен сайын дамиды. Құрбы-құрдастарымен қарым-қатынастың болмауы мектеп жасына дейінгі балалардың жеке тұлғалық коммуникативті мүмкіншіліктері мен ақыл ойының дамуының кешеуілдеуіне айтарлықтай әсерін тигізеді. Жеткіншектердің мінез-құлықтары мен іс-әрекеттері өз мәні жағынан ұжымдық-топтық болып табылады.

Л.С. Выготский бірінші болып жасөспірімдік кезеңнің орталық құрылымы ретінде өзіндік сананың пайда болуын көрсеткен. Л.И. Божович те сондай-ақ жасөспірімдік шақ дағдарысының осы кезеңде жасөспірімдерде өздерін басқа адамдардан өзгеше, дәл оған ғана тән қасиеттерге ие болатын тұлға ретінде танып білуге қабілеттілік пен қажеттіліктің пайда болуы оның айрықшалықты белгісі болып табылатын өзіндік сананың жаңа деңгейінің пайда болуымен байланысты деп пайымдаған.[3, 105 б.]

Жеткіншектерді өмір ортасының қарама-қайшылықтары қызықтырады, бұл жастағылардың қажеттілігі — өздерінің айналадағы адамдарға деген қарым-қатынасын, әлемдегі өзінің орнын табу. Ал бұл қажеттілік басқа адамдармен қарым-қатынастары қанағаттандырады. Бұл қажеттілікті қанағаттандыруда әдебиет пен өнердің атқаратын рөлі ерекше. Әдебиет жасөспірімнің аддына адамзаттық қарым-қатынастардың, мінез-құлықтардың, сезімдердің аса бай да күрделі мәнін ашып береді: ол әрбір кейіпкерден өзін көретін болады, өзінің сезімдері мен құмарлық-құштарлықтарының дұрыстығына жауап іздейді. Ал музыка — адамның сезімдерінің әміршісі. Оның тілі толқу үстіндегі адамға түсінікті. Сондықтан да жеткіншектердің тындайтын музыкасына қатты көңіл бөлу керек.

Жеткіншек кезең қиын әрі сыналатын кезең деп саналады. Бұлай бағалау, біріншіден, осы уақытта болатын көптеген сапалық өзгерістерге байланысты, бұл өзгерістер кейде баланың бұрынғы ерекшеліктерін, мүдделері мен қарым-қатынастарын түбірімен өзгертетін сипатта болады, мұның өзі біршама қысқа мерзімде болуы мүмкін, көбінесе күтпеген жерден болады да, даму процесі секірмелі, қауырт сипат алады.[4, 296 б.]

Жеткіншек жасындағыларды тиісті әдебиеттерде «Қиын», «өзгерілу», «ауысу жастары» деп атайды. Соңғы жағдайда «ауысу жасында» жеткіншек балалық кезеңдерден ересек жасына ауысады. Жасөспірім өзге жастарға қарағанда педагогтар пен тиісті әдебиеттерге көп әңгіме болып, жиі көтеріледі. Себебі бұл кезеңде оның психикалық даму ерекшелігі жас баламен ересектерге қарағанда әлде қайда өзгеше болады. Бұл кезеңге тән тағы бір ерекшелік жасөспірім барлық нәрсені өз бетімен орындап, үлкен адамдардың қамқорлығымен ақыл кеңесінен құтылғысы келеді. Жеткіншек ересектен айырмашылығы тек үлкен адамдармен

қатынасының өзгеше келетініндей емес, сонымен қатар биологиялық дамуы (жыныс т.б жетілуі) жағынан кеңінен өріс алатынында. Ал жалпы алғанда жасөспірім тың өзгеше сипатта келеді. Мысалы, жеткіншек төменгі кластарда оқып жүргенде үйге берілген тапсырманы тек жаттап алатын болса, жеткіншек жасында үй тапсырмасын өз сөзімен түсінікті етіп айтуға талпынады. Кейбір жасөспірім жастағылар осы кезеңде бұрынғы қалыпынан үлкен адамдармен қарым-қатынаста болғанда мейірімді, сыпайы келсе енді өрескел түрде, яғни тәртіп бұзуға икем келеді. Осы мәселені анықтаудан зерттеушілер арасында талас бар. Дегенмен психиканың бұл ерекшелігі жасөспірімде әлеумет өмірінің өзінің ерекшелігінен болар. Жеткіншек бәрін өзім істей алам, «Сендер мені әлі бала деп ойлайсыңдар» деп наразылық білдірседе оның қолынан әлі де көп нәрселер келе бермейді. Ересектерге ұқсап іске ұмтылғанымен, сол істі орындаудағы мүмкіншілігі кіші мектеп жасындағылардай басқаша айтқанда, бір жеткіншек істі игеру жағынан бала да, ал талап қою жағынан ересек.

Жеткіншек осы сияқты қасиеті қазірде және өткен дәуірлердің жасөспірімдерінде де бірдей тән. Мұнымен қатар бүгінгі заман жасөспірімдері үлкен адамдардың талабына көне кетпейді. Себебі, біріншіден қазіргі кезде оқушылардың көпшілігінің соның ішінде жасөспірім жасындағылардың көбінесе оқудан айналысатын басқа тапсырмасы жоқ.

Біз ілгеріде өткен дәуірлерде бала кіші жасынан материалдық игіліктерді өндіруге (мал бағуға, от не пішен шабуға) жегілетінін ескердік. Қазір де бұл сияқты міндеттердің көпшілігі үй – ішінде кездесіп жарымайды. Керісінше ата-аналар жасөспірім оқу тапсырмасын орындай алмайды деп, үй шаруасынан босатады. Ал жасөспірім бала кезінен ересек кезеңіне ауысуы психологиялық тұрғыдан жаңа сапа, бірақ осыдан ауысудың себебі сол болып келген психикалық дамудың салдарыан: егер үлкендер жасөспірімді бала деп еесптесе, керісінше олар өзін есейдік деп санайды. Бұл екі арадағы дәл келмеушілік қайткенде де жеткіншектің дамуына әсер ете алады. Жеткіншектің өз беттілік қасиетке ұмтылып, үлкендердің қамқорлығына босануға тырысуы баланың бәрінде кездесетін болғаны мен бір қатары күні-түні фантастикалық әдебиеттерді оқып, солардың кейіпкерлеріне еліктейді. Сабақтан тыс мезгілде жасөспірім радиотехника электротехникамен танысып едәуір білім алады. Мұнымен қатар бұл жастағылар бойынан әлі де балалық кездесіп тұрады. (мысалы: ұлдар қыздардың шашын тартып мазалауыт.б) бірақ сол жеткіншек таныс емес үлкен адамдардың алдында өзін мәдениетті түрде ұстауға тырысады.

Жеткіншектің жеке басының дамуының аса маңызды факторы – оның өзінің ауқымды әлеуметтік белсенділігі; ол белгілі-бір үлгілер мен игіліктерді игеруге, үлкендермен және жолдастарымен, ақырында өзіне қанағаттанарлық қарым-қатынас орнатуға (өзінің жеке басы мен өзінің болашағын, ниетін, мақсаты мен міндетін жүзеге асыру әрекеттерінің жолбалануы) бағытталады. Алайда, жаңаның қалыптасу процесі біраз уақытқа созылады, бұл көптеген жағдайларға байланысты болады және осы себепті бүкіл майданда әрқелкі болуы мүмкін. Мұның өзі бір жағынан жеткіншекке «балалық пен ересектіктің» қатар болуымен, ал екінші жағынан, сол бір ғана паспорттық жастағы жеткіншектерде ересектіктің түрлі жақтырының даму дәрежесіндегі елеулі айырмашылықтары болуымен анықталады. Бұл қазіргі мектеп оқушыларының өміріндегі жағдайларда екі түрлі жай сәттерінің болуымен байланысты. Олар: 1) ересектік дамуын тежейтін жағдайлар: балалардың көбінде тұрақты және байыпты міндеттер болмай, тек оқумен ғана шұғылдануы, көптеген ата-аналардың балаларды тұрсымтағы еңбектен, қиыншылықтар мен қынжылыстардан қорғашпауға, түгелдей қамқорлыққа алуға тырысуы. 2) Ересектендіретін жағдайлар: мазмұны жөнінен сан алуан информацияның орасан зор тасқыны, көптген ата-анлардың бос уақытының аздығы, осының мүмкін салдары ретінде балалардың дербестікке ерте жетуі, жолдастарымен қарым-қатынастың жедел дамуы, дене күші дамуы мен жыныстық толысудың акселерациясы.

Осының бәрі ересектіктің дамуын анықтайтын алуан түрлі жағдайлар жасайды, осыдан келіп оның белгілі бір жақтары дамуының алуан түрлі көріністері мен елеулі айырмашылықтары келіп шығады. Мәселен, VII сыныпта бет пішіні мен мүдделері әлі балаға ұқсас ер балалар да бар, сонымен қатар ересектер өмірінің қайсыбір жағына ортақтасқан өте ересек балалар да

бар, өздігінен білім алып жүрген интеллектуалдар да бар, бірақ сонымен қатар оқу материалының өзін өздігінен игере білетін жеткіншектер де бар, болашаққа деген жоспары айқын емес, мектеп оқушылары бар, ал болашақ мамандығына саналы түрде дайындала бастағандар да бар, кейбір қыз балалардың бар ойлағаны сән қуу мен ер балалар ғана, басқалары бұған онша мән бермейді, кейбір балалар үйінде нағыз қолғанат – жәрдемші болса, енді біреулері әбден ерке болып кеткен, тіпті тұрмыстағы қарапайым жұмыстарға ебі жоқ. [2, 295 б.]

Жеткіншектердің ересектігінің дамуындағы жалпы бағыт әртүрлі және әрбір бағыттың көптеген нұсқаулар болуы мүмкін. Мысалы қайсы бір интеллектуал үшін өмірде ең бастысы кітап пен білім болады, қалғанының бәрін ол әлі «нәресте» дегенді бір нағыз интеллектуал үйде электроника туралы мақалаларды оқып, радиотехникамен әуестенсе де, сабақта түк бігірмейді, модадан қалып қоймаумен төтенше шұғылданады, өмірдің мәнінен бастап ең шебер шашпараз туралы барлық мәселелер жөнінде әңгімелесуге болатын ересек жасөспірімдермен сөйлескенді бәрінен артық көреді, үшінші бір интеллектуалды ересектіктің сыртқы көріністері онша қызықтырмайды, бірақ ол шешемінің сүйеніші, өзін ерлік қасиеттерге тәрбиелейді, ал қыздарға келгенде, осы қыздардың пікірінше өзін бала сықылды ұстайды, галстуктарын тартқылап, шаштарын ұйпалап кетеді. Бір өлшем ұқсас осы нұсқаулар ересектіктің дамуы әрқилы болады да, бұл орайда мазмұны әртүрлі өмірлік игіліктер қалыптасады, біреу үшін маңыздының енді біреуге құны жоқ. Жеткіншектік кезеңнің маңыздылығы адамның жеке басының моральдық және әлеуметтік негіздері жасөспірімдік шақта олардың қалыптасуы жалғасады. [4, 296 б.]

Жеткіншектік кезең қиын әрі сыналатын кезең деп саналады. Бұлай бағалау, біріншіден, осы уақытта болатын көптеген сапалық өзгерістерге байланысты, бұл өзгерістер кейде баланың бұрынғы ерекшеліктерін, мүдделері мен қарым-қатынастарын түбірімен өзгертетін сипатта болады, мұның өзі біршама қысқа мерзімде болуы мүмкін, көбінесе күтпеген жерден болады да, даму процесі секірмелі, қауырт сипат алады. Екіншіден, болып жатқан өзгерістер екінші бірінде бір жағынна жеткіншектің өзінде, әртүрлі елеулі субъективтік қиыншылықтардың болуымен қабаттасады, оны тәрбиелеудегі қиыншылықтармен ұштасады, жеткіншек ересектерді ықпалына көне қоймайды, онда тіп алмаудың, қарсылық пен наразылықтың әр түрлі формалары шығады (қиқарлық, дөрекілік, қарсылық, тентектік, бүкпелік, тұйықтық).

Жеткіншектік кезеңдегі дамудың сыналу көріністерінің пайда болуында биологиялық және әлеуметтік жағдайлардың рөлі туралы теориялық талас жарты ғасырдан астам уақыттан бері болып келеді. Бұл проблеманың аса маңызды педагогикалық мәні бар.

Шығыстың ғұламасы Әл-Фараби: «Жас жеткіншектеріңізді көрсетіңіз, мен сіздің болашақтарыңызды айтып берейін» деген. Қазіргі кезеңде қазақ халықының өмірінде бұрын соңды болмаған оқуға, еңбекке, қоғамдық өмірге ықыласы жоқ балалар саны күннен күнге артуда. [5, 95 б.] Бұлар дөрекі әдепсіз барлық жарамсыз әдеттерге еліктеуге бейім келеді. Баланың мінезін жалпы деңгейін ынтасын жақсы білу үшін, оның дамуына адамгершілік қасиеттерінің қалыптасуына не нәрсе қажет екендігін әрбір әке, әрбір ана білуге міндетті.

Баланың жас ерекшелігі, әр жасқа тән болатын дағдарыстардың себептері туралы түсіндіріп, олардан баланы қиындықсыз алып шығуға көмек көрсетуге ата-анаға көмекке келетін – мұғалім. Өйткені мектеп жасындағы баланың көбіне көп негізгі әрекеті – оқу. Оқу барысында ол білімге, қарым-қатынасқа, имандылық адамгершілікке үйренеді. Жеткіншектермен жұмыстағы негізгі педагогикалық идея: іс-әрекет түрлеріндегі жетістікке жағдай жасау, бұл сынып ұжымы алдында өзін-өзі сенімді ұстауына мүмкіндік береді; құндылықтарын қалыптастыру; мінез-құлқы мен рухани дамуына қарым-қатынастарын ұлғайтады. Сонда мұғалімнің жеке бас үлгісі, сөзі мен ісінің сәйкестілігі, талапшылдығы отбасында баға жетпес құралына айналады. Бала тәрбиесі болашақ кепілі, отбасы мен мұғалімдер қауымының абыройлы ісі. Тәрбиенің нәтижелігі терең тамырлы тәрбиені бойына дарытқан ортада болмақ. Ол ата-аналар өз міндетін жеке түсінгенде, мұғалімдермен ынтымақтастықта болған жағдайда алға басады.

Сондай-ақ жеткіншек жасындағылардың өзіндік бағалауының дұрыс қалыптасуына

психологтің әсері зор.Өзіндік бағалау оқушының өзінің жеке бас ерекшеліктерін білуде, тұлғасының дұрыс дамуында адекватты болғаны өте маңызды.Баланың өзіндік бағалауы, оның өзіне қатынасын және өзін қабылдауын, көбінесе оның мінез-құлқы мен үлгерімін анықтайды.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Жұбаназарова Н.С. Жас ерекшелік психологиясы оқу құралы Алматы:Қазақ университеті 2012.-286 б
2. К.Жұмасова, Л. Есенова Психология . Астана: Фолиант, 2017.-400 б.
- 3.Возрастная и педагогическая психология //Под. ред. А.В. Петровского. – М., 1986.
- 4.Грейс Крайг. Психология развития. – СПб., 2000ж
- 5.Жас ерекшелік психологиясы, М.М. Муханов, Алматы 1981ж , 93-95 беттер

**ӘОЖ 616.89-008.441.44**

### **БІЛІМ БЕРУ ҮРДСІНДЕГІ СУБЪЕКТІЛЕРДІҢ ЭМОЦИОНАЛДЫҚ КҮЙІНУІНІҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

**Әмірхан Меруерт**

(Қазақстан Республикасы, Шымкент қ.  
М.Сапарбаев институты.)  
Ғылыми жетекшісі:Жанибекова Г.О.

Қазіргі кезде, өте жылдамөтіп жатқан айнала қоршаған ортаның әртүрлі жағдайларына адамзат баласының бейімделуі қиынға соғып отыр, әрі адамзат бейімделе отырып эмоциялық тұрақтылықты сақтаудың қажеттілігі туындауда. Адамзат организмі өз бойындағы күш-қуатын қайта қалпына келтіруге үлгермеушілік сезілуде. Әрине, осындай жағдайлар жүйке жүйесінің әлсіреуі мен қажуына және эмоционалды күйіну процесінеалып келеді. Басқа адамға және мамандығына берілгендік өзінің барлық физикалық, рухани және адамгершілік күш қуатын арнау салдарынан адамдар «күйінуге» ұшырайды.

XX ғасырдың 70-жылдарынан бастап, американдық психиатр Н.Ж. Freudenberger өз мақаласында күйіну жайлы мәселе қозғады. Осы ғалымның арқасында шетел психологтары күйіну жайлы көптеген ғылыми ізденістер жасады.

Н.Ж. Freudenberger бұл феноменді «burnout» (күйіну) терминімен атады. Ағылшын тілді психологиялық әдебиеттерде «burnout» терминін психиатриялық термин «burnout» пен айырмашылықтарын айта кеткен жөн. Соңғысы шизофрения құбылысымен байланысты айтылады.

Психологиялық-педагогикалық әдебиеттерде күйіну жайлы мәселені зерттеудің алғашқы кезеңі «ізденіс» фазасы болды. (АҚШ XX ғасыр 70жылдары).

Психологтардың алдына қойған мақсаты болып «жеке тұлға күйінуі» мағынасының табиғатын зерттеу болып табылды.

Күйіну феноменінің бұлфазасын 2 бағытта –психиатриялық және әлеуметтік психологиялық бағытта зерттеді.

Уақыт өте келе, «күйіну» терминін «адам-адам» бағытындағы барлық мамандар да қолдана бастады. Ондағы мамандар іс-әрекетінің субъектісі болып түрлі адамдар және олардың мәселелері мен қиындықтары болды. Осыдан күйіну тек қана әлеуметтік мамандарда ғана кең аумақта зерттелінбей, оған қоса, кеңсе қызметкерлерінде де, басшыларда да қолдана бастады. Сонымен қатар, диагностиканың объектісі ретінде «әлеуметтік емес мамандықтар» да қарастырылды (программистер, операторлар, ұшқыштар



т.б.).

Schwab, R.L. Schuler R.S. , С. Maslach , Schwab, R.L. Schuler R.S , Byrne B.M. алты мыңға жуық әртүрлі кітаптар, мақалалар жарияласа да, күйіну синдромын зерттеу қазіргі кезде де бұрынғы кездегідей өте өзекті мәселе болып отыр.

Санкт-Петербургтегі психологиялық мектептің өкілі М.М. Скугаревская бұл терминді ағылшын тіліндегі «burnout» сөзінен аударғанда «күйіну» деген мағына беретіндігін айтты. Сонымен бірге «burnout» деген сөз «жану» деген мағынаны беретіндігін анықтап, бұл екеуі бір-біріне синоним сөздер еместігін айтады.

«Жанып кеткен»-сыртқы қабығын сақтайтын, бірақ, мағынасын жоғалтатын құбылыс. «Өртенген, күлге айналған, жоғалған» деген мағынаны береді. Осыдан кейін «тұлғаның деформациялық синдромы» терминін қолдануға тура келеді. Себебі ол «күйіп кету» мен «жануды» біріктіреді.

Ресейлік психологтар Н.Е.Водопьянова мен Е.С. Старченкова күйінуге былайша анықтама береді: «психологиялық күйіну синдромы –көп қырлы құрастырғыш, жағымсыз психологиялық уайым мен дезадаптивті мінез-құлық пен қарым-қатынаста интенсивті стрессті өзіне қосады. «Эмоционалды күйіну синдромы» іскерлік қарым-қатынас субъектілерімен және өзінің жұмысына деген мақсатта жағымсыз эмоционалды мазасызданудың ұстамды симптомдарының жиынтығы.

Ярославльдік психологиялық мектептер «burnout» терминін –«психикалық күйіну» деп атау қажеттігін таратты. А.А. Рукавишников күйіну-бұл психопатологиямен ауырмайтын және дисфункционалды жағдайда және мінез-құлықта мамандыққа деген мотивациясының төмендігінен көрінетін психологиялық құбылыс деп түсіндіріп береді.

Басқа да кейбір психологиялық зерттеулерде күйіну феноменін әлеуметтік ситуацияларда тұлға аралық қарым-қатынастың бұзылуында, ішкі байлықтың жоқтығын сезінуде, өз іс-әрекетіне деген қызығушылықты тұлғалық жоғалтуды сипаттайтын дезадаптациялық құбылыс. Г.С. Никифорова оны энергетикалық және психологиялық қорларды үнемдеп жіберетін және көбейтетін функционалды стереотип деп атайды.

О.В. Бойко «психикалық күйіну феномені» терминін қолданды. Оның мағынасын «тұлғаға мамандықтың жағымсыз әсерінің пайда болуы» деп түсіндіреді.

Психологиялық мектеп өкілдері (В.В. Бойко, Вид В. Д., Лозинская Е. И., Постнов В.В.) күйінуді жалпы бейімделу синдромы және стресс теориясының өзіндік көзқарасымен түсіндіреді. Оны Г.Селье бойынша –жұқару деп аталатын үшінші фазалы симптомның пайда болуымен біріктіреді.

В.В. Бойко күйіну синдромын –психологиялық қорғаныс механизмінің тұлғада өңделуі деп атайды.

О.Н. Рыбников күйіну жағдайын стрестің негізгі формасымен теңестіреді. Ол қызметкерлерде болатын кәсіби стресстің жайылған формасын –«психикалық күйіну синдромы» деп атайды.

Қазіргі уақытта күйіну мәселесін зерттеумен айналысатын ғалымдар «burnout» терминінің түрлі аудармасын қолданып жүр. Оны 1 таблицадан көруге болады.

Таблица 1. Көптеген зерттеушілердің жұмысындағы «burnout» терминінің аудармасы

<b>«burnout» аудармасы</b>	<b>Зерттеушілер</b>
Психикалық күйіну синдромы	Рыбников О.Н.
Эмоционалды күйіну синдромы	Водопьянова Н.Е., Старченкова Е.С.
Тұлғалық (кәсіби) деформация синдромы	Слабинский В.Ю., Подсадный С.А., Абрамова Г.С., Юдчиц Ю.А.
Эмоционалды жану	Демина Л.Д., Ральникова И.А., Постнов В.В.
Эмоционалды жану синдромы	Бойко В.В., Аминов Н.А., Форманюк Т.В., Яценко Т.С.
Эмоционалды күйіп кету синдромы	Вид В.Д., Лозинская Е.И.
Психикалық күйіну феномені	Вайнштейн Л.А.
Эмоционалды күйіну синдромы	Макарова Г.А.

Ғылыми зерттеулерде, күйіну феноменінің түсінігін зерттеуге арналған үш негізгі тәсілді айыруға болады:

- а) жекелік
- ә) тұлға аралық
- б) ұйымдастырушылық

Г.Сельенің теориясы бойынша стресс пен күйінудің айырмашылығы олардың таралу деңгейінде байланыстылығын көрсетеді.

В.В. Бойко күйінуді психологиялық қорғаныс ретінде стресстің қалыптасу механизміне байланысты кезең-кезеңмен пайда болатын динамикалық процесс ретінде түсіндіреді.

Қазіргі уақытта психологиялық әдебиеттерде эмоционалдық күйінудің бірнеше негізгі модельдері бар.

Бұл модельдердің біреуі бір факторлы деп аталады. Оның негізін салушылар А. Пайнс и Аронсон болды. Мұның негізгі себебіне таусылуды жатқызамыз, ал қалған аспектілер мінез-құлық дисгармониясы мен уайымдауды оның салдарына жатқызамыз. Сонымен қатар, бұл моделде күйіну тек әлеуметтік бағыттағы мамандарға ғана бейім еместігін көрсетеді.

Эмоционалды күйінудің симптомдарына маман іс-әрекетінің келесі әрекеттері мен формалары жатқызылады:

- жұмыстың уақыт өткен сайын қиындай түсетіндігі, ал оны орындау одан да бетер ауырлай түсетіндігі сезімі;
- қызметкер өзінің жұмыс күні режимін елеулі өзгертеді (жұмысқа ерте келеді және кеш қайтады не болмаса керісінше жұмысқа кеш келіп ерте қайтады);
- шынайы қажеттілікке тәуелсіз түрде жұмыскер жұмысты үйіне тұрақты алып келеді, дегенмен оны үйде жасамайды;
- жетекші өзін басқаларға ұғындыру үшін әр алуан себептерді тұжырымдай отырып шешім қабылдаудан бас тартады;
- пайдасыздық сезімі, жақсаруға сенімсіздік, жұмысқа қатынасы бойынша энтузиазмның төмендеуі, нәтижелерге немқұрайдылық;
- маңызды, басым міндеттерді орындамау және автоматты және қарапайым іс-әрекеттерді аз саналылыққа немесе саналы түрде емес орындауға жұмыс уақытының көлемді бөлігін жұмсаудың қызметтік талаптарға сәйкес келмейтін ұсақ детальдарында «бөгелу»;
- қызметкерлер мен клиенттерден қашық болу, адекватты емес сыншылдықты жоғарылату;
- алкогольді теріс мақсатта қолдану, бір күнде тартылған сигареттердің көлемінің артуы, наркотикалық құралдарды қолдану.

Күйіну өте инфекциялы және жұмыстағы әріптестер мен қызметкерлер арасында өте шапшаң таралуы мүмкін. Күйінуге ұшырағандар жағымсыз және пессимист бола түседі; жұмыста дәл осындай күйзеліс ықпалындағы басқа адамдармен өзара әрекеттесе отырып олар «күйіну» мамандардың тұтас тобына жылдам айнала алады. Осы жағдайдың орын алуының көлемді ықтималдылығы күйзелістің жоғары деңгейіндегі ұйымдарға тән.

Ал, В.В. Бойко өзінің ғылыми еңбектерінде кәсіби қызметтегі жағымсыз кезеңдерді терең бастан кешіруге бейімдік, эмоционалды салқындыққа бейімдік пен кәсіби қызметке эмоционалды берілудегі әлсіз мотивация сияқты тұлғалық ерекшеліктерді көрсетеді.

Эмоционалды күйіну симптоматикасының пайда болу және дамуының белгілі заңдылықтары бар. Кәсіби іс-әрекетпен қатар жүретін жағымсыз эмоциялардың ұзақ мерзімдік жинақталуы мен олардың сәйкес емес үлгіде қысымға ұшырауы адамның эмоционалды энергетикалық және тұлғалық ресурстарының тозуы үдерісін қалыптастыра бастайды.

Қазіргі уақытта барлық зерттеулердің нәтижелері «адам-адам» кәсібінің өкілдері эмоционалды күйіну симптомдарының ықпалына ұшырағандығын көрсетеді, олардың айрықша белгілері шамадан тыс шаршау, өмірлік идеалдарды жоғалту, жұмысына деген немқұрайдылық, эмоционалды, дене және психикалық қажу, агрессияның көріністері болып

табылады . Қазіргі психологтар эмоционалды күйіну синдромдарын психосоматикалық сезімдермен байланыстырып, оны ауру алдындағы ахуалға жатқызады.

Эмоционалды күйіну синдромы – бұл динамикалық үдеріс және кезеңдік түрде, күйзеліс дамуының механизмдерімен толық сәйкестікте туындайтын үдеріс, мұнда күйзелістің барлық үш фазасы көзге ұрып тұрады: жүйке жүктелуі, қарсыласу және қажу.

Эмоционалды күйіну синдромы бойынша мақалалар мен жұмыстардың авторы ол жөнінде әртүрлі пікір айтатындығын атап өту қажет. Бір жағдайда оқытушылардың кәсіби қызметіне жағымсыз ықпал ететін кәсіби деформация ретінде қарастырса, ал кейбірінде психиканы реттестіруге және кәсіби қызмет барысында оған жағымсыз эмоционалды ықпалдастықтардан қорғауға мүмкіндік беретін психологиялық қорғаныс механизмі ретінде қарастырады.

Эмоционалды күйіну оқытушының дербес психологиялық ерекшеліктері мен эмоционалды сипаттағы кәсіби іс-әрекеттің арнайы ерекшеліктерінен тұратын жиынтықтармен, факторлармен байланыстырылады. Эмоционалды күйінудің дамуына ықпал көрсететін барлық факторларға шолу жүргізе отырып, біз бұл факторды қарастырған көптеген зерттеулер осы феноменнің туындауындағы ең басты нәрсе не болып табылатындығы жөніндегі сұраққа жауап бермегендігі жөніндегі тұжырымға келдік. Оның негізгі себебі қандай – тұлғалық қасиеттер немесе іс-әрекет сипаттамалары, клиенттермен өзара әрекеттестік ерекшеліктері немесе жұмыс ортасы факторлары ма? Бұл проблеманы шешу бәрінен бұрын эмоционалды күйіну синдромының алдын алу бойынша іс-шараларды жасау үшін қажет.

Мұндай проблеманың шешімі алдын алу шараларын жүргізу болып табылады. Сондықтан, біздің көзқарасымызша осы құбылыстың жағымсыз салдарларын түзетуге табанды ұмтылу қажет.

#### **Әдебиеттер:**

1. *Бойко, В. В.* Энергия эмоций в общении: взгляд на себя и на других / В.В.Бойко. – М.:Филинь, 1996. – 472 с.
2. *Василюк, Ф.Е.* Психология переживания / Ф.Е.Василюк.- М.: Издательство Московского университета, 1984. — 200 с.
3. *Левитан, К.М.* Педагогическая деонтология / К.М.Левитан. – Екатеринбург: Изд.«Деловая книга», 1999. – 272 с.
4. *Мардахаев, Л.В.* Социальная педагогика: Учебник / Л.В.Мардахаев. – М.: Гардарики, 2005. – 269 с.

**УДК69:004.9**

### **ЦИФРОВЫЕ ТЕХНОЛОГИИ В СТРОИТЕЛЬСТВЕ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН**

**Курманиязова Нургуль Жумагалиевна**

[nurgul\\_2303@mail.ru](mailto:nurgul_2303@mail.ru)

старший преподаватель кафедры «Строительство и строительные материалы»

ЗКАТУ имени Жангир хана

Уральск, Казахстан

Цифровые технологии невероятным образом меняют нашу жизнь – вчерашняя идея за короткий срок становится новым стандартом, ориентиром для очередного рывка в той или иной отрасли. Одной из таких отраслей стало строительство, и цифровые технологии получили название BIM.

## Мировой опыт



### ФИНЛЯДИЯ

Первое применение информационного моделирования в 1990-х годах. Требование использования BIM в государственных проектах с 2007 года.



### ВЕЛИКОБРИТАНИЯ

Лидер в стандартизации и мировом продвижении идеологии BIM. Обязательное использование BIM с 2016 года в проектах с бюджетным финансированием.



### НОРВЕГИЯ

С 2010 года законодательное требование применения BIM в гос. проектах. С 2015 года в Норвегии BIM-модель стала приниматься судебными органами в качестве документа при рассмотрении споров.



### США

Полноценное комплексное внедрение BIM-технологий в США началось в 2000 годах. В отношении применения BIM программы, нормы и соответственно их требования не являются общегосударственными, осуществляется подход «снизу-вверх», делается ориентир на самих участников, где государство один из участников.



### ДАНИЯ

